**«Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**

**Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес қаржылық есептілік және тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі**

**2020 жылғы 31 желтоқсан**
**(орыс тілінен аударылған)**

**Мазмұны**

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржы жағдайы туралы есеп ............ 1
Пайда немесе шығындар және өзге жиынтық табыс туралы есеп ............ 2
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп ............ 3
Ақшалай қаражатының қозғалысы туралы есеп ............ 4

Қаржылық есептілікке ескертулер

1 Кіріспе ............ 5
2 Қор қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта ............ 5
3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша баяндалуы ............ 7
4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар ............ 22
5 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерге көшу. ............ 27
6 Жаңа есеп ережелері ............ 28
7 Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары ............ 30
8 Қаржы мекемелеріндегі қаражат ............ 33
9 Борыштық құнды қағаздарға инвестициялар ............ 41
10 Негізгі құралдар ............ 45
11 Өзге активтер ............ 46
12 Қарыз қаражаты ............ 48
13 Шығарылған борыштық құнды қағаздар ............ 48
14 Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер ............ 49
15 Келешек кезең табыстары мен міндетті несиелік сипаттағы резерв ............ 49
16 Өзге міндеттемелер ............ 50
17 Акционерлік капитал ............ 50
18 Пайыздық табыстар мен шығындар ............ 51
19 Таза комиссиялық табыстар ............ 51
20 Қаржылық туынды құралдарымен орындалатын операциялардың шығыстарын есепке алмағандағы табыстар ............ 52
21 Амортизацияланған құны бойынша бағаланған қаржы активтерін тануды тоқтатудан болған шығындарды есепке алмағандағы табыстар ............ 52
22 Қаржылық құралдарды нарықтағыдан төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы мойындау кезінде туындайтын таза шығын ............ 52
23 Жалпы және әкімшілік шығындар ............ 53
24 Пайдаға салынатын салық ............ 53
25 Қаржы қызметінің нәтижесінде туындайтын міндеттемелерді салыстырып тексеру ............ 56
26 Сегменттік талдау ............ 56
27 Қаржы тәуекелдерін басқару ............ 61
28 Шартты және келісімді міндеттемелер ............ 77
29 Әділ құн туралы ақпаратты ашу ............ 81
30 Бағалау санаттары бойынша қаржы құралдарын беру ............ 83
31 Байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар ............ 86
32 Есептілік мерзімі аяқталғаннан кейінгі жағдайлар ............ 88

pwc

# Тәуелсіз аудитордың аудторлық есебі

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Акционері мен Директорлар Кеңесіне

## Пікір

Біздің пікірімізше, көрсетілген қаржылық есептілік «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қор») 2020 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелері мен белгіленген күнде аяқталған бір жылдағы ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептіліктің стандартына (ХҚЕС) сәйкес барлық елеулі қатынастарында шынайы көрсетеді.

### Аудит мәні

Біз Қордың қаржылық есептілігінің аудитін орындадық. Қаржылық есептілік келесіні қамтиды:

- 2020 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы жағдайы туралы есеп;
- айтылған жылда аяқталған жылдық пайда немесе шығындар және өзге жиынтық табыс туралы есеп;
- айтылған жылда аяқталған капиталдағы өзгерістер туралы есеп;
- айтылған жылда аяқталған ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп;
- есеп саясатының негізгі ережелері мен өзге де түсініктеме ақпараттан құралған қаржылық есептілік ескертулер.

## Пікір білдірудің негізі

Біз аудитті халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сай жүргіздік. Біздің жауапкершілігіміз осы стандарттарға сәйкес әрі қарай осы біздің есептің «Аудитордың қаржылық есептілікнің аудитіне жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген.

Біз алған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және лайықты деп есептейміз.

### Тәуелсіздік

Біз халықаралық бухгалтерлер этика стандарттар кеңесінің (ХБЭСК кодексі) кәсіби бухгалтерлер этика Кодексіне сәйкес Қорға қатысты тәуелсіз болып табыламыз. Біз ХБЭСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

*«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС*
*Әл-Фараби даң., 34, гимарат А, 4 қабат, Алматы, Қазақстан, A25D5F6*
*Т: +7 (727) 330 32 00, Ф: +7 (727) 244 68 68, www.pwc.kz*

*© 2021 PwC. Барлық құқықтар сақталған. PwC-дің рұқсатынсыз әрі қарай таратуа тыйым салынады. «PwC» дегеніміз - ПрайсуотерхаусКуперс Интернешнл Лимитед (PwCIL) мүшелерінің, немесе мағынасына сәйкес PwC желісінің жеке мүше фирмаларының желісі. Әр компания жеке заңды тұлға болып табылады және PwCIL немесе басқа мүше компанияның агенті ретінде әрекет етпейді. PwCIL клиенттерге қызмет көрсетпейді. PwCIL қатысушы компаниялардың кез-келгенінің әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін жауап бермейді және олардың кәсіби қызметін бақыламайды және ешқандай жағдайда олардың әрекеттерін шектемейді. Қатысушы компаниялардың ешқайсысы кез-келген басқа қатысушы компанияның әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін жауап бермейді және олардың кәсіби қызметін бақыламайды және ешқандай жағдайда олардың әрекеттерін шектемейді.*

## Біздің аудит әдістемеміз

### Қысқаша шолу

| | |
|---|---|
| ***Маңыздылық*** | Қордың қаржылық есептілік деңгейіндегі тұтас алғандағы маңыздылық: 1,790,000 мың теңге, яғни 2020 жылдың 31 желтоқсандағы активтер жиынының 0,5% пайызын құрайды. |
| ***Аудиттің негізгі мәселелері*** | Халықаралық қаржы есептілігінің стандарты 9 «Қаржы инструменттері» (ХҚЕС (IFRS) 9) – сәйкес басшалық орындаған, қаржы мекемелеріндегі қаражаттар бойынша болжамалы несиелік шығындарын есептеу үшін провизияларды бағалау. |

Аудитті жоспарлау кезінде біз маңыздылықты анықтап, қаржылық есептіліктің бұрмалану тәуекелдерін қарастырдық. Атап кеткенде, біз басшылық қандай салаларда өз тұрғысынан пайымдаулар жасағанын талдадық, мысалы, бухгалтерлік жорамалдар мен олардың сипаты бойынша белгісіздікке байланысты болашақ оқиғалардың маңызды бағалауларға қатысты. Біздің орындауымыздағы барлық аудит негізінде, біз сонымен қатар ішкі бақылау құралдарын басшылықтың айналып кету тәуекелдерін, және онымен шектелмей, басшылықтың салғырт әрекеттері салдарынан болатын елеулі бұрмаланулардың қаупін тудыратын ерекшіліктерді ескере отырып анықтадық.

Аудит көлемі біздің қаржылық есеп туралы тұтастай алғанда пікірімізді білдіруге жеткілікті көлемдегі жұмыстарды атқара алатын Қордың құрылымы, бухгалтерлік процесстері мен бақылау жүйесін қоса алғандағы, сондай-ақ Қор өз қызметін жүзеге асыратын саланың ерекшелігін ескере отырып анықталған.

### Маңыздылық

Аудит көлемін анықтауға бізге маңыздылықты пайдалануымыз әсер етті. Аудит қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне саналы сенімділік алуға арналған. Бұрамалаулар салғырт әрекеттер мен қателіктер салдарынан болуы мүмкін. Егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың қаржы есептілігінің негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етеді деп күтілсе маңызды болып табылады.

Төменде кестеде ұсынылғандай Қордың қаржы есептілігінің тұтастай деңгейіндегі маңыздылықты алғанда, біз кәсіби пайымдаулар негізінде, маңыздылық үшін белгілі бір сандық шамаларды анықтадық. Осы шамалар мен сапалық факторларды ескере отырып, біз аудит көлемін, сондай-ақ, аудиторлық әдістердің сипатын, мерзімі мен ауқымын анықтадық және бұрамалаулардың тұтастай алғанда қаржылық есептілікке (жеке немесе жиынтығында қабылданған) әсерін бағаладық.

| | |
|---|---|
| *Қаржылық есептілік деңгейіндегі тұтас алғандағы маңыздылық* | 1,790,000 мың теңге |
| *Біз оны қалай анықтадық* | 2020 жылдың 31 желтоқсандағы активтердің соммасынан 0,5% мөлшерінде. |
| *Қолданылған маңыздық деңгейін негіздеу* | Қор мемлекеттік мекеме болып табылады. Қордың стратегиялық бағыттары – ісін жаңа бастаған және бизнесі бар кәсіпкерлерді қолдау және дамыту, сондай-ақ Қордың тұрақты институционалды дамуы. Рентабельділік Қордың және басшылықтың негізгі міндеті емес. Сондықтан маңыздылықты айқындаудың ең лайықты негізі болып жиынтық активтер саналады. Бастапқы көрсеткіш ретінде 0,5% таңдалды, себебі бұл көрсеткіш маңыздық деңгейіне тең. |

## Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл біздің кәсіби пайымдамамызға сәйкес ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілігінің аудиті үшін ең өзекті болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер қаржылық есептіліктің тұтастай алғандағы аудит мән мәтінінде осы есептілік туралы пікір қалыптастыру барысында талқыланды, және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

<table>
<tr><th>Аудиттің негізгі мәселесі</th><th>Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты қандай аудиторлық рәсімдер орындалды</th></tr>
<tr><td>

*Халықаралық қаржы есептілігінің стандарты 9 «Қаржы инструменттері» сәйкес басшылық орындаған қаржы мекемелеріндегі қаражаттар мен қаржылық кепілдіктер бойынша болжамалы несиелік шығындарын есептеу үшін провизияларды бағалау.*

Біз өз назарымызды осы салаға аударғанымыздың бас себептерін бірі, қаржы мекемелеріндегі қаражаттардың және қаржылық кепілдіктердің көлемді болуынан, және ХҚЕС (IFRS) 9 қаржылық есептілік саласында жаңа әрі күрделі стандарт болып саналады. Сол себепті, болжамалы несиелік шығындарына провизия есептеу үшін, айтарлықтай үкім талап қойылады.

Қор болжамалы несиелік шығындар жеке және ұжымдық негізде бағалады. Болжамалы несиелік шығындарды есептеу барысында қолданылатын кредиттік тәуекелдің параметрлері (мысалы, дефолт ықтималдығы, дефолтқа байланысты шығындар) сыртқы кредиттік рейтингтерге ақпараттар арқасында негізделген.

Негізгі талқылау бағыттары:

- ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес, қаржы мекемелеріндегі қаражаттарды және қаржылық кепілдіктерді кезеңдер бойынша бөлу;
- Негізгі тәуекелдер параметрлерін бағалау үшін пайдаланылатын бухгалтерлік түсіндірулер мен модельдеу жорамалдары - дефолттың ықтималдығы, дефолт себебінен орын алған шығын және тәуекел астындағы сомалар.

</td><td>

Болжамалы несиелік шығындарын бағалау кезінде, келесі аудиторлық рәсімдерді орындадық:

- Біз ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес Қор дайындаған болжамалы несиелік шығындарына провизия есептеу әдістемелер мен модельдерді қарастырдық. Біз өз назарымызды келесі әдістемелерге аудардық: дефолт параметрлерін анықтау, несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюына себеп факторларды анықтау, несиелерді және қаржылық кепілдіктерді кезеңдер бойынша іріктеу және негізгі тәуекел көрсеткіштерін бағалау.
- Талдау негізінде тәуекелдер профилін, кредиттік тәуекелді және макроэкономикалық жағдайды ескере отырып, олардың жарамдылығын анықтау үшін болжамалы несиелік шығындар бойынша провизиялардың деңгейіне жеке бағалау жүргіздік.
- Талдау негізінде сыртқы рейтингтері жоқ қарыз алушыларға арналған иегер компаниясының рейтингін қолданудың орындылығын бағаладық.
- Деректердің сапасын талдау негізінде тексеру үшін бастапқы деректерді тексеру арқылы болжамалы несиелік шығындарды есептеуде пайдаланылған деректерді тексердік.
- Қаржы мекемелеріндегі қаражаттар және қаржылық кепілдіктер үшін болжамалы несиелік шығындар үшін резервтің бағалануының әдістерге және модельдерге сәйкес жасалды және ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес келеді екенін тексердік.
- Қордың COVID-19 байланысты орыдаған болжамалы несиелік шығындарға әсерін тексердің.

</td></tr>
</table>

| Аудиттің негізгі мәселесі | Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты қандай аудиторлық рәсімдер орындалды |
|---|---|
| • Болжамалы несиелік шығындарды есептеу үшін пайдаланылатын деректердің толықтығы мен дәлдігі.<br>• Қаржылық есептіліктегі есептеулердің ашылуының дәлдігі мен жеткіліктілігі.<br>Қаржылық есептің келесі ескертпелерінде: 4, 8, 25 және 28 есеп саясаты, критикалық есеп бағалаулары мен пайымдаулар, несиелелендіру шығындарына қатысты тәуекелдерді болжалау және провизияларды құру, басқа қаржы мекемелеріндегі қаражаттар және қаржылық кепілдіктер туралы ақпарат табуға болады. | |

## Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты.. Өзге ақпарат аудиторлық есеп шығару күнінен кейін бізге беріледі деп күтілетін жылдық есепті (бірақ қаржы есептілігін және осы қаржы есептілігі бойынша біздің аудиторлық пікірімізді қоспағанда) қамтиды.

Біздің қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратты қамтымайды, және біз осындай ақпаратқа қатысты кез-келген нысанда сенімділік білдіре алмаймыз.

Қаржы есептілігін аудитін жүргізуімізге байланысты, біздің жауапкершілігімізге жоғарыда аталған өзге ақпаратпен танысу, сонымен қатар бізге берілген өзге ақпарат, қаржылық есептіліктегі және аудит кезінде қол жеткізген деректер арасында елеулі сәйкессіздіктердің жоқ екенін қараудан турады.

Орындалған жұмыс нәтижелері бойынша, берілген өзге ақпаратта бұрмаланулар табылған жағдайда, біз бұл жағдайды хабарлауымыз керек. Бұл есепте хабарлауға тура келетін мәлімет жоқ.

Егерде жылдық есепті қарастырған уақытында, біз оның елеулі бұрмаланулары бар деген тұжырымға келсек, біз осы оқиғаны корпоративтік басқаруға жауапты қызметкерге хабарлаймыз.

## Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты адамдардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есепті ХҚЕС-на сәйкес шынайы құруға және қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен қатар, басшылық салғырт әрекеттер және қателіктер салдарынан бос қаржылық есепті дайындауға керек ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржы есебін дайындау барысында, басшылық Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау, қызметтің үздіксіздігіне қатысты тиісті ақпаратты жария ету, қаржылық есептілік - жұмысты үздіксіз жалғастыру қабілеті негізіндегі қағидатты қолданумен дайындау, басшылық Қорды тарату, оның қызметін тоқтату, қызметті тарату немесе тоқтатудан басқа балама жоқ кездерден басқа жауапты.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Қордың қаржы есептілігін дайындау үрдісін қадағалауға жауапты болып табылады.

## Аудитордың қаржылық есептіліктің аудитін өткізу жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік салғырт әрекеттер немесе аудиторлық есеп шығару барысында қателіктер салдарынан бой көтеретін небір елеулі жалғандықтың жоқ екендігін растайтын орынды сенімділік алу болып табылады. Орынды сенімділік, сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ХАС сай жүргізілген аудит әрқашан елеулі бұрмалануды анықтайтынына кепілдік бермейді. Бұрмалаулар салғырт әрекеттер мен қателіктер салдарынан болуы мүмкін, егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың қаржы есептілігінің негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етеді деп орынды түрде күтілсе маңызды деп есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілген аудит аясында, біз кәсіби тұжырымдама қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- салғырт әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланулардың тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге қатысты аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және бағалаймыз; біздің аудиторлық пікірімізді білдіруге жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Салғырт әрекеттер салдарынан болатын елеулі бұрмаланулардың тәуекелі, қателер салдарынан болатын елеулі бұрмалануларға қарағанда жоғары, себебі салғырт әрекеттер келісім, жалғандық, әдейі қалдырып кету немесе ақпараттарды жалған көрсету немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерінен тұруы мүмкін;

- Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сай келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу үшін, аудит тұрғысынан мәні бар, ішкі бақылау жүйесі жайлы түсінік аламыз;

- қолданыстағы есеп саясатының орындылығы мен есептік бағалаулардың негізділігін және басшылық дайындаған байланысты ақпаратты ашып көрсетулердің негізділігін бағалаймыз;

- басшылықтыңпен үздіксіздік принципін қолдану заңдылығын қорытындылаймыз, ал жиналған аудиторлық дәлелдер негізінде – айтарлықтай күмәнді оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне қатысты елеулі пайда болу мүмкіндігін тұжырымдаймыз. Егер біз айтарлықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келетін болсақ, біз қаржы есептілігінде тиісті ақпаратты ашып, біздің есепте назар аударуымыз керек, немесе осындай ақпаратты ашу жеткіліксіз болса, біздің пікіріміз өзгертіледі. Біздің нәтижелер аудиторлық есептің шығару күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Қордың үздіксіз жұмыс жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;

- қаржылық есептіліктің тұтастай алғандағы ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, ақпаратты ашуы, және қаржылық есептіліктің негізіндегі операциялар мен оқиғалардың әділ ұсынылуын бағалаймыз.

Біз, корпоративтік басқару үшін жауапты адамдармен ақпарат ауыса отырып, олардың назарына жоспарланған аудит ауқымы мен мерзімдерін жеткіземіз. Сонымен қатар, аудит нәтижелері бойынша табылған өрескел қателіктер және де ішкі бақылау жүйесіндегі елеулі кемшіліктер жайлы өзара ақпараттық әрекеттестік жасаймыз.

Корпоративтік басқаруға жауапты қызметкерлерге, біз тәуелсіздікке қатысты этикалық талаптарды орындаған жайлы және тәуелсіздігімізге дәлелді түрде әсер етеді деп есептеуге болатын барлық байланыстар мен өзге сұрақтар жайлы ақпаратты және қажетті жағдайларда – тиісті сақтық шараларын жеткіздік деген мәлімдеме жасаймыз.

Корпоративтік басқару үшін жауапты қызметкерлердің назарына жеткізілген мәселелер негізінде, біз ағымдағы кезеңдегі қаржы есептілігіне аудит жүргізу үшін ең маңызды болып табылатын және сәйкесінше негізгі аудит мәселелері болып саналатын мәселелерді анықтаймыз. Бұл сұрақтар жайлы ақпаратты жария ету заңнамамен тыйым салынған, немесе осындай ақпараттың теріс салдары оның хабардан қоғамға пайданы жоққа әкеледі деп болжауға болатын кездерден басқа жағдайларда, бұл мәселелер біздің аудиторлық есебімізде сипатталады.

PricewaterhouseCoopers LLP.

1 наурыз 2021 жыл
Алматы, Казақстан

Бекітілді:

Дана Іңкәрбекова
Басқарушы директор
ПрайсуотерхаусКуперс ЖШС
(Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің бас Мемлекеттік лицензиясы, 1999 жылы 21 қазан №0000005)

Қол қойылды:

Айгүл Ахметова
Аудит қызметінің партнері
Аудитторлық есебінің тапсырма жетекшісі
Орындаушы - аудитор
(2012 жылғы 27 тамыздағы №00000083 аудиторлық біліктілік куәлігі)

| *Мың қазақстандық теңгемен* | Еск. | 31 желтоқсан 2020 ж. | 31 желтоқсан 2019 ж. |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары | 7 | 87,151,266 | 40,771,790 |
| Қаржы мекемелеріндегі қаражат | 8 | 229,441,142 | 274,617,302 |
| Субсидиялау бағдарламасы бойынша дебиторлық берешек | | 162,139 | 16,779 |
| Клиенттерге берілген несиелер мен алғытөлемдер | | 556,967 | 97,495 |
| Борыштық құнды қағаздарға инвестициялар | 9 | 21,829,298 | 7,930,294 |
| Негізгі құралдар | 10 | 2,361,265 | 2,448,957 |
| Материалдық емес активтер | | 234,391 | 218,076 |
| Пайдаға салынатын салық бойынша ағымдағы міндеттемелерді алдын ала төлеу | | 7,430,331 | 9,231,239 |
| Кейінге қалдырылған салық активі | 24 | 2,978,187 | 199,965 |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер | | 250,217 | 330,533 |
| Өзге активтер | 11 | 5,700,313 | 1,641,158 |
| **АКТИВТЕР ЖИЫНЫ** | | **358,095,516** | **337,503,588** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| Қарыз қаражаты | 12 | 175,824,905 | 234,302,199 |
| Шығарылған борыштық құнды қағаздар | 13 | 209,139 | - |
| Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер | 14 | 24,201,336 | 5,865,771 |
| Келешек кезеңдердегі табыс және несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв | 15 | 37,209,704 | 9,837,192 |
| Өзге міндеттемелер | 16 | 977,970 | 1,362,458 |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ** | | **238,423,054** | **251,367,620** |
| **КАПИТАЛ** | | | |
| Акционерлік капитал | 17 | 102,920,273 | 72,920,273 |
| Қосымша төленген капитал | | 10,735,627 | 10,735,627 |
| Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланған инвестициялық құнды қағаздарды қайта бағалау қоры | | 47,581 | 132,723 |
| Өзге резервтер | | 316,430 | 316,430 |
| Бөлінбеген пайда | | 5,652,551 | 2,030,915 |
| **КАПИТАЛ ЖИЫНЫ** | | **119,672,462** | **86,135,968** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ** | | **358,095,516** | **337,503,588** |

Шығарылым үшін бекітілді және Басқарманың атынан 2021 жылғы 1 наурызда қол қойылды.

Гаухар Бурибаева ханым
Басқарма төрайымы

Айгүл Кусайынова ханым
Бас бухгалтер

| *Мың қазақстандық теңгемен* | Еск. | 2020 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|
| Тиімді пайыздық ставка әдісі бойынша есептелген пайыздық табыстар | 18 | 25,811,844 | 22,597,000 |
| Өзге ұқсас табыстар | 18 | 171,625 | 130,927 |
| Пайыздық шығындар | 18 | (10,814,186) | (10,247,867) |
| **Таза пайыздық табыстар** | | **15,169,283** | **12,480,060** |
| Клиенттердің несиелері мен алғытөлемдері және қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша несиелік шығындарға арналған бағалау резервін қалпына келтіру/(жасау) | 8 | (1,190,264) | 1,135,899 |
| **Несиелік портфельдің құнсыздануы бойынша резерв құрылғаннан кейінгі таза пайыздық табыстар/(шығындар)** | | **13,979,019** | **13,615,959** |
| Таза комиссиялық табыстар | 19 | 5,704,966 | 3,812,698 |
| Қаржылық туынды құралдармен орындалатын операциялардан түскен табыстарды есепке алмағандағы шығындар | 20 | - | (13,355) |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін тануды тоқтатудан болған шығындарды есепке алмағандағы табыстар | 21 | 2,955,450 | - |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздардан шығындарды есепке алмағандағы табыстар | | 149,723 | 54,425 |
| Шетел валютасымен операциялар бойынша шығындарды есепке алмағандағы табыстар | | 1,822 | (186) |
| Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығындарды есепке алмағандағы табыстар | | 325,787 | (272,597) |
| Қаржылық құралдарды нарықтағыдан төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы мойындау кезінде туындайтын таза шығын | 22 | (82,300) | (8,118,537) |
| Борыштық құнды қағаздардың қалпына келуі/(құнсыздануы) | | (10,544) | 87,544 |
| Өзге активтердің құнсыздануына резервке аударымдар | 16 | (39,975) | (6,618) |
| Несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервті қалпына келтіру/(резервке бөлінген сома) | 28 | (11,344,898) | 607,810 |
| Өзге таза операциялық табыстар | | (150,210) | 63,199 |
| Қор бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша шығындар | 23 | (714,960) | (806,576) |
| Жалпы және әкімшілік шығындар | 23 | (4,585,800) | (4,842,342) |
| **Салық салуға дейінгі пайда** | | **6,188,080** | **4,181,424** |
| Пайдаға салынатын салық бойынша шығындар | 24 | (1,425,201) | (377,281) |
| **ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА** | | **4,762,879** | **3,804,143** |
| **Өзге жиынтық кіріс:** | | | |
| *Кейіннен пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:* | | | |
| Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік құнды қағаздарға инвестициялар: | | (85,142) | (89,753) |
| **Жыл ішіндегі өзге жиынтық шығын** | | **(85,142)** | **(89,753)** |
| **ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ЖИЫНЫ** | | **4,677,737** | **3,714,390** |

Екі кезең ішіндегі пайда мен жиынтық табыстың жалпы сомасы толықтай Қордың акционеріне тиесілі.

| *Мың қазақстандық теңгемен* | Акционерлік капитал | Қосымша төленген капитал | Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн негізінде бағаланатын құнды қағаздарды қайта бағалау қоры | Өзге резервтер | Бөлінбеген пайда/ (шығын) | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2019 жылғы 1 қаңтардағы қалдық | 72,920,273 | 834,527 | 222,476 | 316,430 | (1,773,228) | 72,520,478 |
| Жыл ішіндегі пайда | - | - | - | - | 3,804,143 | 3,804,143 |
| Өзге жиынтық шығын | - | - | (89,753) | - | - | (89,753) |
| **Жыл ішіндегі жиынтық табыс жиыны** | **-** | **-** | **(89,753)** | **-** | **3,804,143** | **3,714,390** |
| Кейінге қалдырылған салықты ескере отырып, Бас компаниядан қарыздар бойынша дисконтты мойындау (Еск. 4 және 12) | - | 9,901,100 | - | - | - | 9,901,100 |
| **2019 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық** | **72,920,273** | **10,735,627** | **132,723** | **316,430** | **2,030,915** | **86,135,968** |
| Жыл ішіндегі пайда | - | - | - | - | 4,762,879 | 4,762,879 |
| Өзге жиынтық шығын | - | - | (85,142) | - | - | (85,142) |
| **Жыл ішіндегі жиынтық табыс жиыны** | **-** | **-** | **(85,142)** | **-** | **4,762,879** | **4,677,737** |
| Капиталға жарналар | 30,000,000 | - | - | - | - | 30,000,000 |
| Төленген дивидендтер | - | - | - | - | (1,141,243) | (1,141,243) |
| **2020 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық** | **102,920,273** | **10,735,627** | **47,581** | **316,430** | **5,652,551** | **119,672,462** |

| *Мың қазақстандық теңгемен* | Еск. | 2020 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен алынған ақшалай қаражат:** | | | |
| Алынған пайыздар | | 18,861,348 | 15,310,499 |
| Төленген пайыздар | | (5,617,241) | (4,310,788) |
| Алынған комиссиялар | | 22,053,571 | 6,284,803 |
| Төленген комиссиялар | | (77,731) | (403,694) |
| Өзге операциялық қызметтен келетін түсімдер | | 53,910 | 75,088 |
| Еңбекақы төлеу бойынша шығындар, төленген | | (2,470,280) | (2,288,064) |
| Жалпы және әкімшілік шығындар, төленген | | (2,586,275) | (3,336,537) |
| **Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен алынатын ақшалай қаражат** | | **30,217,302** | **11,331,307** |
| *Таза төмендеу/(ұлғаю):* | | | |
| - қаржы мекемелеріндегі қаражат | | 44,654,286 | (47,481,920) |
| - клиенттерге берілетін несиелер және алғытөлемдер | | (36,015) | 296,260 |
| - өзге қаржылық активтер | | (837,982) | (521,146) |
| *Таза өсім/(төмендеу)* | | | |
| - басқа қаржы міндеттемелері | | 19,190,310 | 2,175,823 |
| - басқа міндеттемелер | | (4,232) | 377,564 |
| **Операциялық қызметтен алынған/(оған қолданылған) таза ақшалай қаражат** | | **93,183,669** | **(33,822,112)** |
| **Инвестициялық қызметтен алынған ақшалай қаражат** | | | |
| Инвестициялық құнды қағаздар сатып алу | | (24,281,738) | (480,788) |
| Инвестициялық құнды қағаздар сатудан және өтеуден келетін түсімдер | | 11,626,909 | 359,978 |
| Негізгі қаражатты сатып алу | | (202,596) | (100,048) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | | (95,910) | (93,650) |
| Сатуға арналған активтерді сатудан алынған түсім | | 509,744 | 236,038 |
| **Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақшалай қаражат** | | **(12,443,591)** | **(78,470)** |
| **Қаржылық қызметтен алынған ақшалай қаражат** | | | |
| Қарыз қаражатын алу | | 4,825,113 | 67,554,359 |
| Қарыз қаражатын өтеу | | (68,501,059) | (27,296,933) |
| Қаржылық туынды құралдармен орындалатын операциялардан алынған түсімдер | | - | 12,567,830 |
| Шығарылған борыштық құнды қағаздардан түсімдер | | 200,131 | - |
| Шығарылған борыштық құнды қағаздарды өтеу | | - | (16,000,000) |
| Ұзақ мерзімді жалдауды өтеу | | (171,448) | - |
| Акционерлерден капиталға жарналар | | 30,000,000 | - |
| Төленген дивидендтер | | (1,141,243) | - |
| **Қаржылық қызметтен алынған/(пайдаланылған) таза ақшалай қаражат** | | **(34,788,506)** | **36,825,256** |
| **Айырбастау бағамы өзгеруінің ақшалай қаражатқа әсер етуі және олардың баламалары** | | **427,904** | **(106,558)** |
| **Ақшалай қаражаттар мен олардың баламаларының таза артуы** | | **46,379,476** | **2,818,116** |
| Кезең басындағы ақшалай қаражаттар және олардың баламалары | 7 | 40,771,790 | 37,953,674 |
| **Кезең соңындағы ақшалай қаражаттар және олардың баламалары** | 7 | **87,151,266** | **40,771,790** |

## 1 Кіріспе

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі №665 қаулысына сәйкес құрылған. Қор Қазақстан Республикасы аумағында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды қолдау бойынша даму институты ретінде қаржы қызметтерін ұсынатын акционерлік қоғам ретінде тіркелген және қызметін атқарады.

2020 жылғы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың 100% акционері «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі «Бас компания» немесе «Жалғыз акционер») болып табылады. Қордың түпкілікті акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Тараптармен жасалатын операциялар бойынша ақпарат 31-ескертпеде келтірілген.

***Негізгі қызмет***

Қордың негізгі қызметі коммерциялық банктер арқылы шағын және орта бизнес кәсіпорындарын және микроқаржы ұйымдарына несие беру болып табылады. Бұл ретте түпкілікті қарыз алушылар несиелері бойынша несиелік тәуекел коммерциялық банктерге аударылады. Қор Қазақстан аумағындағы шағын және орта бизнес кәсіпорындарын қаржыландыру үшін меншікті және қарыз қаражаттарын пайдаланады. Қордың миссиясы - кешенді және тиімді қолдау құралдарын іске асыру жолымен Қазақстанда микро, шағын және орта кәсіпкерлікті тұрақты дамытуда белсенді рөл атқару болып табылады.

Қордың 17 аймақтық филиалы бар. Бас кеңсе Қазақстанның Алматы қаласында орналасқан. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қорда 358 қызметкер жұмыс істеді (2019 жыл: 367 қызметкер).

***Тіркелген мекенжайы және қызметін жүргізу орны***

Қор келесі мекен-жайда тіркелген: Қазақстан Республикасы, Алматы, Гоголь көшесі, 111.

***Есептілікті ұсыну валютасы***

Осы қаржылық есептілік, басқаша көрсетілмесе, қазақстандық теңгеде көрсетіледі.

## 2 Қор қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта

***Қазақстан Республикасы***

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір ерекшеліктерді танытып келеді. Ол мұнай мен газ және мемлекет экспортының негізгі бөлігін құрайтын басқа да минералды шикізат бағасының ауытқуына әсіресе сезімтал. Бұл ерекшеліктер, сондай-ақ, ұлттық валютаның барымен шектелместен, елден тыс жерлерде еркін айырбасталмаған ұлттық валюта мен құнды қағаздар нарығындағы өтімділіктің төмен деңгейін қамтиды. Аймақта орын алған саяси шиеленіс, айырбастау бағамының тұрақсыздығы Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсерін тигізді және келешекте да тигізе алады. Атап айтқанда теріс әсер мыналардан көрінеді: өтімділік деңгейінің төмендеуі және халықаралық қаржыландыруды тартудағы қиындықтардың туындауы.

2015 жылғы 20 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасының Үкіметі теңгенің айырбастау бағамын қолдауды тоқтату туралы және инфляциялық шектеу режиміне негізделген жаңа ақша-несие саясатын жүргізуге, валюталық дәлізді жоюға және еркін өзгермелі айырбас бағамына көшуге тыйым салу туралы шешім қабылдады. Бұл ретте Ұлттық Банктің айырбастау бағамына қатысты саясаты қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін теңгенің айырбастау бағамының күрт ауытқуын болдырмау мақсатында басқыншылыққа рұқсат береді.

Осы қаржылық есептіліктің шығарылу күніндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми айырбастау бағамы, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 АҚШ долларына 420.71 теңгемен салыстырғанда, 1 АҚШ долларына 414.02 теңгені құрады. Осылайша, теңгенің айырбастау бағамы мен Ұлттық Банктің және Үкіметтің келешек іс-әрекеттеріне қатысты, сондай-ақ осы факторлардың Қазақстан Республикасының экономикасына әсері туралы белгісіздік бар.

2020 жылғы 21 тамызда Fitch Ratings Қазақстанның шетел валютасындағы эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін ("ЭДР") "Тұрақты" болжаммен "BBB" деңгейінде растады. Қазақстанның "BBB" ЭДР, бір жағынан, жинақталған мұнай бюджеттік кірістерімен және мемлекеттің мықты таза шетелдік активтерімен нығайтылатын ірі фискалдық және сыртқы буферлік резервтерді, екінші жағынан, шикізат секторына жоғары тәуелділікті, сондай-ақ "BBB"рейтингтері бар елдер үшін медианаға қатысты басқару сапасы бойынша неғұрлым төмен скорингтік балдарды көрсетеді. Мұнай бағасы мен коронавирустың әсерінен болған күйзелістерге қарамастан, мемлекеттік қарыз төмен, ал фискалдық және сыртқы буферлік резервтер жақсы болып қалып отыр.

## 2 Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта (жалғасы)

Ресми бағалауларға сәйкес 2020 жылдың тоғыз айында нақты ЖІӨ-нің қысқаруы 3,1%-ды құрады. 2020 жылғы тамызда Fitch коронавирусты тежеу жөніндегі шаралардың ішкі сұранысқа теріс әсері және ОПЕК +келісімі бойынша мұнай өндіруді таза экспортқа қысқарту аясында нақты ЖІӨ-нің 2020 жылы 2,0%-ға төмендеуін болжады (2019 жыл:+ 4,5%).

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасындағы қаржы секторы Қазақстан Республикасындағы саяси, заңнамалық, салықтық және реттеушілік өзгерістердің ықпалына ұшырағыш болып қала береді. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының перспективалары елеулі дәрежеде Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, бақылау және саяси жүйелердің дамуына, яғни компанияның бақылау саласынан тыс жағдайларға байланысты.

Күтілетін несиелік шығындарды бағалау үшін Компания макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамдарын қоса алғанда, расталатын болжамды ақпаратты пайдаланады. Алайда, кез-келген экономикалық болжамдардағыдай, болжамдар мен оларды жүзеге асыру ықтималдығы сөзсіз белгісіздіктің жоғары деңгейімен байланысты, сондықтан нақты нәтижелер болжанғаннан айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін.

2019 жылдың желтоқсанында Қытайдан жаңа вирустың пайда болуы туралы жаңалықтар алғаш рет пайда болды. 2020 жылғы 11 наурызда Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы COVID-19 коронавирусының жаңа түрінің пандемиясын жариялады. «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығына сәйкес ел аумағында 2020 жылғы 16 наурыздан бастап 2020 жылғы 11 мамырға дейінгі кезеңге төтенше жағдай енгізілді.

Қазақстанның көптеген қалалары карантин режиміне түсті, сондай-ақ 2020 жылғы 30 наурыз бен 11 мамыр аралығында көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындардың қызметі тоқтатылды. Карантин кезеңінде Қордың қызметі тоқтатылмады, кеңсе қызметкерлерінің жұмысы қашықтықтан ұйымдастырылды.

Пандемияға жауап ретінде Қазақстан билігі COVID-19-ның таралуын және әсерін тежеуге бағытталған көптеген шараларды қабылдауда, мысалы, сапарларға тыйым салу, карантин, іскерлік белсенділікті шектеу және т.б. бұл шаралар, басқалармен қатар, Қазақстандағы экономикалық белсенділікті айтарлықтай шектейді және теріс әсер етеді және белгісіз уақыт кезеңінде бизнеске, нарық қатысушыларына, компания клиенттеріне, сондай-ақ Қазақстан мен әлемдік экономикаға теріс әсер етуді жалғастыра алады.

Сонымен бірге, 2020 жылдың 9 наурызында ОПЕК мүшелері мен Өзге ірі мұнай өндіруші елдер арасындағы келіспеушіліктер аясында мұнай бағасы төмендеді, Brent маркалы мұнайдың бағасы 2020 жылдың наурыз айында барреліне 25 АҚШ доллары төмен түсті. 2020 жылдың басынан бері теңгенің АҚШ долларына қатысты құнсыздануы шамамен 10%-ды құрады.

Осы қаржылық есептілік шығарылған күні жағдай әлі де дамып келеді, бүгінгі күні Қордың кірісіне қандай да бір елеулі әсер байқалмады, алайда болашақ әсерді болжау қиын. Басшылық жоғарыда аталған оқиғалардың ықтимал әсерін бақылауды жалғастырады және бизнеске теріс салдардың алдын алу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды, алайда:

- COVID-19 пандемиясына байланысты тоқтап қалу/карантин салдары жалпы іскерлік белсенділіктің баяулауына әкеледі, бұл болашақта Қордың қаржылық көрсеткіштеріне әсер етуі мүмкін;
- ОПЕК мүшелері мен Өзге ірі мұнай өндіруші елдер арасындағы жаңа уағдаластықтар шеңберінде Қазақстан мен Ресей мұнай өндіру деңгейін қысқарту жөнінде міндеттемелер қабылдады, бұл мұнайды өткізу/тасымалдау көлемінің төмендеуіне алып келуі мүмкін;
- мұнай бағасының құлдырауы өндіру көлемінің және тиісінше мұнайды өткізу/тасымалдау көлемінің төмендеуіне байланысты Қордың кірісіне теріс әсер етуі мүмкін;

## 2 Қор қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта (жалғасы)

Басшылық Қор қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және өз клиенттері мен қызметкерлеріне қолдау көрсету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды:

- Қызметкерлердің 80%-ын қашықтан жұмыс істеуге ауыстыру;
- Цифрлық қызмет көрсету бойынша мүмкіндіктерді кеңейту (кеңселерге бармай-ақ жүргізілетін операциялар санын ұлғайту):
    - «электрондық үкімет» веб-порталында кредиттер мен субсидияларды кепілдендіру процестерін автоматтандыру;
    - іске асырылып жатқан барлық қолдау құралдарын цифрлық форматқа көшіру мақсатында Online Damu қорының меншікті интернет-порталын іске қосу. 2020 жыл ішінде жүргізілген жұмыс нәтижесінде қорға электрондық түрде кепілдік беру бойынша 2,554 өтінім және осы ресурстарды пайдалана отырып, субсидиялау бойынша 1,068 өтінім түсті (2019 жыл: тиісінше 558 және 703 өтінім).
    - электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) құралдарын қолдана отырып, субсидиялау шарттарына қол қою бойынша 2019 жылы іске асырылған бастама тараптардың шарттарға қол қою мерзімдерін бір жұмыс күніне дейін айтарлықтай жеңілдетуге және жеделдетуге мүмкіндік берді, субсидиялау шарттарына 11,056 шарттар мен қосымша келісімдерге ЭЦҚ қолдану арқылы қол қойылды (2019 жыл: 1,003).
- Клиенттерге қолдау көрсету бағдарламаларын енгізу:
    - субсидиялау бөлігінде Қор қайта құрылымдауды бекітуді қарау процесін оңтайландырды және қарау мерзімін 1 жұмыс күніне дейін қысқартты. Несиелік ұйымдар қарыз алушыларға карантин кезеңінде несие төлеуді кейінге қалдырады, содан кейін тараптар қол қою және субсидияларды одан әрі төлеу үшін қосымша келісімдер пулын қорға ұсынады.
    - 2020 жылғы 16 наурыз бен 2020 жылғы 31 желтоқсан аралығында «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында 299.5 миллиард теңгеге 323 жоба мақұлданды, 314.6 миллиард теңге сомаға 297 жобаға қол қойылды.
    - 2020 жылғы 16 наурыз бен 2020 жылғы 31 желтоқсан аралығында «Бизнестің жол картасы-2025» өнімі аясында 554 миллиард теңге сомасына 15,865 жоба мақұлданды, 808 миллиард теңге сомасына 13,847 жобаға қол қойылды
    - Сондай-ақ осы кезеңде Қор 568.2 миллиард теңге кредит сомасына 4,294 жоба бойынша субсидиялау бойынша қайта құрылымдауды ұсынуды келісті.
    - кепілдік беру бөлігінде Қор 6 жұмыс сағаты ішінде Қордың кепілдігімен берілген несиелер бойынша қайта құрылымдауды келіседі. 2020 жылдың 16 наурыздан - 31 желтоқсан арасында кепілдік беру құралдары бойынша 102.1 миллиард теңге сомасына 6.975 жобаға қол қойылды және 6.3 миллиард теңге сомасына 105 жоба мақұлданды. Сондай-ақ осы кезеңде Қор 45.7 миллиард теңге жалпы кепілдік сомасына 108.7 миллиард теңге кредит сомасына 3 291 жоба бойынша кепілдік беру бойынша қайта құрылымдауды ұсынуды келісті.
    - Қордың бағдарламалары шеңберінде екінші деңгейдегі банктерге, лизингтік компанияларға және микроқаржы ұйымдарына (әріптестерге) қарыз алушыларға негізгі борышты және сыйақыны өтеу бойынша жеңілдікті кезең беру құқығы берілген. Серіктестер 12 айдан 24 айға дейінгі мерзімге негізгі қарызды төлеу бойынша жеңілдікті кезең ұсынуға құқылы.

Басшылық Қазақстан экономикасындағы өзгерістердің дәрежесін де, ұзақтығын да болжай алмайды немесе олардың болашақта Қордың қаржылық жағдайына ықтимал әсерін бағалай алмайды. Басшылық ағымдағы жағдайларда Қор қызметінің тұрақтылығы мен өсуін қолдау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтынына сенімді.

## 3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша баяндалуы

***Есептілікті ұсыну негіздері***

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес, тарихи құны бойынша есептеу қағидалары негізінде, қаржылық құралдарды әділ құны бойынша бастапқы мойындауға және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша және өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық құралдарды қайта бағалауға қатысты түзету енгізе отырып дайындалған. Берілген қаржылық есепті дайындау кезінде пайдаланылған есеп саясатының қағидаттары төменде келтірілген.

## 3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша баяндалуы (жалғасы)

### *Қаржы құралдары – негізгі бағалау тәсілдері*

*Әділ құн* – бұл активті сату кезінде алынуы мүмкін немесе бағалау күніне нарықтық қатысушылар арасында ерікті негізде операциялар жүргізгенде міндеттемелерді табыстау кезінде төленуі мүмкін баға. Әділ құнның ең жақсы растауы белсенді нарықтағы белгіленген баға болып табылады. Белсенді нарық – бұл тұрақты негізде бағалаулар туралы ақпаратты алуға мүмкіндік беретін активтер немесе міндеттемелер бойынша операциялар жеткілікті жиілікпен және жеткілікті көлемде жүргізілетін нарық. Белсенді нарықта айналыста болатын қаржы құралдарының әділ құны жеке активке немесе міндеттемеге кәсіпорын ұстайтын олардың санына белгіленетін бағаны көбейту кезінде алынған сома ретінде бағаланады. Істі тіпті, егер нарықтың жай тәуліктік сауда айналымын кәсіпорындағы активтер саны және кәсіпорындағы міндеттемелерді өтеу үшін жеткіліксіз болған жағдайда да жолға қоюға болады, ал жекелеген операцияларда жайғасымдарды сату үшін тапсырыстарды орналастыру белгіленген бағаға әсер етуі мүмкін. Әділ құнды бағалау үшін сұраныс пен ұсыныс бойынша спрэд шегіндегі баға пайдаланылады. Бұндай баға қалыптасқан жағдайдағы әділ құн үшін барынша көрнекі болып табылады және оны басшылық есепті күндегі операцияның соңғы бағасына тең деп санайды. Қаржылық активтерді бағалау үшін пайдаланылған белгіленген нарықтық баға сұраныстың ағымдық бағасы; ал қаржылық міндеттемелер үшін пайдаланылған белгіленген нарықтық баға – ұсыныстың ағымдық бағасы болды.

Туынды қаржы құралдарының немесе белсенді нарықта айналыста жүрмейтін басқа қаржы активтері мен міндеттемелердің қоржыны – ағымдағы нарық жағдайларында бағалау күнінде нарық қатысушыларының арасында ерікті негізде операциялар жүргізу кезінде нақты тәуекелді қабылдағаны үшін таза қысқа позицияны (яғни міндеттемені) табыстау кезінде немесе нақты тәуекелді қабылдағаны үшін таза ұзақ позицияны (яғни активті) сату барысында алынуы мүмкін болатын баға негізінде қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері тобының әділ құны бойынша бағаланады. Бұл – көп реттік негізде әділ құны бойынша көрініс табатын активтер үшін қолданылады,егер Қор а) қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері тобын – кәсіпорынның тәуекелдерді басқару бойынша ресми стратегиясына немесе оның инвестициялық стратегиясына сәйкес нақты контрагенттің несиелік тәуекеліне немесе нақты нарықтық тәуекелге (немесе тәуекелдерге) кәсіпорынның таза ұшырағыштығы негізінде басқаратын болса; (б) осы негізде кәсіпорынның аға басшы қызметкерлеріне қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің тобы туралы ақпарат ұсынатын болса; және (в) нарықтық тәуекелдер, соның ішінде қаржы активтеріне және қаржы міндеттемелеріне байланысты туындайтын нақты нарықтық тәуекелге (немесе тәуекелдерге) кәсіпорынның ұшырағыштығының ұзақтығын қоса алғанда, шын мәнінде шамалас болып табылатын болса.

Дисконтталған ақша ағыны, сондай-ақ тәуелсіз тараптар арасында жасалатын немесе инвестициялар объектісінің объектінің ағымдық құнына қатысты жасалатын балама операциялардың мәліметтеріне негізделген модельдер сияқты бағалау модельдері қаржылық құралдардың әділ құнын анықтау үшін пайдаланылады, оларда мәмілелер бағасы туралы нарықтық ақпарат қолжетімсіз болып келеді. Әділ құнды бағалау нәтижелеріне талдау жасалады және олар келесі түрде әділ құн иерархиясының деңгейі бойынша жіктеледі: (і) 1-деңгейге бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда белгіленген бағалар (түзетілмейтін) бойынша бағалаулар жатады, (ii) 2-деңгейге - бағалау модельдерінің көмегімен алынғандар, олардағы маңызды бастапқы пайдаланатын мәліметтердің барлығы не тікелей (мысалы, бағасы) не жанама (мысалы, бағалар базасына есептелген) түрде активтер немесе міндеттемелер үшін бақыланатын болып табылады (мысалы, бағалар) және (iii) 3-деңгей бағалауларына тек қана бақыланатын нарық деректеріне негізделмейтін бағалаулар болып табылмайтындар жатады (яғни, бағалау үшін бақыланбайтын бастапқы деректердің елеулі көлемі қажет етіледі). Әділ құн иерархиясының бір деңгейінен екіншісіне көшу есептік кезеңнің соңында орын алды деп есептеледі (29 Ескертпе).

*Мәмілелер бойынша шығындар* қосымша шығындар болып табылады және қаржылық құралдарды алуға, шығаруға немесе істен шығаруға тікелей байланысты. Қосымша шығындар – мәміле жасалмаған жағдайда келтірілмейтін шығындар. Мәміле бойынша шығындар агенттерге (сауда агенттері ретіндегі қызметкерлерді қоса алғанда), консультанттарға, брокерлерге және дилерлерге төленетін сыйақыны және комиссияларды, реттеуші органдар мен резерв биржаларына төленетін жиындарды, сондай-ақ салықтар мен меншікті беру кезінде алынатын жиындарды қамтиды. Мәмілелер бойынша шығындарға сыйлықақы немесе қарыздық міндеттемелер бойынша дисконттар, қаржыландыруға арналған шығындар, ішкі әкімшілік шығындар немесе сақтауға арналған шығындар кірмейді.

*Амортизацияланған құн* негізгі қарыз төлемін шегергендегі, алайда өскен пайыздарды қоса алғанда, ал қаржылық активтер үшін – құнсызданудан келтірілген шығындарды кез келген есептен шығаруды шегергендегі активтің бастапқы құнын білдіреді. Ұлғайған пайыздар мәміле бойынша шығындарды бастапқы мойындаған кезде кейінге қалдырылған амортизацияны, сондай-ақ кез келген сыйлықақыны немесе тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы өтеу сомасынан алынған дисконттарды қамтиды. Ұлғайған купондық табыс пен амортизацияланған дисконтты немесе сыйақыны (соның ішінде, болған жағдайда, комиссияны беру кезінде кейінге шегерілгендер) қоса алғанда, ұлғайған пайыздық табыс пен ұлғайған пайыздық шығындар жеке көрсетілмейді, алайды қаржылық жағдай туралы есептің тиісті бабының теңгерімдік құнына кіргізіледі.

## 3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша баяндалуы (жалғасы)

*Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі* – бұл құралдың теңгерімдік құнына әрбір кезеңде тұрақты пайыздық мөлшерлемені (тиімді пайыздық мөлшерлеме) қамтамасыз ету мақсатында тиісті кезең ішінде пайыздық табысты немесе пайыздық шығындарды мойындау әдісі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме – қаржы құралының әрекет етуінің күтілетін мерзіміне немесе, тиісті жағдайларда, қаржы құралының таза теңгерімдік құнына дейін барынша қысқа мерзімге келешектегі есептік ақшалай төлемдер мен түсімдердің (несиелер бойынша алдағы шығындарды қоспағанда) дәлме-дәл дисконттық мөлшерлемесі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме сыйақыны немесе дисконтты қоспағанда, пайызды өзгертудің келесі күніне дейін құбылмалы мөлшерлеме арқылы құралдар бойынша ақша ағынын дисконттау үшін пайдаланылады, олар осы құралдар үшін белгіленген құбылмалы мөлшерлеме бойынша немесе нарықтық мәндерге байланысты белгіленбеген басқа да ауыспалы факторлар бойынша несиелік спредті көрсетеді. Мұндай сыйақылар немесе дисконттар құралдың айналымға түсуінің толық мерзімі ішінде амортизацияланады. Келтірілген құн есебі тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын барлық комиссиялық, төленген немесе тараптар қабылдаған келісімшарттарды қамтиды. Бастапқы мойындау кезінде қаржылық активтер арқылы сатып алынған немесе несиелік құнсызданған (POCI) активтер үшін тиімді пайыздық мөлшерлеме несиелік тәуекелді есепке алу арқылы түзетіледі, яғни келісімшарттық ақша ағындары негізінде емес, бастапқы мойындау кезінде күтілетін ақша ағыны негізінде есептеледі.

***Қаржылық құралдарды бастапқы мойындау***

Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық құралдар бастапқыда әділ құн бойынша мойындалады. Барлық басқа қаржылық құралдар бастапқыда, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, әділ құн бойынша көрсетіледі. Бастапқы мойындау кезінде әділ құнның ең жақсы растауы мәміле бағасы болып табылады. Бастапқы мойындау кезіндегі пайда немесе шығындар әділ құн мен мәміле құны арасында айырмашылық болған жағдайда ғана ескеріледі. Оған дәлелдеме сол құралдар арқылы нарықта бақыланатын басқа да ағымдық мәмілелер немесе базалық міндеттер ретінде бақыланатын нарықтар мәліметтерін ғана пайдаланатын бағалау әдісі бола алады. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтеріне және өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдарға салынған инвестицияларға қатысты бастапқы мойындаудан кейін, күтілетін несиелік шығын бойынша бағалау резерві мойындалады, бұл - активті бастапқы мойындаудан кейін артынша бухгалтерлік шығынды мойындауға әкеледі.

Жеткізу заңнамада немесе осы нарыққа арналған іскери айналым дәстүрлерінде бекітілген мерзімде жүргізілуі тиіс қаржылық активтерді сатып алу және сату («стандартты талаптармен» сатып алу және сату) мәміле жасалған күні, яғни Қор қаржы активін сатуға немесе сатып алуға міндеттенетін күні көрсетіледі . Сатып алу бойынша барлық басқа операциялар кәсіпорын осы қаржылық құралға қатысты шарт тарабы болған кезде мойындалады.

***Қаржы активтерін жіктеу және кейіннен бағалау: бағалау санаттары***

Қор келесі бағалау санаттарын пайдалана отырып қаржы активтерін жіктейді: пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын, өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын және амортизациялық құны бойынша бағаланатын. Борыштық қаржы активтерін жіктеу және кейіннен бағалау келесілерге байланысты:. (i) активтердің тиісті қоржынын басқаруға арналған Қордың бизнес-үлгісі және (ii) актив бойынша ақша ағындарының сипаттамалары.

***Қаржы активтерін жіктеу және кейіннен бағалау: бизнес-үлгі***

Бизнес-үлгі ақша ағындарын алу мақсатында басқару үшін Қормен пайдаланылатын әдісті көрсетеді: Қордың мақсаты мыналар болып табылады ма: (i) шартта көзделген активтерден ақша ағындарын алу ғана («шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстау»), немесе (ii) шартта көзделген ақша ағындарын, және активтерді сатудың нәтижесінде туындайтын ақша ағындарын алу («шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстау»), немесе, егер (i) тармағы да, (ii) тармағы да қолданылмайтын болса, қаржы активтері «өзге» бизнес-үлгілер санатына жатады және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланады.

Бизнес-үлгі бағалау жүргізу күнінде болған қоржын үшін белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін Қор жүзеге асыруға ниеттенген қызметтің барлық тиісті дәлелдері негізіндегі активтер тобы үшін анықталады (қоржын деңгейінде). Бизнес-үлгіні анықтау барысында Қормен ескерілетін факторлар қоржынның мақсаты мен құрамын, тиісті активтер бойынша ақша ағындарын алудың бұрынғы тәжірибесін, тәуекелдерді бағалауға және басқаруға қатысты тәсілдемелерді, активтердің табыстылығын бағалау әдістерін және басшыларға төлемдер жасау сұлбасын қамтиды. 4-ескертпеде өзінің қаржы активтеріне арналған бизнес-үлгілерді анықтау барысында Қормен пайдаланылатын аса маңызды пайымдаулар келтіріледі.

## 3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша баяндалуы (жалғасы)

***Қаржы активтерін жіктеу және кейіннен бағалау: ақша ағындарының сипаттамалары***

Егер бизнес-үлгі шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін немесе шартта көзделген ақша ағындарын алу мен сату үшін активтердің ұсталуын қарастыратын болса, Қор ақша ағындарының негізгі қарыз бен пайыздар есебіне төлемдерді ғана білдіретінін-білдірмейтінін бағалайды («қарыздың негізгі сомасы мен пайыздар есебіне ғана төлемдерге сынақ» немесе «SPPI-сынақ»). Кірістірілген қаржы құралдары бар қаржы активтері - олар бойынша ақша ағындары негізгі қарыз сомасы мен пайыздардың есебіне ғана болып табылатын-табылмайтынын анықтау үшін жиынтығымен қаралады. Осындай бағалауды жүргізу барысында Қор шартта көзделген ақша ағындарының базалық несие шартына сәйкес келетін-келмейтінін қарайдырады, яғни пайыздар тек несие тәуекеліне, ақшаның уақытша құнына қатысты өтеуді, базалық несие шартының басқа тәуекелдерін және пайда маржасын қамтиды.

Егер шарт талаптары базалық несие шартының талаптарына сәйкес келмейтін құбылмалылықты немесе тәуекелге ұшырағыштықты қарастыратын болса, тиісті қаржы активі пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады. Қарыздың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне ғана төлемдерге сынақ активті бастапқы мойындау барысында жүргізіледі және кейіннен ақйта бағалау жүргізілмейді. 4-ескертпеде өзінің қаржы активтеріне қатысты қарыздың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне ғана төлемдерге сынақ жүргізу барысында Қормен пайдаланылған аса маңызды пайымдаулар келтіріледі.

***Қаржы активтерін қайта жіктеу***

Қаржы құралдары - бизнес-үшгі жалпы осы қоржынмен өзгертілген жағдайда ғана қайта жіктеледі. Қайта жіктеу - бизнес-үлгі өзгертілгеннен кейін алғашқы есепті кезеңнің басынан келешектік тұрғыда жүргізіледі. Қор ағымдағы немесе салыстырмалы кезең барысында өзінің бизнес-үлгісін өзгерткен жоқ және қайта жіктеулерді жүргізген жоқ.

***Қаржы активтерінің құнсыздануы: күтілетін несиелік шығын бойынша бағалау резерві***

Болжамдардың негізінде Қор өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша және амортизациялық құны бойынша бағаланатын борыштық құралдармен байланысты және несие ұсыну жөніндегі міндеттемелер мен қаржылық кепілдік шарттары бойынша туындайтын тәуекелдермен байланысты күтілетін несиелік шығынды бағалайды. Қор күтілетін несиелік шығынды бағалайды және әрбір есепті күнінде несиелік шығын бойынша бағалау резервін мойындайды. Күтілетін несиелік шығынды бағалау келесілерді көрсетеді: i) болжалды нәтижелер диапазонын бағалау жолымен анықталған, ықтималдықтың ескерілуімен өлшенген және алдын ала пішілмеген сома, (ii) ақшаның уақытша құны және (iii) шектен тыс шығындар мен күш-жігердің жұмсалуынсыз есепті күні қолжетімді болған, өткен уақиғалар мен ағымдағы жағдайлар және болжанып отырған келешек экономикалық жағдайлар туралы негізделген және расталған бүкіл ақпарат.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар күтілетін несиелік шығын бойынша бағалау резервінің шегерілуімен, қаржы жағдайы туралы есепте ұсынылады. Несиелік міндеттемелер мен қаржылық кепілдіктерге қатысты, қаржы жағдайы туралы есептегі міндеттемелер құрамында күтілетін несиелік шығын бойынша бөлек резерв мойындалады. Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы құралдарының амортизацияланған құнындағы өзгерістер, күтілетін несиелік шығын бойынша бағалау резервінің ескерілуінсіз, пайданың немесе шығынның құрамында көрініс табады. Теңгерімдік құнындағы басқа өзгерістер «өзге жиынтық табыс арқылы бағаланатын борыштық құралдардан шығындардың шегерілуімен табыс» бабындағы өзге жиынтық табыстың құрамында көрініс табады.

## 3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша баяндалуы (жалғасы)

Қор бастапқы мойындау сәтінен бастап несиелік сапаның өзгерістері негізінде құнсыздануды есепке алудың «үш кезеңдік» үлгісін қолданады. Бастапқы мойындау кезінде құнсызданған болып табылмайтын қаржы құралы 1-кезеңге жататын құрал ретінде жіктеледі. 1-кезеңнің қаржылық активтері үшін күтілетін несиелік шығын - кейінгі 12 айдың ішінде немесе егер ол 12 ай өткенге дейін орын алатын болса - шартқа сәйкес өтеу күніне дейін («12-айлық күтілетін несиелік шығын») орын алуы мүмкін дефолттардың нәтижесінде туындайтын, бүкіл мерзімдегі күтілетін несиелік шығынның бір бөлігіне тең сомада бағаланады. Егер Қор бастапқы мойындау сәтінен бастап несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюын сәйкестендіретін болса, онда актив 2-кезеңге ауыстырылады, ал осындай актив бойынша күтілетін несиелік шығын бүкіл мерзімдегі күтілетін несиелік шығын негізінде бағаланады, яғни шартқа сәйкес өтеу күніне дейін, бірақ күтілетін алғытөлемнің ескерілуімен, егер ол көзделген болса («бүкіл мерзімдегі күтілетін несиелік шығын») Несие тәуекелінің едәуір ұлғайтылуының Қормен анықталу тәртібінің сипаттамасы 25-ескертпеде келтіріледі. Егер Қор қаржы активі құнсызданған болып табылады деп анықтайтын болса, актив 3-кезеңге ауыстырылады және ол бойынша күтілетін несиелік шығын бүкіл мерзімдегі күтілетін несиелік шығын ретінде бағаланады. Құнсызданған активтер мен дефолттың Қормен анықталуына қатысты түсіндірмелер 25-ескертпеде ұсынылған. Сатып алынған немесе жасалған несиелік-құнсызданған қаржы активтері үшін күтілетін несиелік шығын әрдайым бүкіл мерзімдегі күтілетін несиелік шығын ретінде бағаланады. 25-ескертпеде күтілетін несиелік шығынды бағалау бойынша пайдаланылатын есептеу әдістері мен болжамдар, бастапқы деректер туралы ақпарат келтірілген, соның ішінде күтілетін несиелік шығынның үлгілеріне болжамдық ақпараттың Қормен енгізілу әдісінің түсіндірмесін қоса алғанда.

*Қаржы активтерін есептен шығару*

Қаржы активтері - Қор оларды өндіріп алу бойынша іс жүзіндегі барлық мүмкіндіктерді пайдаланып болған және осындай активтердің өтелуіне қатысты үміттің негізсіздігі туралы тұжырымға келген кезде, тұтастай немесе ішінара есептен шығарылады. Есептен шығару мойындаудың тоқтатылуын білдіреді. Қордың оларды өндіріп алуға қатысты негізделген үміті болмағанымен, Қор шарт бойынша берешек сомасын өндіріп алуға талпынып жатқан кезде Қор мәжбүрлі түрде өндіру жөніндегі шаралар әлі де қолға алынып жатқан қаржы активтерін есептен шығаруы мүмкін.

*Қаржылық активтерді мойындауды тоқтату*

Қор қаржылық активтерді мойындауды (а) активтер өтелгенде немесе активтермен байланысты ақша ағынына құқық басқалай аяқталғанда немесе (б) Қор қаржылық активтерден түскен ақша ағынына арналған құқықты бергенде немесе беру туралы келісім жасағанда және бұл жағдайда (і) активтерді иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы нақты бергенде немесе (іі) активтерді иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы нақты бермегенде немесе сақтамағанда, алайда сол активтерге қатысты бақылау құқығын жоғалтқанда тоқтатады. Контрагентте қатысы жоқ үшінші тарапқа сатуға шектеу енгізусіз активті толықтай сатуға іс жүзінде мүмкіндік болмағанда бақылау сақталады.

*Қаржы активтерін түрлендіру*

Кейде Қор қаржы активтері бойынша шарттық талаптарды қайта қарайды немесе өзге жолмен түрлендіреді. Қор шартта көзделген ақша ағындарының түрлендірілуі - өзгелерін қоса алғанда келесі факторлардың ескерілуімен елеулі болып табылатын-табылмайтынын бағалайды: актив бойынша тәуекелдер бейініне едәуір әсер ететін жаңа шарттық талаптардың болуы (мысалы, пайдаға қатысу немесе капиталға арналған табыс), пайыздық мөлшерлеменің едәуір өзгеруі, валюталық деноминацияның өзгерістері, активпен байланысты несие тәуекеліне едәуір әсер ететін жаңа немесе қосымша несиелік қамтамасыз етудің пайда болуы, немесе қарыз алушы қаржылық қиындықтарды көрмей тұрған жағдайларда несие мерзімінің едәуір ұзартылуы.

Егер түрлендірілген шарттар едәуір өзгешеленетін болса және бастапқы актив бойынша ақша ағындарына қатысты құқықтар бітетін болса, Қор мойындауды тоқтатады. Шарттарын қайта қарау күні ретінде - кейіннен құнсыздануды есептеу мақсаты үшін , соның ішінде несие тәуекелінің едәуір ұлғаю дерегін анықтау үшін бастапқы мойындау күні есептеледі. Қор сондай-ақ жаңа несиенің немесе борыштық құралдың - қарыздың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне ғана төлемдер жасау критерийіне сәйкестігін бағалайды. Мойындалуы тоқтатылған бастапқы активтің теңгерімдік құны мен едәуір түрлендірілген жаңа активтің әділ құны арасындағы кез-келген алшақтықтар пайданың немесе шығынның құрамында көрініс табады, егер де айырмашылықтың мазмұны меншік иелерімен капиталмен жасалатын операцияларға қатысты болмаса.

## 3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша баяндалуы (жалғасы)

Шарттарды қайта қарау - контрагенттегі қаржылық қиындықтардан және оның бастапқы келісілген төлемдерді орындауға қабілетсіздігінен туындаған жағдайда, Қор бастапқы және түзетілген күтілетін ақша ағындарын активтермен - шарт талаптарының түрлендірілуі нәтижесінде актив бойынша пайда мен тәуекелдердің едәуір өзгеше болуына қатысты салыстырады. Егер тәуекелдер мен пайда өзгермейтін болса, онда түрлендірілген активтің бастапқы активтен едәуір өзгешелігі жоқ болады және оның түрлендірілуі мойындаудың тоқтатылуына әкелмейді. Қор бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша (немесе сатып алынған немесе жасалған несиелік-құнсызданған қарзжы активтері үшін несие тәуекелдерінің ескерілуімен түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша) түрлендірілген ақша ағындарын дисконттау жолымен жалпы теңгерімдік құнын қайта есептеуді жүргізеді және пайданың немесе шығынның құрамында түрлендіруден пайданы немесе шығынды мойындайды.

*Қаржы міндеттемелерін бағалау санаттары*

Қаржы міндеттемелері кейіннен амортизацияланған құны бойынша бағаланатын міндеттемелер ретінде жіктеледі, бірақ келесілерден басқа: (і) пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері: мұндай жіктелім туынды қаржы құралдарына, саудаға арналған қаржы міндеттемелеріне (мысалы, құнды қағаздар бойынша қысқа позициялар), бизнесті біріктірген жағдайда сатып алушымен мойындалатын шартты өтеуге, және бастапқы мойындау барысында осындай ретінде анықталған басқа қаржы міндеттемелеріне қолданылады; және (іі) қаржылық кепілдік шарттары мен несиелер ұсыну жөніндегі міндеттемелер.

*Қаржы міндеттемелерін мойындаудың тоқтатылуы*

Қаржы міндеттемелерін мойындау - олар өтелген жағдайда тоқтатылады (яғни шартта көрсетілген міндеттеме орындалған немесе тоқтатылған кезде, немесе оны орындау мерзімі біткен кезде).

Қор мен оның бастапқы кредиторлары арасындағы едәуір өзгешеленетін шарттары бар борыштық құралдарды алмасу, сондай-ақ қолданыстағы қаржы міндеттемелердің шарттарының едәуір түрленулері бастапқы қаржы міндеттемені өтеу және жаңа қаржы міндеттемесін мойындау ретінде ескеріледі. Шарттар едәуір өзгешеленетін болып есептеледі, егер жаңа шарттарға сәйкес ақша ағындарының дисконтталған келтірілген құны, соның ішінде бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеменің пайдаланылуымен дисконтталған, алынған сыйақылардың шегерілуімен барлық төленген сыйақылар - бастапқы қаржы міндеттемесі бойынша қалған ақша ағындарының дисконтталған келтірілген құнынан кем дегенде 10%-ға өзгешеленетін болса. Сонымен қатар, құрал деноминацияланған валюта, пайыздық мөлшерлеме типінің өзгеруі, құралды конверсиялаудың жаңа шарттары және несие бойынша шектеу шарттарының өзгеруі секілді басқа сапалық факторлар ескеріледі. Егер борыштық құралдарды алмасу немесе шарттарды түрлендіру - өтеу ретінде ескерілетін болса, барлық шығындар немесе төленген сыйақылар өтеуден пайданың немесе шығынның құрамында мойындалады. Егер алмасу немесе түрлендіру өтеу ретінде ескерілмейтін болса, барлық шығындар немесе төленген сыйақы міндеттеменің теңгерімдік құнын түзету ретінде көрініс табады және түрлендірілген міндеттеменің қалған қолданылу мерзімі барысында амортизацияланады.

Міндеттемелерді өтеуге алып келмейтін олардың түрлендірілуі өтіп кеткен күнмен кумулятивті амортизацияны есептеу әдісі бойынша бағалау мәнін өзгерту ретінде ескеріледі, бұл ретте пайда немесе шығын пайданың немесе шығынның құрамында көрініс табады, егер де теңгерімдік құнындағы айырмашылықтың экономикалық мазмұны меншік иелерімен капиталмен жасалатын операцияларға қатысы болмаса.

*Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары*

Ақша қаражаттары және олардың баламалары ақша қаражатының белгілі сомасына жеңіл айырбасталатын және баға өзгерісінің елеусіз тәуекеліне ұшыраған баптар болып табылады. Ақша қаражаттары және олардың баламалары барлық банкаралық депозиттерді және өтеудің бастапқы мерзімі кемінде 3 ай болатын басқа банктермен кері репо шарттарын қамтиды. Үш айдан артық мерзімде пайдалануға шектелген құралдар алынып тасталады. Ақша қаражаттары және олардың баламалары амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

Ақша қаражаттары мен олардың баламалары амортизацияланған құны бойынша көрініс табады, өйткені (і) олар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталады және бұл ақша ағындары қарыздың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне төлемдерді ғана білдіреді және (іі) олар пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатындардың санатына жатқызылмаған. Олар шарттың талаптарына енгізілген және тіпті кейіннен заңнама өзгергеннің өзінде қолданылуы мүмкін болатын жағдайларды қоспағанда, тек заңнамамен белгіленетін шарттар (мысалы, кейбір елдердегі қарызды меншікті капиталға айырбастау туралы қағидалар) SPPI-сынақтың нәтижелеріне әсер етпейді.

## 3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша баяндалуы (жалғасы)

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте ұсынылған ақша қаражаттарының келіп түсуі мен төлемдер - Қормен ақша қаражаттарының және олардың баламаларының табысталуын білдіреді, соның ішінде клиенттің ағымдағы шотынан қаражатты есептен шығару жолымен өндіріп алынған қарыздың негізгі сомасы немесе қарыз бойынша пайыздық табыс, клиенттің ағымдағы шотына есептелген, клиенттің көзқарасы тұрғысынан ақша қаражаттарын немесе олардың баламасын білдіретін берілген қарыздар немесе пайыздық төлемдер секілді, Қорда орналастырылған Қор контрагенттерінің ағымдағы шоттарына есептелген немесе есепке жатқызылған сомалар.

***Басқа банктердегі қаражаттар***

Басқа банктердегі қаражаттар - Қор ақша қаражаттарын банк-контрагенттерге алғытөлемдер түрінде ұсынған кезде ескеріледі. Басқа банктердегі қаражаттар амортизацияланған құны бойынша көрініс табады, егер (i) олар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталатын болса және мұндай ақша ағындары қарыздың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне төлемдерді ғана білдіреді және (ii) олар пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жатқызылмаған болса.

***Борыштық құнды қағаздарға инвестициялар***

Ақша ағындарының сипаттамалары мен бизнес-үлгісі негізінде Қор борыштық құнды қағаздарға инвестицияларды амортизациялық құны бойынша, өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша немесе пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағалау санатына жатқызады. Борыштық құнды қағаздар әділ құны бойынша көрініс табады, егер олар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталатын болса, бұл ақша ағындары қарыздың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне төлемдерді ғана білдіреді және есептік сәйкессіздікті едәуір азайту үшін ерікті негізде пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатындар ретінде анықталмайды.

Борыштық құнды қағаздар амортизациялық құны бойынша көрініс табады, олар шартта көзделген ақша ағындарын алу және сату үшін ұсталынады, борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне төлемдерді ғана білдіреді және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатындар ретінде анықталмаған. Аталған активтер бойынша пайыздық табыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі негізінде есептеледі және пайданың немесе шығынның құрамында мойындалады. Күтілетін несиелік шығындардың үлгісі негізінде анықталған құнсыздану бойынша бағалау резерві бір жылдағы пайданың немесе шығынның құрамында көрініс табады. Теңгерімдік құнының барлық өзгерістері өзге жиынтық табыстың құрамында көрініс табады. Борыштық құнды қағазды мойындау тоқтатылған жағдайда, бұрын өзге жиынтық табыстың құрамында мойындалған жиынтық пайда немесе шығын өзге жиынтық табыстан пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктеледі.

Егер борыштық құнды қағаздарға инвестициялар өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша немесе амортизацияланған құны бойынша еңсеруге арналған критерийлеріне сәйкес келмейтін болса, олар пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша еңсеріледі. Қор сондай-ақ борыштық құнды қағаздарға инвестицияларды бастапқы мойындау барысында пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын санатқа сөзсіз жатқызуы мүмкін, егер де мұндай мүмкіндікті пайдалану - есепке алудың әртүрлі әдістерінің пайдаланылуымен бағаланатын немесе мойындалатын қаржы активтерімен міндеттемелердің арасындағы есептік сәйкесіздікті едәуір азайтатын болса.

***Клиенттерге берілген несиелер мен алғытөлемдер***

Клиенттерге берілетін несиелер мен алғытөлемдер - Қор клиенттің несиесін сатып алу немесе клиентке несие беру мақсатында алғытөлемдер түрінде клиенттерге ақша қаражаттарын ұсынған кезде ескеріледі. Ақша қаражаттарының сипаттамалары мен бизнес-үлгісі негізінде Қор клиенттерге берілетін несиелер мен алғытөлемдерді бағалаудың келесі санаттарының біріне жатқызады: (i) амортизацияланған құны бойынша: қарыздың негізгі сомасы мен пайыздар есебіне төлемдерді ғана білдіретін, шартта көзделген ақша ағындарынын алу үшін ұсталатын несиелер, және ерікті негізде пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатындар санатына жатқызылмаған несиелер, және (ii) пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша: өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша немесе амортизацияланған құны бойынша бағалауға арналған өзге критерийлерге немесе SPPI-сынақ критерийлеріне сәйкес келмейтін несиелер.

Құнсыздану бойынша бағалау резервтері күтілетін несиелік шығындардың болжамдық үлгілері негізінде анықталады. 25 Ескертпеде күтілетін несиелік шығынды бағалау бойынша пайдаланылатын есептеу әдістері мен болжамдар, бастапқы деректер туралы ақпараттар берілген.

## 3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша баяндалуы (жалғасы)

### *Несиелер ұсыну бойынша міндеттемелер*

Қор несиелер ұсыну бойынша міндеттемелерді шығарады. Мұндай міндеттемелер - елеулі кері өзгерістерге жауап ретінде ғана қайтарылуы мүмкін болатын міндеттемелерді немесе қайтарымсыз міндеттемелерді білдіреді. Бастапқыда мұндай міндеттемелер - әдетте алынған сыйақы сомасымен расталған әділ құны бойынша көрініс табады. Аталған сома - егер Қор несие келісімін жасайды және несие ұсынылғаннан кейін қысқа кезеңнің барысында оны іске асыруды жоспарламайды деген ықтималдық бар болған жағдайда, несиелер ұсыну бойынша міндеттемені қоспағанда, міндеттемелердің қолданылу мерзімі барысында желілік әдіспен амортизацияланады несиелер ұсыну бойынша міндеттемемен байланысты мұндай комиссиялық табыстар келешек кезеңдердің табыстары ретінде есепке алынады және бастапқы мойындау барысында несиенің теңгерімдік құнына енгізіледі. Әрбір есепті кезеңнің соңында міндеттемелер (і) бастапқы мойындау сәтіндегі соманың амортизацияланбаған қалдығы плюс (іі) күтілетін несиелік шығынның үлгісі негізінде анықталған шартты резервтің сомасы ретінде бағаланады, егер міндеттеме нарықтық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеме бойынша несие ұсынудан тұрмайтын болса, онда міндеттеменің көлемі осындай екі соманың үлкеніне тең болады. Несиелер ұсыну бойынша міндеттемелердің теңгерімдік құны міндеттеме болып табылады. Несие пен пайдаланылмаған міндеттемені қамтитын шарттарға қатысты, егер Қор несиенің компоненті бойынша және пайдаланылмаған несиенің компоненті бойынша күтілетін несиелік шығынды бөлек сәйкестендіре алмайтын болса, пайдаланылмаған міндеттеме бойынша күтілетін несиелік шығын несие бойынша шығынға арналған бағалау резервімен бірге мойындалады. Жалпы күтілетін несиелік шығындардың - несиенің жалпы теңгерімдік құнынан асатын сомасындағы күтілетін несиелік шығын міндеттеме ретінде мойындалады.

### *Қаржылық кепілдіктер*

Қаржылық кепілдіктер Қордан - аталған дебитор борыштық құралдың бастапқы немесе түрлендірілген шарттары бойынша уақытылы төлем жасамаған жағдайда келтірілген шығынның кепілдіктерін ұстаушыға өтеп беру бойынша белгілі төлемдерді жүзеге асыруды талап етеді. Бастапқыда қаржылық кепілдіктер - әдетте алынған сыйақы сомасымен расталған әділ құны бойынша көрініс табады. Аталған сома кепілдіктің қолданылу мерзімі барысында желілік әдіспен амортизацияланады. Әрбір есепті кезеңнің соңында міндеттемелер (і) күтілетін несиелік шығынның үлгісінің пайдаланылуымен анықталған кепілдік бойынша шығынға арналған бағалау резерві мен (іі) бастапқы мойындау барысында көрініс тапқан соманың қалған амортизацияланбаған қалдығының сомасы үлкені бойынша бағаланады. Сонымен қатар, қаржылық жағдайы туралы есепте актив ретінде көрініс табатын сыйақы бойынша дебиторлық берешекке қатысты, күтілетін несиелік шығын бойынша бағалау резерві мойындалады.

### *Міндеттемелердің орындалуының кепілдіктері*

Міндеттемелердің орындалуының кепілдіктері дегеніміз - егер шарт бойынша екінші тарап шартта көзделген міндеттемені орындамайтын болса, өтемақының алынуын көздейтін шарттар. Несие шартына қосымша ретінде мұндай шарттар шартта көзделген міндеттеменің орындалмау тәуекелін табыстайды. Бастапқыда міндеттемелердің орындалуының кепілдіктері - әдетте алынған сыйақы сомасымен расталған әділ құны бойынша көрініс табады. Бұл сома шарттың қолданылу кезеңі барысында желілік әдіспен амортизацияланады. Әр есепті кезеңнің соңында міндеттемелердің орындалу кепілдігі шарттары (і) бастапқы мойындау сомасының амортизацияланбаған қалдығы мен (іі) келтірілген құнына дейін дисконтталған, есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша шартты реттеу үшін қажет шығындардың үздік бағасының сомалары үлкені бойынша бағаланады. Егер Қорда міндеттемелердің орындалу кепілдігі шарттарын реттеу үшін төленген сомаларды өтеп беру үшін клиентке жүгінудің шартта көзделген құқығы бар болса, мұндай сомалар кепілдік бойынша бенефициарға шығынның өтемін табыстаудан кейін актив ретінде мойындалуы тиіс. Мұндай төлемдер пайдадағы немесе шығындағы комиссиялық табыстың құрамында мойындалады.

### *Сату және кері сатып алу шарттары бойынша мәмілелер, құнды қағаздардың қарыздары*

Контрагентке кредитордың табыстылығын іс жүзінде қамтамасыз ететін сату және кері сатып алу шарттары («РЕПО шарттары») бойынша мәмілелер құнды қағаздардың қамтамасыз етуіне қаражат тарту операциялары ретінде қарастырылады. Сату және кері сатып алу шарттары бойынша сатылған құнды қағаздарды мойындау тоқтатылмайды. Құнды қағаздарды қаржылық жағдай туралы есептің «РЕПО шарттары бойынша дебиторлық берешек» бабына қайта сыныптау - қабылдаушы тарапта шарт бойынша немесе қалыптасқан тәжірибеге сәйкес осындай құнды қағаздарды сату немесе қайта кепілге салу құқығы бар болған кезде жүргізіледі. Тиісті міндеттемелер «Басқа банктердің қаражаты» немесе «Өзге міндеттемелер» жолында көрсетіледі.

## 3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша баяндалуы (жалғасы)

Іс жүзінде Қорға кредитордың табыстылығын қамтамасыз ететін, кері сату міндеттемесі бар («кері РЕПО») шарттар бойынша мәміле арқылы сатып алынған құнды қағаздар - контрагентке қарай, «Басқа банктерге арналған қаражаттар» немесе «Клиенттерге берілетін несиелер мен алғытөлемдер» ретінде көрініс табады. Контрагентпен алынған пайыздық және дивидендтік табысқа түзетілген кері өтеуін төлеп алу бағасы мен сату бағасының арасындағы айырма пайыздық табыс ретінде мойындалады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша РЕПО шартының бүкіл қолданылу мерзімі барысында есептеледі.

Тиянақталған сыйақы үшін қарыз ретінде контрагенттерге ұсынылған құнды қағаздар қаржылық жағдай туралы есептің бастапқы бабындағы қаржылық есептілікте көрініс табуын жалғастырады, бірақ контрагентте шарт бойынша немесе қалыптасқан тәжірибеге сәйкес аталған құнды қағаздарды сату немесе қайта кепілге салу құқығы болатын жағдайларды қоспағанда. Мұндай жағдайларда олардың қайта сыныпталуы бөлек бапта жүргізіледі. Тиянақталған сыйақы үшін қарыз ретінде алынған құнды қағаздар қаржылық есептілікте көрініс таппайды, бірақ олар үшінші тұлғалармен сатылатын жағдайларды қоспағанда. Мұндай жағдайларда осындай құнды қағаздарды сатып алу мен сатудан қаржылық нәтиже «Саудалық құнды қағаздармен операциялар бойынша шығындардың шегерілуімен табыс» жолағы бойынша бір жылдағы пайданың немесе шығынның құрамында көрініс табады. Құнды қағаздарды қайтару бойынша міндеттеме «Өзге қарыз қаражаттары» жолағының құрамында әділ құны бойынша көрініс табады.

Сату және кері сатып алу шарттары бойынша сатылған құнды қағаздарды жіктеудің негізінде Қор РЕПО шарттары бойынша дебиторлық берешекті келесі бағалау санаттарының біріне жатқызады: амортизациялық құны бойынша, өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатындар.

***Инвестициялық жылжымайтын мүлік***

Инвестициялық жылжымайтын мүлік - құнсыздану бойынша резерв пен жиналған амортизацияның шегерілуімен бастапқы құны бойынша көрініс табады (тиісті жағдайларда). Инвестициялық жылжымайтын мүліктің құнсыздану белгілері болған жағдайда Қор өтелетін соманы бағалауды жүргізеді, ол - сатуға арналған шығындардың шегерілуімен, пайдалану құндылығы мен әділ құнының сомасы үлкені ретінде анықталады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің теңгерімдік құнының - өтелетін сомаға дейін азаюы бір жылдағы пайдада немесе шығында көрініс табады. Алдыңғы жылдарда көрініс тапқан құнсызданудан шығын қалпына келтіріледі, егер де кейіннен активтің өтелетін құнын анықтау үшін пайдаланылған бағалауларда өзгеріс орын алған болса.

Кейінгі жұмсалымдар - Қор олармен байланысты келешек экономикалық пайда алады және олардың құны сенімді түрде бағалануы мүмкін деген жоғары деңгейдегі ықтималдық болған кезде ғана капиталдандырылады. Жөндеу мен ағымдағы қызмет көрсетуге арналған барлық өзге шығындар - олардың туындау шамасына қарай шығындар ретінде есепке алынады. Егер инвестициялық жылжымайтын мүліктің меншік иесі оны иемденетін болса, онда мұнадй мүлік «Негізгі құралдар» санатына ауыстырылады.

***Негізгі құралдар***

Негізгі құралдар құнсыздану бойынша резервті және жинақталған тозуды шегеріп тастағандағы құн бойынша көрсетіледі (қажет болған жағдайда).

Шамалы жөндеу және ағымдағы қызмет көрсету шығындары пайда болу жағдайына қарай шығындарға жатқызылады. Негізгі құралдардың ірі компоненттерін ауыстыру бойынша шығындар кейіннен ауыстырылған компоненттерді есептен шығарумен капиталдандырылады.

Әрбір есептік кезеңнің соңында басшылық негізгі құралдардың құнсыздану белгілерінің бар-жоғын анықтайды. Құнсыздану белгілері болған жағдайда, басшылық өтелетін құнды бағалайды. Бұл құн оны пайдалану нәтижесінде алатын құн мен сату шығындарын шегергенде, активтің барынша әділ құны ретінде белгіленеді. Теңгерімдік құн өтелетін құнға дейін төмендейді, ал құнсызданудан болған шығын бір жыл ішіндегі табыс не шығындарға жатқызылады. Алдыңғы кезеңдердегі қандай да бір активтер үшін көрсетілген құнсызданудан болған шығын, ол активтерді пайдалану нәтижесінде алынған бағалы немесе сату шығындарын шегергенде, оның әділ құнын анықтау үшін пайдаланылатын бағаларды өзгертуде орын алғанда қалпына келтіріледі.

Теңгерімдік құнды түсімдер сомасымен салыстыру арқылы анықталатын шыққан пайда және шығындар бір жыл ішіндегі пайдадағы және шығындардағы операциялық табыс және шығындар құрамында көрсетіледі.

## 3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша баяндалуы (жалғасы)

***Амортизация***

Жер амортизациялауға жатпайды. Негізгі құралдар бойынша амортизация желілік әдісті, яғни бағаны активтерді пайдалы пайдаланудың келесі есептік мерзімдер ішінде қалдық құнға дейін тең төмендету арқылы есептеледі:

| | Пайдалы пайдалану мерзімі (жыл саны) |
|---|---|
| Ғимараттар | 100 жылға жейін |
| Машиналар мен жабдықтар | 10 жылға жейін |
| Көлік құралдары | 7 жылға жейін |
| Басқасы | 10 жылға жейін |

Активтің таратылған құны – бұл активті пайдалы пайдалану мерзімінің соңына және активті пайдалы пайдалану мерзімінің соңына тән күйге жеткен жағдайда да, Қор ағымдағы сәтке істен шығуға шамаланатын шығындарды алып тастағаннан кейін алатын есептік сома. Активтердің таратылған құны және оларды пайдалы пайдалану мерзімі әрбір есептік кезеңнің соңында қайта қарастырылады және, қажет болса, түзетіледі.

***Материалдық емес активтер***

Қордың материалдық емес активтері белгілі бір пайдалы пайдалану мерзіміне ие және, негізінен, капиталдандырылған бағдарламалық қамтамасыздандыруды және лицензияларды қамтиды. Бағдарламалық қамтамасыздандыруға сатып алынған лицензиялар осы бағдарламалық қамтамасыздандыруды сатып алуға және енгізуге кеткен шығындар негізінде капиталдандырылады. Қосымша экономикалық пайда сомасы шығындардан асып түседі деп күтілсе, Қор бақылайтын, сәйкестендірілетін және бірегей бағдарламалық қамтамасыздандырумен тікелей байланысты жасалымға кеткен шығындар материалдық емес активтер ретінде көрсетіледі. Капиталдандырылған шығындар Қордың бағдарламалық қамтамасыздандыруды жасаушыларды ұстауға жұмсалатын шығындарды және үстеме шығындардың тиісті үлесін қамтиды. Бағдарламалық қамтамасыздандырумен (мысалы, оған қызмет көрсетумен) байланысты барлық өзге шығындар олардың пайда болуына қарай ескеріледі. Капиталдандырылған бағдарламалық қамтамасыздандыру 5 жыл шамасында күтілетін пайдалы пайдалану мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады.

***Қор жалға алушы ретінде әрекет ететін жалгерлік шарттарды есепке алу***

Қор жерді, кеңсе үй-жайларын, жабдықтарды және автокөліктерді жалға алады. Жалгерлік шарттар - жалдау тақырыбы болып табылатын тиісті активті Қордың пайдалануға алған күнінде тиісті міндеттемесімен бірге, пайдалану құқығы нысанындағы активтер ретінде мойындалады. Әрбір жалгерлік төлем міндеттеме мен қаржылық шығындардың арасында бөлінеді. Қаржылық шығындар әр кезең үшін міндеттеменің қалдығы бойынша тұрақты пайыздық мөлшерлемені қамтамасыз ету мақсатында жалдау мерзімі барысындағы пайда мен шығынға жатады. Бастапқы құны бойынша мойындалған пайдалану құқығы нысанындағы актив жалдау мерзімі барысында немесе активті пайдамен қолдану мерзімі барысында - қайсысы ертерек бітетініне қарай, желілік әдіспен амортизацияланады (5 Ескертпе).

Жалгерлік шарт бойынша туындайтын міндеттемелер, бастапқыда келтірілген құны бойынша бағаланады. Жалдау бойынша міндеттемелер келесі жалгерлік төлемдердің таза келтірілген құнын қамтиды:

- бекітілген төлемдер (соның ішінде шын мәнінде бекітілген төлемдерді қосқанда), алуға арналған ынталандырушы төлемдерді шегергенде;
- индекске немесе мөлшерлемеге негізделген өзгермелі жалгерлік төлемдер;
- қалдық сома кепілдіктерінің шарттары бойынша жалға алушы алуы тиіс сомалар;
- егер жалға алушы опционның орындалатынына жеткілікті деңгейде сенімді болса, сатып алуға арналған опционды орындау бағасы;
- жалгерлік шартты бұзғаны үшін айыппұлдар төлеу, егер жалдау мерзімі жалға алушының осы опционды іске асыруын көрсететін болса.

Жалгерлік төлемдер жалгерлік шартта белгіленген пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Егер мұндай мөлшерлеме анықтала алмайтын болса, қарыз капиталына өсім капиталы пайдаланылады, өйткені бұл - осындай жағдайларда осындай экономикалық ортада құны осындай активті алу үшін қажетті қаражатты тарту үшін жалға алушы төлеуі тиіс болатын пайыздық мөлшерлеме.

## 3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша баяндалуы (жалғасы)

Жер телімдерін ұзақ мерзімді жалдау бойынша төлемдер сомасы олардың кадастрлық құны негізінде анықталады және индекске немесе мөлшерлемеге бағынбайтын жалдау бойынша өзгермелі төлемдер ретінде бейнеленеді.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер келесінің ескерілуімен, өзіндік құны бойынша бағаланады:

- жалдау бойынша міндеттемені бастапқы бағалау сомасы;
- жалгерлік шарттың қолданылуы басталған күнінде немесе оған дейін жасалған барлық жалгерлік төлемдер, жалдау бойынша ынталандырма төлемдерді шегергенде;
- барлық бастапқы тікелей шығындар;
- қалпына келтіру жұмыстарының құны.

Өзгешелік тәртібінде Қор жалгерлік төлемдерді желілік әдіспен шығындарда көрсете отырып, қысқа мерзімді жалдау мен құны төмен мүлікті жалдаудың есебін жүргізеді.

Жалдау мерзімін анықтаған кезде Қор басшылығы жалдаудың ұзартылғаны үшін немесе жалдауды бұзуға арналған опционның пайдаланылмағаны үшін экономикалық негіздеме қалыптастыратын барлық деректер мен жағдайларды ескереді. Жалдауды ұзартуға арналған опциондар (немесе жалгерлік шартты бұзуға арналған опциондарды орындау мерзімінен кейінгі уақыт кезеңдері) жалдау мерзіміне енгізіледі, егер де шарттың ұзартылатынына (немесе шарттың бұзылмайтынына) қатысты жеткілікті деңгейдегі сенімділік бар болса.

Бағалау қайта қарауға жатады, егер де жағдайларда осындай бағалауға әсер ететін және сонымен қатар жалға алушыға бағынатын елеулі өзгеріс немесе елеулі оқиға орын алатын болса.

***Топ жалға беруші болып табылатын жалдау шарттарын есепке алу***

Активтер операциялық жалдауға берілген кезде, алынатын жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде біркелкі есептен шығару әдісін қолдана отырып, жалдаудан түскен табыстар ретінде көрсетіледі.

Жалдау шарттарының қолданылуы тоқтатылған кезде, Топ әдетте операциялық жалдаудан табыс алу үшін пайдаланылған активтерді сатады. Мұндай активтер оларды жалдау тоқтатылған кезде теңгерімдік құны бойынша қорлардың құрамына ауыстырылады. Сатудан келетін түсімдер сатылған тауарлардың өзіндік құнымен корреспонденциядағы түсімнің құрамында танылады.

***Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек***

Қор жалға беруші ретінде әрекет еткенде және жалдау объектілеріне иелік етуден тәуекелдер және пайда жалдаушыға берілетін жағдайда, жалға берілетін активтер қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек ретінде көрсетіледі және келешек жалгерлік төлемдердің дисконтталған құны бойынша есепке алынады. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бастапқыда жалдау қатынастарының күніне (жалдау мерзімінің басталуы) анықталған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, жалдау қатынастары пайда болған күнге көрсетіледі (жалдау қатынастарының басталу күні деп қай күннің ертерек келетініне байланысты жалгерлік шарт жасалған күн немесе тараптар негізгі жалгерлік шарттар бойынша міндеттемелерді қабылдаған күн есептеледі).

Дебиторлық берешектің жалпы сомасы және келтірілген құн арасындағы айырма алынбаған қаржылық табыс болып келеді. Бұндай табысты мойындау жалдау мерзімі ішінде таза инвестициялар (салық салғанға дейін) әдісін пайдалану отырып орындалады, таза инвестициялар әдісі жалгерлік шарт әрекет ететін бүкіл мерзім ішінде тұрақты табыстылық нормасын шамалайды. Жалдау қатынастарын ұйымдастырумен тікелей байланысты қосымша шығындар қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің бастапқы сомасына енгізіледі және жалдау кезеңінде мойындалатын табыс сомасын азайтады. Жалдау бойынша қаржылық табыстар пайда немесе шығын құрамындағы өзге операциялық табыстар құрамында көрсетіледі.

Несиелік шығын бойынша бағалау резервін мойындау болжалды несиелік шығынның жалпы моделіне сәйкес орындалады. Болжалды несиелік шығын амортизацияланған баға бойынша бағаланатын несиелер мен алғытөлемдерге де белгіленеді және қаржылық жалгерлік шарттарға сәйкес белгіленген пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған күтілетін ақша ағындарының көрсетілген құнына дейінгі дебиторлық берешектің теңгерімдік құнын есептен шығаруға арналған бағалау резервін есептеу арқылы мойындалады. Есептік келешек ақша ағындары жалға берілетін активтерді алу және сату нәтижесінде пайда болуы мүмкін ақша ағындарын көрсетеді.

## 3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша баяндалуы (жалғасы)

***Сатуға арналған айналымнан тыс активтер (немесе шығарылатын топтар)***

Айналымнан тыс активтер және айналымнан тыс не айналым активтерінен тұруы мүмкін шығарылатын топтар, олардың теңгерімдік құндары, негізінен, есептік кезең аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде сату (соның ішінде сол активтерді ұстап тұрған еншілес компанияны бақылау құқығынан айырылу) арқылы өтелген жағдайда, қаржылық жағдай туралы есепте «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер» ретінде көрсетіледі. Активтерді қайта жіктеу үшін келесі талаптардың барлығын орындау қажет: (а) активтер оларды қазіргі күйінде шұғыл сатуға дайын; (б) Қор басшылығы сатып алушыны іздеу бойынша қолданыстағы бағдарламаны бекітіп, оны жүзеге асыруды бастады; (в) активтерді негізделген баға бойынша сатуға арналған белсенді маркетинг жүргізіліп жатыр; (г) сату бір жыл ішінде іске асады деп күтілуде және (д) сату жоспарына елеулі өзгеріс енгізу немесе оны тоқтату болжалмаған. Ағымдағы есептік кезең бойынша қаржылық жағдай туралы есепте сатуға арналған болып жіктелген айналымнан тыс активтер немесе шығарылатын топтар ағымдағы есептік кезеңнің соңына жіктеуге сәйкестендіру мақсатында қаржылық жағдай туралы салыстырмалы есепте қайта жіктелмейді және көрсетілу формасын өзгертпейді.

Шығарылатын топ бір сату операциясы кезінде бірыңғай топпен сату немесе басқа да тәсілмен шығарылатын активтер (айналымдық және айналымнан тыс) тобы, сондай-ақ сол операция кезінде берілетін активтермен тікелей байланысты міндеттемелер болып табылады.

Сатуға арналған шығарылатын топтар, тұтастай алғанда, сату бойынша шығындарды шегергендегі ең аз теңгерімдік құн және әділ құн бойынша бағаланады. Сатуға арналған негізгі құралдар амортизацияланбайды.

***Қарыз қаражаттары***

Қарыз қаражаттар контрагенттер Қорға ақшалай қаражаттарды немесе өзге активтерді берген сәттен бастап көрсетіледі. Туынды емес қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Қор өзіндік берешекті иеленсе, бұл міндеттеме қаржылық жағдай туралы есептен алынып тасталады, ал міндеттеменің теңгерімдік құны мен төленген сома арасындағы айырма берешекті реттеуден пайда болған табыс немесе шығындар құрамына кіргізіледі.

***Шығарылған борыштық құнды қағаздар***

Шығарылған борыштық құнды қағаздарға Қор шығарған облигациялар жатады. Борыштық құнды қағаздар амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Қор өзінің шығарған борыштық құнды қағаздарын иеленсе, олар қаржылық жағдай туралы есептен алынып тасталады, ал міндеттеменің теңгерімдік құны мен төленген өтеу арасындағы айырма берешекті мерзімінен бұрын реттеуден пайда болған табыс құрамына кіргізіледі.

***Субсидиялау бағдарламалары***

Субсидиялау әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар мақсаттары үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі берген қаржыландыру немесе жауапты органның қаржыландыруы болып табылады. Қор субсидиялау бағдарламалары бойынша агент ретінде әрекет етеді. Үкіметтен алынған қаржыландыру қаражат өтелген сәтке дейін субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттеме ретінде танылады. Қаржыландыру Үкімет субсидиялаған жобалар үшін төлеу ретінде жергілікті банктерде орналастырылады. Қор өзіндік қаржыландыруды жергілікті банктерге берген кезде, төлеу мемлекеттік қаржыландыру алынғанға дейін Субсидиялау бағдарламасы бойынша дебиторлық берешек ретінде ескеріледі.

***Туынды қаржы құралдары***

Туынды қаржы құралдары, соның ішінде валюта айырбастау келісімшарттары, келешек пайыздық мөлшерлеме туралы келісімдер, валюталық және пайыздық своптар, әділ құн бойынша көрсетіледі.

Егер осы құралдардың әділ құны оң болып табылса, барлық туынды құралдар активтер ретінде және егер олардың әділ құны теріс болып табылса, міндетемелер ретінде ескеріледі.

Туынды құралдардың әділ құнының өзгерістері бір жыл ішіндегі пайдаға немесе залалға (туынды қаржы құралдары бойынша шығындарды есепке алмағандағы табыстар) енгізіледі. Қор хеджерлеу есебін қолданбайды.

Тәуекелдері және экономикалық сипаттамалары негізгі шарт тәуекелдерімен және экономикалық сипаттамаларымен тығыз байланысты болмаса, басқа қаржылық құралдарға кіріктірілген кейбір туынды құралдар негізгі шарттан бөлінеді.

## 3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша баяндалуы (жалғасы)

***Пайдаға салынатын салық***

Қаржылық есептемеде қолданыстағы және есептік кезеңнің соңына шын мәнінде күшіне енген салық мөлшерлемелерін және заңнамалық нормаларды пайдалана отырып, заңнама талаптарына сәйкес салық салу бойынша шығындар көрсетілген. Пайдаға салынатын салық бойынша шығындар ағымдағы салықтар бойынша шығындарды және кейінге қалдырылған салықтар бойынша шығындарды қамтиды және олар осы немесе басқа кезеңдегі жиынтық табыс құрамында немесе тікелей капиталда көрсетілген операцияларға жатқызылатындықтан, өзге жиынтық табыс құрамында немесе тікелей капиталда көрсетілмеуі тиіс болса, жыл ішіндегі пайдада немесе шығында көрсетіледі.

Ағымдағы салық ағымдағы және алдыңғы кезеңдердегі салық салынатын пайдаға немесе шығындарға қатысты салық органдарына төлеуге немесе салық органдарының өтеуіне күтілетін пайдаға салынатын салық сомалары негізінде есептеледі. Қаржылық есептеме тиісті салық декларацияларын бергенге дейін бекітілсе, салық салынатын пайда немесе шығын бағалау көрсеткіштеріне негізделеді. Пайдаға салынатын салықты қоспағанда, салықтар бойынша өзге шығындар әкімшілік және өзге операциялық шығындар құрамында көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған пайдаға салынатын салық кейінге қалдырылған салық шығындарына және активтер мен міндеттемелердің салық салынатын базасы мен олардың қаржылық жағдай туралы есептегі теңгерімдік құны арасындағы уақытша айырмаларға қатысты теңгерімдік міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Бастапқы мойындау үшін алынып тастауға сәйкес, бизнесті біріктіру нәтижесінде пайда болатын бастапқы мойындау жағдайларын қоспағанда, бастапқы мойындау кезіндегі операция бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға да әсер етпесе, активті немесе міндеттемені бастапқы мойынған кезде туындайтын уақытша айырмаларға қатысты кейінге қалдырылатын салық ескерілмейді. Кейінге қалдырылған салық салу бойынша активтер мен міндеттемелер, қолданылатын немесе есептік кезеңнің соңына шын мәнінде қолданылатын және, күтілетіндей, уақытша айырмалар немесе кейінге қалдырылған салық шығындары іске асырылатын кезде қолданылатын салық салу мөлшерлемелерін пайдалана отырып белгіленеді.

Салық салынатын базаны азайтатын уақытша айырмалар бойынша кейінге қалдырылған салық активтері және кейінге қалдырылған салық шығындары тек осыған қатысты салық салынатын уақытша айырмалар пайдаланылуы мүмкін салық салынатын пайда алу ықтималдығының шамасына сәйкес көрсетіледі.

***Белгіленбеген салық позициялары***

Қордың белгіленбеген салық позицияларын әрбір есептік кезеңнің соңында басшылық бағалайды. Салық органдары Қордың салық позициясымен келіспеген жағдайда, басшылық қосымша салық міндеттемелерінің пайда болуы мүмкін деп есептегенде, салықтарға қатысты көрсетілетін міндеттемелер ескеріледі. Мұндай бағалау қолданыста болған немесе есептік кезеңнің соңына шын мәнінде күшіне енген салық заңнамасына және кез келген белгілі сот қаулысына немесе ұқсас мәселелер бойынша өзге шешімге түсінік берудің негізінде орындалады. Пайдаға салынатын салықты қоспағанда, айыппұлдар, өсімақылар және салықтар бойынша міндеттемелер басшылықтың есептік кезеңнің соңына міндеттемелерді реттеу үшін қажетті шығындарды ең жақсы бағалау негізінде көрсетіледі.

***Міндеттемелер және аударымдар бойынша резервтер***

Міндеттемелер және аударымдар бойынша резервтер мерзімі немесе сомасы белгіленбеген, қаржылық емес сипаттағы міндеттемелер болып келеді. Резервтер Қорда есептік күнге дейін пайда болған міндеттемелер (құқықтық немесе қалыптасқан іскерлік тәжірибеден шығатын) болған жағдайда қаржылық есептемеде көрсетіледі. Бұл ретте осы міндеттемелерді орындау үшін Қорға экономикалық ресурстардың жылыстауы қажет болуының және міндеттемелер сомасы жеткілікті дәлдік шамасы арқылы бағалануының ықтималдығы жоғары.

Пайдаға салынатын салықты немесе төлеу бойынша міндеттің пайда болуына дейінгі кезеңге қатысты ақпарат негізінде реттеуші органдар белгілейтін алымдарды қоспағанда, салық сияқты міндетті төлемдер мен аударымдар заңнамада міндетті төлемді төлеу бойынша міндетке алып келетін міндеттеме ретінде анықталатын, міндетті төлемнің пайда болуына алып келетін міндеттеуші оқиға пайда болған кезде міндеттемелер ретінде мойындалады. Міндетті төлемді төлеу міндеттеуші оқиға орын алғанға дейін орындалса, бұл төлем алғытөлем ретінде танылады.

## 3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша баяндалуы (жалғасы)

***Жеткізушілермен есеп айырысу және өзге де кредиторлық берешек***

Кредиторлық берешек және өзге кредиторлық берешек контрагенттер міндеттемелерін орындаған кезде мойындалады және амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.

***Акционерлік капитал***

Дивидендтері басшылықтың қалауы бойынша жарияланатын қарапайым акциялар меншікті қаражат ретінде көрсетіледі. Жаңа акциялар эмиссиясына тікелей қатысты қосымша шығындар меншікті қаражат құрамында түсімнің азаюы (салықты қоспағанда) ретінде көрсетіледі. Алынған қаражаттың әділ құны шығарылған акциялардың атаулы құнынан асатын сома меншікті қаражат құрамында эмиссиялық табыс ретінде көрсетіледі.

***Дивидендтер***

Дивидендтер капиталда олар жарияланған кезеңде көрсетіледі. Есептік кезең аяқталғаннан кейін, алайда қаржылық есептемені шығаруға бекіткенге дейін жарияланған барлық дивидендтер туралы ақпарат «Есептік кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар» атты 31 Ескертпеде көрсетіледі. Пайданы үлестіру және оның өзге жұмсалуы Қазақстан заңнамасының талаптарына сәйкес дайындалған бухгалтерлік есептеме негізінде жүзеге асады. Қазақстан заңнамасының талаптарына сәйкес, пайданы үлестіру Қазақстан заңнамасының талаптарына сай дайындалған қаржылық есептеме бойынша ағымдағы жылдағы таза пайда негізінде жүргізіледі.

***Пайыздық табыс және шығындарды мойындау***

Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатындардан басқа барлық борыштық құралдар бойынша пайыздық табыс және шығындар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, есептеу әдісі негізінде көрсетіледі. Мұндай есептеу пайыздық табыс пен шығындарға шарт тараптары төлеген және алған және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын барлық комиссиялар мен алымдарды, мәміле бойынша шығындарды, сондай-ақ барлық өзге сыйақылар мен жеңілдіктерді қосады. Атаулы пайыздық мөлшерлеме негізінде есептелген, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша пайыздық табыс «Өзге ұқсас табыс» бабында пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемеге қатысты комиссиялар қаржылық активті қалыптастырумен немесе қаржылық міндеттемені шығарумен байланысты алынған немесе төленген комиссияларды қамтиды (мысалы, несиеге қабілеттілікті бағалау, кепілдіктерді немесе қамтамасыз етуді бағалау, құралды беру шарттарын реттеу және мәміле бойынша құжаттарды өңдеу бойынша комиссиялық сыйақылар). Қор нақты несиелік келісім жасау және қарызды бергеннен кейін қысқа мерзім ішінде оны сатуды жоспарламайтындығы жөніндегі ықтималдылық болса, Қор нарықтық мөлшерлемелер бойынша қарыз беру міндеттемесі үшін, шығару үшін алған комиссиялар тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылады. Қор несие беру бойынша міндеттемені пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемеге жатқызбайды.

Құралған немесе сатып алынған несиелік құнсызданған қаржылық активтер бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме күтілетін ақша ағындарын (соның ішінде бастапқы болжалды несиелік шығын) бастапқы мойындау кезіндегі әділ құнға (әдетте сатып алу бағасына сәйкес келеді) дейін дисконттайтын мөлшерлеме болып табылады. Нәтижесінде тиімді пайыз несиелік тәуекелді есепке ала отырып түзетіледі.

Төмендегілерден басқа, пайыздық табыс қаржылық активтердің жалпы теңгерімдік құнға қатысты тиімді пайыздық мөлшерлемесін қолдана отырып есептеледі: (i) құнсызданған (3-кезең) және пайыздық табыс амортизацияланған құнға қатысты тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып (болжалды несиелік шығын бойынша резервті шегергенде) есептелетін қаржылық активтер; және (ii) несиелік тәуекелді есепке ала отырып түзетілген бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизацияланған құнына қатысты пайдаланылатын несиелік құнсызданған құрылған немесе сатып алынған қаржылық активтер.

***Комиссиялық табыс***

Комиссиялық табыс клиент бір уақытта Қор көрсеткен қызметтерден пайданы алғанда және оны қолданған кезде, көрсетілген қызметтер фактісі бойынша бірқалыпты есептен шығару әдісін пайдалану арқылы кезең ішінде көрсетіледі. Ауыспалы сыйақы басшылықтың шешіміне сәйкес оған қатысты елеулі түзетпе жасаудың жоғары ықтималдығы жоқ сомада ғана көрсетіледі.

## 3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша баяндалуы (жалғасы)

Өзге комиссиялық табыс Қор атқару міндеттемелерін әдетте тиісті операцияны жүргізгеннен кейін орындаған кезде көрсетіледі. Алынған немесе алынуы тиіс комиссиялық сыйақы сомасы ерекшеленетін атқару міндеттемелері ретінде сәйкестендірілген қызметтер бойынша мәміле бағасы болып табылады.

***Шетел валютасын қайта бағалау***

Қордың атқарымдық валютасы Қор қызметін жүргізетін негізгі экономикалық аймақ валютасы болып табылады. Қордың атқарымдық валютасы және есептеме ұсыну валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге болып табылады.

Шетел валютасында көрсетілген операциялар операция жүргізу күніне басым болған айырбас бағамы бойынша көрсетіледі. Шетел валютасында көрсетілген операцияларды өтеуден бағамдың айырмалар сол күнге белгіленген айырбас бағамын пайдалана отырып, жиынтық табыс туралы есепке енгізіледі.

Шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есептік күнге ҚРҰБ-ның ресми айырбас бағамын пайдалана отырып теңгеге көшіріледі. Шетел валютасындағы ақшалай емес активтер мен міндеттемелер және операциялар операция жүргізу күніне ҚРҰБ-ның айырбас бағамы бойынша көрсетіледі. Жыл соңына айырбас бағамы бойынша қайта есептеу бастапқы құн бойынша бағаланатын ақшалай емес баптарға қолданылмайды. Бағамдық айырбастан келетін пайда және шығын жиынтық табыс туралы есепте таза негізде көрсетіледі.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шетел валютасындағы шоттар бойынша қалдықтарды қайта есептеуде пайдаланылған ресми айырбас бағамы 1 АҚШ долларына 420.91 теңгені құрады (2019 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ долларына 381.1 теңге). 2015 жылғы 20 тамызда Қазақстан Республикасы Үкіметі ҚРҰБ-мен бірлесіп валюталық дәлізді алып тастау және теңгенің еркін өзгермелі айырбастау бағамына көшу туралы шешім қабылдады.

***Қызметкерлерді ұстау бойынша шығындар және олармен байланысты аударымдар***

Жалақы төлеу бойынша шығындар, мемлекеттік зейнетақы қорына және әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін жарналар, төленген жыл сайынғы демалыстар мен сырқаттық бойынша қағаздар, сыйақылар және ақшалай емес жеңілдіктер Қор қызметкерлері сәйкес қызметтерді көрсетулеріне қарай есептеледі. Белгіленген жарналармен мемлекеттік жоспарға сәйкес төлемдерден басқа, Қордың зейнетақы төлеу бойынша немесе соған ұқсас төлем жасау бойынша қандай да болсын құқықтық немесе қалыптасқан іскерлік тәжірибеден шығатын міндеттемелері жоқ.

***Сегментті есептілік***

Сегменттер бойынша есептілік операциялық шешімдер қабылдайтын Қор басшылығына ұсынылатын ішкі есептілікке сәйкес жасалады. Сегмент бойынша табыс, қаржылық нәтиже немесе активтер жалпы табыс көлемі, жалпы қаржылық нәтиже немесе барлық сегменттердің жиынтық активтерінің кемінде он пайызын құрайтын болса, сегментті жеке ашып көрсету қажет.

## 3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша баяндалуы (жалғасы)

***Қаржылық жағдай туралы есеп баптарын өтімділік тәртібінде көрсету***

Қорда операциялық кезең нақты белгіленбегендіктен, Қор қаржылық жағдай туралы есепте айналым және айналымнан тыс активтерді, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді міндеттемелерді жеке көрсетпейді. Оның орнына активтер және міндеттемелер өтімділік тәртібінде көрсетіледі. Болжалды өтеу сомалары бойынша қаржылық құралдардың талдауы 25-ескертпеде келтірілген. Төмендегі кестеде 25-ескертпеде көрсетілген талдауға енгізілмеген баптар бойынша есептілік кезеңі аяқталғаннан кейін 12 ай өткенге дейін немесе өткен соң төленеді немесе өтеледі деп күтілетін сомалар туралы ақпараттар берілген.

| | 2020 ж. 31 желтоқсан | | | 2019 ж. 31 желтоқсан | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Өтеуге күтілетін сомалар | | | Өтеуге күтілетін сомалар | | |
| *Мың қазақстандық теңгемен* | Есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде | Есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 айдан кейін | Жиыны | Есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде | Есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 айдан кейін | Жиыны |
| **Активтер** | | | | | | |
| Ағымдағы салық міндеттемелері бойынша алғытөлем | 2,972,132 | 4,458,199 | 7,430,331 | 3,798,609 | 5,432,630 | 9,231,239 |
| Кейінге қалдырылған салық активі | 583,314 | 2,394,873 | 2,978,187 | - | 199,965 | 199,965 |
| Материалдық емес активтер | 143,311 | 91,080 | 234,391 | 128,944 | 89,132 | 218,076 |
| Негізгі құралдар | 422,463 | 1,938,802 | 2,361,265 | 422,136 | 2,026,821 | 2,448,957 |
| Өзге активтер | 5,007,902 | - | 5,007,902 | 361,272 | - | 361,272 |
| Сатуға арналған айналымнан тыс активтер | 250,217 | - | 250,217 | 330,533 | - | 330,533 |
| **Міндеттемелер** | | | | | | |
| Өзге міндеттемелер | 443,841 | - | 443,841 | 699,233 | - | 699,233 |

## 4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар

Қор есеп сомасында және активтердің теңгерімдік құнына және келесі қаржы жылындағы міндеттемелерде көрсетілгендерге ықпал ететін бағалау мен жорамалдарды жүргізеді. Бағалаулар мен жорамалдар басшылық тәжірибесі мен басшылықтың пікірі бойынша ағымдық міндеттемелер тұрғысында негізді болып табылатын келешек оқиғаларға қатысты күтулерді қоса алғанда басқа да факторлар негізінде тұрақты талданады. Есептік саясатты қолдану процесінде басшылық сондай-ақ кәсіби пайымдамалар мен бағалауды пайдаланады. Есептік саясатты қолдану процесінде басшылық сондай-ақ кәсіби пайымдамалар мен бағалауды пайдаланады. Қаржылық есепте көрсетілетін сомалар мен нәтижесі келесі қаржылық жылдың бойындағы активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнын түзетудегі маңызды бағаларға барынша елеулі ықпал етеді, олар мыналарды қамтиды:

***Қызметтің үздіксіздігі***

Басшылық осы қаржылық есепті қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде дайындаған. Аталған пайымдауды жасау кезінде басшылық Қордың қаржылық жағдайын, ағымдағы ниетін, операцияларының табыстылығын және қаржылық ресурстарға қол жеткізуін есепке алған.

***Күтілген несиелік шығындарды бағалау***

Қор қаржылық мекемелердегі өзінің несиелік қоржыны мен қаражатының құнсыздану мәнін тұрақты негізде және әр есептік күнде талдап отырады. Күтілген несиелік шығындардың бағалауы – елеулі бағалау және оны алу үшін бағалау әдістемесі, үлгілер және бастапқы деректер пайдаланылады. Күтілетін несиелік шығындарды бағалау әдістемесінің егжей-тегжейлі деректері 31 Ескертпеде ашып көрсетілген. Келесі компоненттер несиелік шығындар бойынша бағалау резервіне едәуір әсер етеді: дефолттың анықталуы, несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюы, дефолт ықтималдығы, дефолт тәуекеліне ұшырағыштық және дефолт жағдайындағы шығынның көлемі, сондай-ақ макроэкономикалық сценарийлердің үлгілері. Қор күтілген есепті несиелік шығындар мен несие бойынша іс жүзіндегі шығындардың арасындағы алшақтықты азайту мақсатында үлгілер мен үлгілерге арналған бастапқы деректерді тұрақты түрде тексереді және растайды.

## 4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

2020 және 2019 жылдары Қор Банктерге берілген қарыздар бойынша макроэкономикалық айнымалыларға талдау жүргізген жоқ. Бұл – Банктердің дефолтқа ұшырау ықтималдығына макроэкономикалық айнымалылардың әсер етпейтіндігімен түсіндіріледі, осыған байланысты макроэкономикалық факторлар 100% деңгейінде бекітілген (бұл – әсердің жоқтығын көрсетеді). Қордың активтеріне қатысты мардымсыз болуына байланысты, Қор несиелер мен алғытөлемдер бойынша макроэкономикалық айнымалылардың әсерін талдауды жүргізбейді.

2020 жылы Қор қаржылық активтердің несиелік сапасының нашарлауына байланысты 1,190,264 мың теңге сомасында (2019 жыл: қалпына келтіруден түскен табыс 1,135,899 мың теңге сомасында) қаржы мекемелеріндегі қаражат және Клиенттерге берілген несиелер мен алғытөлемдер бойынша несиелік қоржынның несиелік залалдарына бағалау резервінің құнсыздануынан болған залалды таныды (7 және 8 Ескертпелер).

***Қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша сезімталдықтың талдауы***

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дефолт ықтималдығын 10%-ға арттыру немесе азайту күтілетін Несиелік шығын бойынша бағалау резервінің сомасын 1,229,144 мың теңгеге ұлғайтуға немесе азайтуға әкеп соқтырар еді (2019 жылғы 31 желтоқсан: 1,160,305 мың теңгеге).

***Несие тәуекелінің едәуір ұлғаюы***

Несие тәуекелін едәуір ұлғаюы деңгейін анықтау үшін Қор есепті күнінде қаржы құралының әрекет ету мерзімі ішінде дефолттың орын алу тәуекелін – бастапқы мойындау күніндегі дефолттың орын алу тәуекелімен салыстырады. Бағалау барысында есепті күніндегі несие тәуекелінің нақты деңгейі емес, несие тәуекелінің салыстырмалы ұлғаюы қарастырылады. Қор бірқатар факторларды, соның ішінде нақты клиенттік қорлардың жосықтық аспектілерін қоса алғанда, шектен тыс шығындар мен күш-жігер жұмсамастан қолжетімді бүкіл негізделген және расталатын болжалды ақпаратты есепке алады. Қор дефолт сәтіне дейін несие тәуекелінің жосықтық белгілерін және тиісті болжалды ақпараттың – бөлек құрал немесе қоржын деңгейінде несие тәуекелін бағалауға енгізілуін анықтайды (27 Ескертпе).

Егер клиенттерге берілген барлық несиелер мен алғытөлемдер бойынша күтілетін несиелік шығындар бүкіл мерзім ішінде күтілетін несиелік шығындар ретінде бағаланатын болса (яғни, қазіргі сәтте 1-кезеңде тұрғандарын және 12 айлық күтілетін несиелік шығындар ретінде бағаланатындарын қоса алғанда), күтілген несиелік шығындар бойынша болжамды резерв 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 10,475,306 мың теңгеге артық болар еді (2019 жылғы 31 желтоқсан: 9,157,610 мың теңгеге артық).

***Бизнес-үлгіні бағалау***

Қаржы активтері бизнес-үлгі негізінде жіктеледі. Бизнес-үлгіге бағалау жүргізген кезде басшылық қаржы құралдарының қоржындары мен біріктіру деңгейін орнату үшін пайымдауды қолданды. Сату операцияларын бағалау кезінде Қор олардың жиілігін, мерзімін және өткен кезеңдердегі құнын, сату себептерін және келешек сатларға қатысты үмітті есепке алады. Несиелік сапаның нашарлауына байланысты әлеуетті шығындарды барынша азайтуға бағытталған сату операциялары «алу үшін ұстау» бизнес-үлгісіне сәйкес келеді деп есептеледі. Несие тәуекелін басқару жөніндегі шаралармен байланысы жоқ, өтеу мерзіміне дейінгі басқа сатулар да «алу үшін ұстау» бизнес-үлгісіне сәйкес келеді, егер де олар сирек жүзеге асырылатын болса немесе жекелеген түрінде және жиынтық түрінде құны бойынша мардымсыз болса. Қор сату операцияларының маңыздылығын – қоржынның қолданылуының орташа мерзімі барысында бизнес-үлгінің бағалауы жүргізілетін қоржынның құнымен сату құнын салыстыру жолымен бағалайды. Сонымен қатар, күйзелістік сценарий болған жағдайда ғана немесе Қормен бақыланбайтын, қайталанатын болып табылмайтын және Қормен бақылана алмайтын бөлек уақиғамен байланысты күтілетін қаржылық активтің сатылуы бизнес-үлгінің мақсатымен байланысы жоқ ретінде қарастырылады және тиісті қаржы активтерінің жіктелуіне әсер етпейді.

«Алу және сату үшін ұстау» бизнес-үлгісі үшін ақша ағындарын алу мақсатында активтердің ұсталу дерегі және активтердің сатылуы – өтімділіктегі қажеттіліктерді басқару, белгілі пайыздық табысқа қол жеткізу немесе есебінен сол активтер қаржыландырылатын міндеттемелердің мерзімімен қаржы активтерінің мерзімін сәйкестікке келтіру секілді, бизнес-үлгінің мақсаттарына қол жеткізудің ажырамас бөлігі болып табылады.

Қалдық санаты – бірінші кезекте сату арқылы, пайда алу үшін пайдаланылатын ақша ағындарын іске асыру мақсатында басқарылатын қаржы активтерінің қоржындарын қамтиды. Бұл бизнес-үлгі жиі жағдайларда шартта көзделген ақша ағындарын алумен байланысты болады.

## 4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

***Ақшалай қаражаттың тек қана борыштың және пайыздардың негізгі сомасы есебіне төлемдерді айқындауға сәйкестігін бағалау (SPPI)***

Қаржы активінен ақша ағындарының – қарыздың негізгі сомасы мен пайыздар төлемдерінің ғана анықтамасына сәйкестігін анықтау үшін пайымдауды қолдану қажет.

Қор ақшалай қаражаттың шарттық ағындарының сомасын немесе мерзімін өзгертетін шарт талаптарын анықтады және қарады. Ақша ағындары қарыздың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне төлемдердің ғана критерийіне сәйкес келеді, егер несиенің шарттары бойынша оны мерзімінен бұрын өтеу мүмкін болса және мерзімінен бұрын өтеу сомасы қарыз бен есептелген пайыздардың сомасын және шарттың мерзімінен бұрын бұзылғаны үшін негізделген қосымша өтемақыны білдіреді. Актив бойынша қарыз сомасы – қарыз сомасын өтеу есебіне кейінгі төлемдердің, яғни тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі арқылы анықталған пайыздарды ескерусіз төлемдердің шегерілуімен, бастапқы мойындау кезіндегі әділ құнына тең. Бұл ережеден өзгешелік ретінде стандарт та мерзімінен бұрын өтеу элементтері бар құралдарға жол береді, олар қарыздың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне төлемдердің ғана критерийлеріне сәйкес келу үшін келесі шарттарға сай келуі тиіс: (і) актив сыйлықақымен немесе дисконтпен берілген, (іі) алғытөлем сомасы шарт бойынша атаулы сома мен есептелген пайыздарды және шарттың мерзімінен бұрын бұзылғаны үшін негізделген қосымша өтемақыны білдіреді, және (ііі) мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігінің әділ құны бастапқы мойындау сәтінде елеусіз болған.

Қор стандартта келтірілген мысалдарды қарап шығып, шарттың мәтініне енгізілмеген, заңнама негізінде ғана туындайтын сипаттамалар (мысалы, кейбір елдердегі қарызды меншікті капиталға конверсиялау туралы қағидалар секілді), яғни заңнама өзгерген жағдайда бұл сипаттамалар әрі қарай қолданылмайды, қарыздың негізгі сомасы мен пайыздар есебіне төлемдердің ғана критерийлеріне ақша ағындарының сәйкестігін анықтау барысында ескерілмеуі тиіс деген қорытындыға келді.

***Қаржы активтерін түрлендіру***

Қаржы активтері шарттың талаптарына сәйкес түрлендірілетін кезде (мысалы, оларды қайта қараудың нәтижесінде), Қор түрлендірудің елеулі болу-болмауын және ол бастапқы активті мойындауды тоқтатуға және әділ құны бойынша жаңа активті мойындауға әкелуі тиіс болу-болмауын бағалайды. Бұл баға көбінесе тиісті есептік саясатта сипатталған сапалық факторларға негізделеді, және елеулі пайымдаулардың қолданылуын қажет етеді. Атап айтқанда, Қор шешім қабылдаған кезде талаптары қайта қаралған құнсызданған несие шарттарын мойындаудың қажеттілігі бар-жоқтығы туралы және қайтадан мойындалған несиелерді бастапқы мойындау кезінде құнсызданған ретінде қарастырудың қажеттілігі бар-жоқтығы туралы пайымдауды қолданады. Мойындауды тоқтату қажеттілігі туралы шешім – осындай түрлендірудің нәтижесіндегі тәуекелдер мен пайданың, яғни күтілген ақша ағындарының (шартта көзделген ақша ағындарының емес) өзгеру-өзгермеуіне байланысты. Басшылық осындай несиелердің нәтижесінде тәуекелдер мен пайданың өзгермегенін, және тиісінше шын мәнінде барлық осындай түрлендірулер мен несиелердің мойындалуын тоқтату және олардың құнсызданғандар кезеңінен қайта жіктеу орын алмағанын анықтады.

Қорда 52,996,774 мың теңге көлемінде «ЦеснаБанк» АҚ-ға ұсынылған қарыздар бойынша талаптар болды, олар мемлекеттік қаражаттан және АДБ-дан алынған қаражаттан берілген болатын. 2018 жылғы желтоқсанда АДБ қаражатынан 32,591,479 мың теңге көлемінде берілген қарыздар бойынша талаптар Қазақстан Республикасы Үкіметі, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «ҚазАгро Холдингі» АҚ және «Цесна Корпорациясы» АҚ арасында жасалған 2018 жылғы 19 қыркүйектегі Шекті келісім шарттарына сәйкес қайта құрылымдалды. Аталған қайта құрылымдау аясында «Цеснабанк» АҚ-мен берілген қарыздар бойынша талаптар – 15 жылдық өтеу мерзімімен және 4% мөлшерлемесімен «Цеснабанк» АҚ борыштық облигацияларына алмастырылды. Қор 2018 жылғы желтоқсан айында осы облигацияларды өтеуін төлеп алды.

2019 жылғы 18 қаңтарда екінші шекті келісімге қол қойылып, аталған облигациялар мөлшерлеменің 0.1%-ға дейін түсуі арқылы қайта құрылымдалды. Мемлекеттік қаражаттан берілген қарыздардың қалған бөлігі бойынша 20,499,974 мың теңге сомаға, пайыздық мөлшерлемесін 0,1%-ға дейін төмендету бойынша және түрлендірілген күнінен бастап 15 жылдық өтеу мерзімімен келісімшарттық талаптарды түрлендіру жүргізілді. Екінші қайта құрылымдаудан кейін Қор барлық қарыздар бойынша талап ету құқығынан айырылды. Бұның нәтижесінде шығындардың (LGD) 55%-дан 70%-ға дейін ұлғаюы орын алды. Қор басшылығы аталған қайта құрылымдау әрекетін 2018 жылдың есептік күнінде түзетуді талап ететін, есептік күннен кейінгі оқиға ретінде есепке алды.

## 4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Қор қарыздар мен облигацияны модификациялауды маңызды және бұрынғы қаржылық құралды мойындауды тоқтатып, жаңа құралды мойындауды талап етеді деп бағалады. Ең алдымен Қор бастапқы қаржылық құралды құнсыздану мөлшерін сәйкесінше 70% және 100%-ға тең LGD және PD коэффициенттерін пайдалану арқылы белгіледі. Одан кейін Қор облигациялардың әділ құнын есептеді. Ол 3,935,983 мың теңгені құрады. Әділ құнын анықтау барысында Қор дисконтталған ақша ағындарының үлгісін пайдаланды және нарықтық мөлшерлемені несие тәуекелінің ескерілуімен нарықтық деректер негізінде 15.45% мөлшерінде анықтады. АДБ қаражатынан берілген қарыздардың осындай түрлендірілуі нәтижесінде, Қор 2018 жылға арналған пайда немесе шығын және өзге жиынтық табыс туралы есепте 18,040,172 мың теңге көлеміндегі және 2018 жылдағы капиталдың құрамында 4,920,047 мың теңге көлеміндегі құнсыздану жайтын мойындады, сондай-ақ 2018 жылдағы капиталдың құрамында 5,904,111 мың теңге сомасындағы облигацияларды мойындаудан туындаған шығындарды мойындады (8-ші және 9-шы Ескертпелер).

***Есептен шығару саясаты***

Қор оларды өндіріп алу бойынша барлық дерлік мүмкіндіктерді пайдаланып болып, осындай активтерді өндіріп алуға қатысты үміттің негізсіздігі туралы қорытындыға келгеннен кейін, қаржы активтері тұтастай немесе ішінара есептен шығарылады. Өтеуге қатысты негізделген үміт күттірмейтін ақша ағындарын анықтау – пайымдаулардың қолданылуын талап етеді.

***Туынды қаржы құралдары мен кейбір басқа қаржы құралдарының әділ құны***

Бағалануы – 29 Ескертпеде келтірілген бақыланатын нарықтық бағалар пайдаланылатын жорамалдар негізінде жүзеге асырылатын қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпарат.

2014 жылғы желтоқсан айында және 2015 жылғы қазан айында Қор АҚШ долларымен АДБ-дан алынған қарызбен байланысты валюталық тәуекелдерді барынша азайту мақсатында коммерциялық банктермен 5-жылдық своп шарттарын жасады (12 Ескертпе). 31 жылғы 2020 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор барлық своп шарттарын жапты. Мерзімнің өтуі бойынша барлық позициялардың жабылуына байланысты қаржы туынды құралдарымен операциялардан болған шығындар 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша болған жоқ (2019 ж.: 13,355 мың теңге мөлшеріндегі кіріс). Сондай-ақ, Қор 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде АДБ қарыздары бойынша валюталық шығындарға ұшыраған жоқ (2019 жыл: 117,323 мың теңге мөлшеріндегі шығындар).

2019 жыл ішінде своп 5-жылдық тіркелген шарттары мерзімінен бұрын жабылды (2019 жыл: 61,000 мың АҚШ доллары), нәтижесінде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық туынды құралдармен операциялардан іске асырылған кірістер мойындалмады (2019 жыл: 12,567,830 мың теңге). Коммерциялық банктермен жасасқан своп шарттар бойынша қор 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыздарды төлемеген (2019 жылғы 31 желтоқсан: 225,927 мың теңге).

***Байланысты тараптармен операциялар мен нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша қаржы құралдарын бастапқы мойындау***

Өзінің әдеттегі қызметі барысында Қор байланысты тараптармен операциялар жүргізеді. ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша мойындалуы тиіс. Операциялар нарықтық немесе нарықтық емес пайыздық мөлшерлемелер бойынша жүзеге асырылғанын анықтау үшін осындай операцияларға арналған белсенді нарық болмаған жағдайда, пайымдаулар пайдаланылады. Пайымдаудың негіздемесі – байланысты емес тараптармен операциялардың ұқсас түрлеріне баға белгілеу және тиімді пайыздық мөлшерлемені талдау болып табылады. Байланысты тараптармен операцияларға қатысты шарттар 31 Ескертпеде көрініс тапқан.

2014-2015 жылдары Қор «Бәйтерек» ҰБҚ» АҚ-дан 20 жыл өтеу мерзімімен 0.15% жылдық мөлшерлемемен 200 миллиард теңге көлемінде қаражат алды. Қарыз қаражаттарының әділ құнын бағалау барысында Қор басшылығы 20 жылға экстраполяцияланған 10 жылдық мемлекеттік облигациялар бойынша қисық табыстылықтан алынған жылдық базистік мөлшерлемені пайдаланды.

2014-2015 жылдары 200 миллиард теңге көлемінде алынған қаражат 20 жыл өтеу мерзімімен 2% жылдық мөлшерлемемен коммерциялық банктерде толық орналастырылды. Банктерге берілген қарыздың әділ құнын бағалау барысында Қор басшылығы әрбір несиелік рейтинг үшін Несиелік Дефолттық Спрэд негізінде әр банктің спецификалық несие тәуекелдерін пайдаланды. Несиелік Дефолттық Спрэд 20 жылға экстраполяцияланған 10 жылдық мемлекеттік облигациялар бойынша қисық табыстылықтан алынған жылдық базистік мөлшерлемеге жобаланды.

## 4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

2019 жылы Қор «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тарапынан 2014-2016 жылдары алынған 14,675,147 мың теңге сомасындағы қаражатты 14 жылдық өтеу мерзімімен, 2% жылдық мөлшерлемемен коммерциялық банктерге орналастырылды.

Банктерге берілген қарыздың әділ құнын бағалау барысында Қор басшылығы әрбір несиелік рейтингке қатысты АҚШ қазынашылық қағаздары негізінде әр банктің спецификалық несие тәуекелдерін пайдаланды. Қазынашылық қағаздардың тәуекелсіз мөлшерлемелері тәуекел үшін сыйлықақыға, тәуелсіз тәуекел үшін, валюталық тәуекел үшін сыйлықақыға және несиелік тәуекел және/немесе несиелік спред үшін сыйлықақыға түзетілді. Коммерциялық банктің несиелік тәуекеліне қарай мөлшерлемелер 8.01%-дан 9.18%-ға дейін тіркелді (8 Ескертпе).

Тиімді пайыздық мөлшерлемелердің қолданылуы нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемелер бойынша қаржы құралдарын бастапқы мойындау барысында табыс пен шығындардың мойындалуына әкелді.

2014-2015 жылдары Қор 0.9207% жылдық мөлшерлемемен және 5 жылдық өтеу мерзімімен 350 миллион АҚШ доллары көлемінде АДБ-ан қаражат алды. Алынған қаражат АДБ-мен мақұлданған қазақстандық коммерциялық банктерде толығымен орналастырылды. 2019 жыл барысында Қор 61 миллион АҚШ доллары көлемінде АДБ-дан алынған қарызды өтеді (2018 жыл: 133 миллион АҚШ доллары). Қор басшылығы осы қарыздардың әділ құнын бағалай отырып кәсіби пайымдауды қолданды. Қор басшылығы қарыздар алу және несиелер беру бойынша мәмілелер жеткілікті деңгейде бірегей болып табылады деген тұжырымға келді, өйткені Қор да, АДБ да даму институттары болып табылады және нарықта мұндай мәмілелер жоқ. Тиісінше, мәмілелердің бағалары негізгі немесе аса тиімді нарық үшін қолданыстағы бағалар болып табыла отырып, мәміле бойынша шығындардың ескерілуімен кейіннен түзетуді қажет етеді. Осылайша, мәмілелердің бағалары бастапқы мойындау барысында берілген қарыз қаражаттары мен несиелердің әділ құнын білдіреді және ешқандай түзетулерді қажет етпейді (12 Ескертпе). 2020 жылғы 31 желтоқсанға Қор АДБ алдындағы барлық міндеттемелерін өтеді..

2019 жылы Қор «Бәйтерек» ҰБҚ» АҚ-дан 15 жылдық өтеу мерзімімен, 0,1% жылдық мөлшерлемемен 16 миллиард теңге көлемінде қарыз алды. Қор бұл қарызды - байланысты тараптың алдында бұрын шығарылған облигацияларды өтеу мақсатында алды. Басшылық валюталық тәуекелді, қарыздың қолданылу мерзімін және Қордың несиелік тәуекелін назарға ала отырып, осы қарыз бойынша нарықтық мөлшерлемені 10.65% деңгейінде есептеді. Алғашқы мойындау күнінде Қор 3,623,627 мың теңгеге тең сомадағы әділ құнды анықтады. Бұл ретте Қор басшылығы ХБЕС (IAS 20) және АСШ (SIC) 10 талаптарының барлығын талдап шығып, Қордың операциялық қызметімен белгілі бір өзара байланыс жоқ деген қорытындыға келді. Сәйкесінше, қарыздың әділ құны мен алынған ақша қаражаттарының арасындағы айырма - шын мәнінде мемлекеттік субсидияны емес, жалғыз акционерден меншікті капиталға жарна болып табылады. Сәйкесінше, Қор дисконтты - 9,901,100 мың теңге сомасындағы меншікті капиталдың құрамында кейінге қалдырылған салықтың ескерілуімен, акционерлермен жасалған операция ретінде мойындады. Бұл пайымды қолданған кезде басшылық қаржыландыру шеңберінде бұрын жұмсалған шығыстар мен шығынды өтеу бойынша шарт немесе өнеркәсіптік қандай да бір нақты секторында немесе аймақта қызметті жалғастыру үшін шарт болған жоқ деп тұспалдады.

***Шығарылған кепілдіктердің әділ құны***

2015 жылы Қор алынған қарыздар сомасына «Банк ЦентрКредит» АҚ-мен Еуропа қайта құру және даму банкінде (әрі қарай «ЕҚҚДБ») ашылған несие желілері бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ үшін кепілдіктер шығарды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ алған ЕҚҚДБ қарыздарының қалған бөлігі 15,687 миллион теңгені (2019 жыл: 29,407 миллион теңге) құрады. Қор басшылығы «Банк ЦентрКредит» АҚ-дан алынған 26,807 мың теңге (2019 жыл: 57,751 мың теңге) мөлшеріндегі есептелген комиссиялық табыс сомасына негізделген бұл кепілдіктердің оларды шығару

2016 жылы Қор ЕҚДБ-да «ForteBank» АҚ ашқан несиелік желілер бойынша алынған қарыздар сомасына «ForteBank» АҚ үшін кепілдіктер шығарды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ForteBank» АҚ ЕҚДБ бойынша қарыздардың қалдығы толық өтелді (2019 жылғы 31 желтоқсан: 19,243 миллион теңге). Қор басшылығы «ForteBank» АҚ-дан алынған есептелген комиссиялық кірістер сомасына негізделген осы кепілдіктердің әділ құнын 0 теңге мөлшерінде бағалады (2019 жылғы 31 желтоқсан: 5,684 мың теңге) (15 және 28 Ескертпелер).

2018 жылы Қор алынған қарыз мөлшерінде ЕҚҚДБ банкінде «Банк Kassa Nova» АҚ («ForteBank» АҚ ЕБ) ашқан несие желісі бойынша «Банк Kassa Nova» АҚ («ForteBank» АҚ ЕБ) үшін кепілдіктер шығарды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Банк Kassa Nova» АҚ («ForteBank» АҚ ЕБ) ЕҚДБ бойынша қарыздардың қалдығы толық өтелді (2019 жылғы 31 желтоқсан: 3,742 миллион теңге). «Банк Kassa Nova» АҚ-дан («ForteBank» АҚ ЕБ) алынған есептелген комиссиялық кірістер сомасы 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 0 теңгені құрады. (2019 жылғы 31 желтоқсан: 4,899 мың теңге) (15 және 28 Ескертпелер).

## 5 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерге көшу.

Төменде санамаланған қайта қаралған стандарттар 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап Қор үшін міндетті болды, бірақ Қорға елеулі әсер еткен жоқ:

***Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздеріне енгізілген түзетулер (2018 жылғы 29 наурызда шығарылған және 2020 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді)***

Жаңа редакциядағы қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздерінде бағалау туралы жаңа тарау, есептілікте қаржылық нәтижелерді көрсету бойынша ұсынымдар, жақсартылған анықтамалар мен ұсынымдар (атап айтқанда, міндеттемелердің анықтамасы) және қаржылық есептілікті дайындаудағы бағалаудың тұрлаусыздығы мен сақтық, басқарудың рөлі секілді маңызды мәселелер бойынша түсіндірмелер бар.

***Маңыздылықты анықтау – ХҚЕС (IAS) 1 мен ХҚЕС (IAS) 8-ге енгізілген түзетулер (2018 жылғы 31 қазанда шығарылған және 2020 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты әрекет етеді)***

Бұл түзетулер ХҚЕС-тың басқа стандарттарында бұрын ұсынылған анықтама бойынша ұсынымдарды енгізудің көмегімен осы ұғымның қолданылуы мен маңыздылықтың анықталуын нақтылайды. Сонымен қатар, осы анықтамаға арналған түсіндірмелер жақсартылды. Түзетулер сондай-ақ барлық ХҚЕС стандарттарында маңыздылық анықтамасын пайдаланудың біріздiлігін қамтамасыз етеді. Ақпарат елеулі болып табылады, егер де оның жіберіп алынуы, бұрмалануы немесе оны түсінудің қиындығы белгілі бір есеп беретін ұйым туралы қаржылық ақпаратты ұсынатын қаржылық есептілік негізінде жалпы тағайындалған қаржылық есептіліктің негізгі пайдаланушыларымен қабылданатын шешімдерге әсер етуі мүмкін деп орынды деңгейде күтілетін болса.

***Базалық пайыздық мөлшерлеме реформасы-ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IAS) 39 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулері (2019 жылғы 26 қыркүйекте шығарылған және 2020 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе осы күннен кейін күшіне енеді)***

Түзетулер LIBOR және басқа банкаралық ұсыныс ставкалары (IBOR) сияқты негізгі пайыздық мөлшерлемелерді ауыстырудан туындады. Түзетулер хеджирлеуді есепке алудың IBOR реформасына тікелей әсер ететін хеджирлеу қатынастарына арнайы талаптарын қолданудан уақытша босатуды көздейді.

***COVID-19-ға байланысты жалдау бойынша жеңілдіктерді есепке алу туралы 16 ХҚЕС (IFRS) түзету (2020 жылғы 28 мамырда шығарылды және 2020 жылғы 1 маусымда басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді)***

Түзету жалға алушыларға COVID-19-ға байланысты жалдау құқығын жалға берудің модификациясы болып табылатындығын бағалаудан қосымша босату түрінде жеңілдік береді. Жалға алушылар жалға беру бойынша жеңілдіктерді есепке алу нұсқасын осындай жеңілдіктер жалдаудың модификациясы болып табылмайтындай етіп таңдай алады. Бұл практикалық шешім тек COVID-19 пандемиясына байланысты тікелей берілген жалдау бойынша жеңілдіктерге қолданылады және барлық келесі шарттар орындалған жағдайда ғана қолданылады: жалдау төлемдеріндегі өзгеріс жалдау ақысын қайта қарауға әкеледі, осылайша ол өзгергенге дейін жалдау ақысын өтеу сомасынан аспайды; жалдау төлемдерінің кез-келген төмендеуі тек 2021 жылдың 30 маусымынан кешіктірмей төленетін төлемдерге әсер етеді; және басқа жалдау шарттарында айтарлықтай өзгерістердің болмауы.

## 6 Жаңа есеп ережелері

2021 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын және қор әлі мерзімінен бұрын қабылдамаған жылдық кезеңдер үшін міндетті болып табылатын бірқатар жаңа стандарттар мен түсіндірмелер жарияланды.

***Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді деп жіктеу – 1 ХҚЕС (IAS) түзетулер (2020 жылғы 23 қаңтарда шығарылды және 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді)***

Бұл түзетулер шектеулі қолдану саласы нақтылайды, бұл міндеттемелер сыныпталады қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді құқықтарына байланысты қолданыстағы есепті кезеңнің соңында. Егер ұйымның есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша оларды өтеуді кемінде 12 айға кейінге қалдыруға елеулі құқығы болса, міндеттемелер ұзақ мерзімді болып табылады. Стандарт басшылығы бұдан былай мұндай құқық сөзсіз болуы керек деген талапты қамтымайды. Ұйым басшылығының кейіннен өтеуді кейінге қалдыру құқығын пайдаланатындығына қатысты үміттері міндеттемелерді жіктеуге әсер етпейді. Төлемді кейінге қалдыру құқығы ұйым кезеңнің соңында қолданылатын барлық шектеу шарттарын сақтаған жағдайда ғана болады. Міндеттеме, егер шарт есепті күнге немесе оған дейін бұзылса, тіпті есепті кезең аяқталғаннан кейін кредитордан осындай шартты орындау міндетінен босату алынған жағдайда да қысқа мерзімді ретінде жіктеледі. Егер несиелік келісімнің шектеулі шарты есепті күннен кейін ғана бұзылса, Кредит ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі. Сонымен қатар, түзетулер ұйым оны меншікті капиталға айналдыру арқылы өтей алатын қарызды жіктеуге қойылатын талаптарды нақтылайды. «Өтеу» ақша қаражаты, экономикалық пайдаларды немесе ұйымның меншікті үлестік құралдарын қамтитын басқа да ресурстар нысанындағы есеп айырысу арқылы міндеттемелерді тоқтату ретінде айқындалады. Меншікті капиталға айырбастауға болатын, бірақ айырбастауға опцион құрамдастырылған қаржы құралының жеке компоненті ретінде үлестік құрал ретінде жіктелетін құралдар үшін ғана айырбасталатын құралдар үшін ерекшелік көзделген. Қазіргі уақытта Қор түзетулердің оның қаржылық есептілігіне қандай әсер ететінін бағалап жатыр.

***Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жіктеу – күшіне ену күнін ауыстыру - ХҚЕС (IAS) 1 түзетулері (2020 жылғы 15 шілдеде шығарылды және 2023 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді)***

Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді жіктеуге қатысты 1 ХҚЕС (IAS) түзетулер 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енудің бастапқы күнімен 2020 жылдың қаңтарында шығарылды. Алайда, COVID-19 пандемиясына байланысты, компанияларға ұсынымдарға түзетулер енгізу нәтижесінде жіктеуге байланысты өзгерістерді енгізуге көбірек уақыт беру үшін күшіне ену күні бір жылға ауыстырылды. Қазіргі уақытта Қор түзетулердің оның қаржылық есептілігіне қандай әсер ететінін бағалап жатыр.

***«Нысаналы пайдалану басталғанға дейін алынған кіріс», «ауыртпалық салу шарттары – шартты орындауға арналған шығындар», «тұжырымдамалық негіздерге сілтеме» – ХҚЕС (IAS) 16, ХҚЕС (IAS) 37 және ХҚЕС (IFRS) 3 – ке шектеулі қолданылу саласы бар түзетулер және 2018-2020 жылдардағы ХҚЕС (IFRS) 1, ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IFRS) 16 және ХҚЕС (IAS) 41 (IAS) түзетулер. 2020 жылғы 14 мамырда шығарылды және 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді)***

ХҚЕС (IFRS) 16 түзету ұйымдарға негізгі құралдар объектісінің құнынан ұйым осы активті болжамды пайдалануға дайындаған сәтте өндірілген объектілерді сатудан алынған қандай да бір кірістерді шегеруге тыйым салады. Мұндай объектілерді сатудан түскен кірістер оларды өндіруге жұмсалған шығындармен бірге енді пайда немесе шығын құрамында танылады. Ұйым осындай объектілердің құнын бағалау үшін ХҚЕС (IAS) 2 қолданатын болады. Құны мұндай сыналатын активтің амортизациясын қамтымайды, өйткені ол әлі пайдалануға дайын емес. 16 ХҚЕС (IFRS) түзетуінде ұйым осы активтің техникалық және физикалық тиімділігін бағалаған кезде «Активтің тиісті жұмыс істеуін тексереді» деп түсіндіріледі. Бұл активтің қаржылық тиімділігі мұндай бағалау үшін маңызды емес. Осылайша, актив басшылықтың ниетіне сәйкес пайдаланылуы мүмкін және ол басшылық күткен операциялық тиімділік деңгейіне жеткенге дейін амортизацияға жатады.

ХҚЕС (IAS) 37 түзетуінде «шартты орындауға арналған шығындар» ұғымына түсініктеме беріледі. Түзетуде шартты орындауға арналған тікелей шығындар осындай шартты орындауға арналған қосымша шығындарды қамтитыны түсіндіріледі; және шарттарды орындауға тікелей қатысты өзге де шығындарды бөлу. Осы түзетуде ауыртпалық салатын Шартқа жеке резерв құрылғанға дейін ұйым оны орындау үшін бөлінген активтер бойынша емес, шартты орындау кезінде пайдаланылған активтер бойынша шеккен құнсызданудан болған залалды танитыны түсіндіріледі.

## 6 Жаңа есеп ережелері (жалғасы)

ХҚЕС (IFRS) 3 оған бизнесті біріктіру кезінде актив немесе міндеттеменің нені білдіретінін анықтауға мүмкіндік беретін 2018 жылдың қаржылық есептілігінің тұжырымдамалық негіздеріне сілтеме қосумен толықтырылды. Осы түзету қабылданғанға дейін 3 ХҚЕС (IFRS) 2001 жылғы қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздерін көрсетуді қамтыды, бұдан басқа, 3 ХҚЕС (IFRS) міндеттемелер мен шартты міндеттемелерге қатысты жаңа ерекшелік қосылды. Бұл ерекшелік міндеттемелер мен шартты міндеттемелердің кейбір түрлеріне қатысты 3 ХҚЕС (IFRS) қолданатын ұйым 2018 жылдың қаржылық есептілігінің тұжырымдамалық негіздеріне емес, ХҚЕС (IAS) 37 немесе ХҚЕС (IFRIC) 21 түсіндірмесіне сілтеме жасауға тиіс екенін көздейді. Бұл жаңа ерекшелік болмаса, ұйым 37 ХҚЕС (IAS) сәйкес мойындамайтын бизнесті біріктіру кезінде кейбір міндеттерді мойындауы керек еді. Осылайша, сатып алғаннан кейін бірден ұйым мұндай міндеттемелерді мойындауды тоқтатып, экономикалық пайданы көрсетпейтін кірісті мойындауы керек еді. Сондай-ақ, сатып алушы сатып алу күніне ХҚЕС (IAS) 37 сәйкес айқындалатын шартты активтерді тануға міндетті емес екені түсіндірілді.

ХҚЕС (IFRS) 9-ға түзетуде қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату үшін «10%-дық тестілеуге» қандай төлемдерді енгізу керектігі туралы мәселе қаралады. Шығындар немесе төлемдер үшінші тараптардың немесе кредитордың пайдасына жүзеге асырылуы мүмкін. Осы түзетуге сәйкес үшінші тараптардың пайдасына шығындар немесе төлемдер «10%-дық тестілеуге» енгізілмейді.

ХҚЕС (IFRS) 16 қоса берілген 13 иллюстрациялық мысалға түзетулер енгізілді: жалға берушінің жалға алынған мүлікті жақсартуға қатысты төлемдерінің мысалы алынып тасталды. Бұл түзету жалдау бойынша ынталандырушы төлемдерді есепке алу әдісіне қатысты қандай да бір ықтимал түсінбеушілікті болдырмау үшін жасалған.

ХҚЕС (IFRS) 1 егер еншілес ұйым ХҚЕС-ті бас ұйымға қарағанда кешірек күннен бастап қолданса, босатуды қолдануға рұқсат береді. Еншілес ұйым өзінің активтері мен міндеттерін, егер бас ұйым аталған еншілес ұйымды сатып алған бизнесті біріктіру нәтижелерін шоғырландыру және көрсету мақсаттары үшін ешқандай түзетулер жасалмаса, негізгі ұйымның ХҚЕС-қа көшу күнін негізге ала отырып, негізгі ұйымның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілетін теңгерімдік құны бойынша бағалай алады. 1 ХҚЕС-қа (IFRS) түзету енгізілді, ол 1 ХҚЕС-та (IFRS) көзделген ерекшелікті қолданған ұйымдарға, сондай-ақ негізгі ұйымның ХҚЕС-қа көшу күні негізінде негізгі ұйым көрсеткен сомаларды пайдалана отырып, жинақталған бағамдық айырмаларды бағалауға мүмкіндік береді. ХҚЕС-қа (IFRS) 1-ге осы түзету ХҚЕС-ті алғаш қолданатын ұйымдардың шығындарын қысқарту үшін жоғарыда көрсетілген босатуды жинақталған бағамдық айырмаларға таратады. Бұл түзету ХҚЕС (IFRS) 1-де көзделген сол босатуды пайдаланған қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға да қолданылатын болады.

| **Жекелей құнсызданған (жалпы сома)** | | |
| - төлемді 360 күннен артық кешіктірумен | 124,528 | 124,528 |
| **Барлық жекелей құнсызданған (жалпы сома)** | **124,528** | **124,528** |
| Құнсыздануына байланысты резервті есепке алмағанда | (124,528) | (124,528) |
| **Барлық өзге қаржы активтері** | **1,279,886** | **1,279,886** |

2020 және 2019 жылдардағы құнсыздану бойынша резерв өзгерістерін талдау:

| | 2020 ж. | | | 2019 ж. | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| *Мың қазақстандық теңгемен* | Өзге қаржы активтері | Өзге активтер | Жиыны | Өзге қаржы активтері | Өзге актив-тер | Жиыны |
| 1 қаңтардағы құнсыздануға арналған резерв | 124,528 | 6,565 | 131,093 | 123,923 | 7,160 | 131,083 |
| | | | | - | - | - |
| Жыл ішінде құнсыздану резервіне бөлінген сомалар/ (резервті қалпына келтіру) | 51,556 | (2,817) | 48,739 | 3,829 | (595) | 3,234 |
| Жыл ішінде үмітсіз деп есептен шығарылған қаражат | (135,507) | - | (135,507) | (2,365) | - | (2,365) |
| Бағамдық айырма | 20,049 | - | 20,049 | (906) | - | (906) |
| 100% провизиямен активтерді қайта топтастырумен байланысты провизияны тасымалдау | 719 | - | 719 | 47 | - | 47 |
| **31 желтоқсандағы құнсыздануға арналған резерв** | **61,345** | **3,748** | **65,093** | **124,528** | **6,565** | **131,093** |

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзге активтердің құрамына 4,124 мың теңге сомасына мерзімі кешіктірілген дебиторлық берешек енгізілді (2019 жылғы 31 желтоқсан: 129,270 мың теңге), барлық дебиторлық қарыздың бір жылдан астам уақытқа мерзімі өтіп кеткен. Басқа қаржы активтерінің бағаланатын әділ құнына қатысты 29 Ескерптені қараңыз. Байланысты тараптармен операциялар бойынша ақпарат 31 Ескертпеде келтірілген.

## 12 Қарыз қаражаты

| *Мың қазақстандық теңгемен* | 2020 ж. 31 желтоқсан | 2019 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (6.57% - 6.71%) | 90,549,594 | 85,459,707 |
| Муниципалдық органдар (0.01% - 1%) | 65,507,184 | 62,664,664 |
| «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (2% - 5.5%) | 19,416,325 | 19,416,325 |
| Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі (0%) | 351,802 | 432,951 |
| Азиялық Даму Банкі (2.08% - 7.5%) | - | 66,328,552 |
| **Барлық қарыз қаражаты** | **175,824,905** | **234,302,199** |

2014 жылғы қазан айында Қор АДБ-дан 0.57% жылдық пайыз мөлшерлемесімен және 2019 жылғы қазан айында өтеу мерзімімен 122 миллион АҚШ доллары көлемінде қарыз алды. 2015 жылғы қазан айында Қор АДБ-дан 0.9207% жылдық пайыз мөлшерлемесімен және 2020 жылғы қыркүйек айында өтеу мерзімімен 228 миллион АҚШ доллары көлемінде қарыз алды. Барлық алынған қаражат АДБ-мен мақұлданған қазақстандық коммерциялық банктерде орналастырылды (4 Ескертпе). 2020 жыл ішінде Қор АДБ-дан 70,022,593 мың теңге мөлшерінде қарызды, оның ішінде 65,792,738 мың теңге мөлшерінде негізгі борышты және 4,229,854 мың теңге мөлшерінде сыйақыны өтеді. Қор 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде АДБ қарыздары бойынша валюталық шығыстарға ұшыраған жоқ (2019 жыл: 117,323 мың теңге мөлшерінде кірістер). 2020 жыл ішінде Қор АДБ-дан қарыз алған жоқ.

2014 жылғы сәуір айында Қор Бас компаниядан, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-дан 0,15% жылдық пайыздық мөлшерлемесімен және 2034 жылға дейін өтеу мерзімімен 100 миллиард теңге және сәйкесінше 50 миллиард теңге көлемінде қарыз алды. 2015 жылғы наурыз айында Қор Бас компаниядан нарықтағыдан төмен 0,15% жылдық мөлшерлемесімен және 2035 жылға дейін өтеу мерзімімен 50 миллиард теңге көлемінде қарыз алды. Қаражат өңдеуші өнеркәсіпте жұмыс жасайтын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін дамытуды қолдау жөніндегі бағдарламаға қатысу үшін мемлекетпен мақұлданған қазақстандық коммерциялық банктерде әрі қарай орналастыру мақсатында алынды. Барлық алынған қаражат коммерциялық банктерде орналастырылды (4 Ескертпе).

2019 жылы Қор «Бәйтерек» ҰБҚ» АҚ-дан 15 жылдық өтеу мерзімімен, 0,1% жылдық мөлшерлемемен 16 миллиард теңге көлемінде қарыз алды. Қор бұл қарызды - байланысты тараптың алдында бұрын шығарылған облигацияларды өтеу мақсатында алды. Басшылық валюталық тәуекелді, қарыздың қолданылу мерзімін және Қордың несиелік тәуекелін назарға ала отырып, осы қарыз бойынша нарықтық мөлшерлемені 10.65% деңгейінде есептеді. Алғашқы мойындау күнінде Қор 3,623,627 мың теңгеге тең сомадағы әділ құнды анықтады. Бұл ретте Қор басшылығы МСБУ (IAS 20) және ПКР (SIC) 10 талаптарының барлығын талдап шығып, Қордың операциялық қызметімен белгілі бір өзара байланыс жоқ деген қорытындыға келді. Сәйкесінше, қарыздың әділ құны мен алынған ақша қаражаттарының арасындағы айырма - шын мәнінде мемлекеттік субсидияны емес, жалғыз акционерден меншікті капиталға жарна болып табылады. Сәйкесінше, Қор дисконтты - 9,901,100 мың теңге сомасындағы меншікті капиталдың құрамында кейінге қалдырылған салықтың ескерілуімен, акционерлермен жасалған операция ретінде мойындады. Бұл пайымды қолданған кезде басшылық қаржыландыру шеңберінде бұрын жұмсалған шығыстар мен шығынды өтеу бойынша шарт немесе өнеркәсіптік қандай да бір нақты секторында немесе аймақта қызметті жалғастыру үшін шарт болған жоқ деп тұспалдады. 2020 жылы Қор жаңа қарыздар алған жоқ.

Муниципалдық органдардан алынған өзге қарыз қаражаттары бекітілген үкіметтік бағдарламаларға сәйкес шағын және орта бизнес кәсіпорындарының дамуын қаржыландыруды қолдау үшін коммерциялық банктерге қаражат ұсыну мақсатында алынды. 2020 жылдың ішінде Қор муниципалдық органдардан 4,825,113 мың теңге (2019 жыл: 15,434,359 мың теңге) мөлшерінде қарыз алды.

Қарыз қаражаттың әрбір санатының әділ құны туралы ақпарат 29 Ескертпеде келтірілген. Қарыз қаражаттың пайыздық мөлшерлемесін талдау 27 Ескертпеде келтірілген. Байланысты тараптармен операциялар бойынша ақпарат 31 Ескертпеде келтірілген.

## 13 Шығарылған борыштық құнды қағаздар

2020 жыл ішінде Қор 2023 жылға дейінгі мерзіммен 11,75% купондық мөлшерлемемен 200,000 мың теңге сомаға жасыл облигациялар шығарды.

Шығарылған борыштық құнды қағаздардың әр санатының әділ құнын бағалау бойынша ақпарат 29 Ескертпеде келтірілген. Шығарылған борыштық құнды қағаздардың пайыздық мөлшерлемелерінің талдауы 27 Ескертпеде келтірілген. Байланысты тараптармен шығарылған борыштық құнды қағаздармен операциялар бойынша ақпарат 31 Ескертпеде ашылған.

## 14 Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер

| *Мың қазақстандық теңгемен* | 31 желтоқсан 2020 ж. | 31 желтоқсан 2019 ж. |
|---|---|---|
| Банктер | 18,528,165 | 2,664,110 |
| Муниципалдық органдар | 5,673,171 | 3,201,661 |
| **Субсидиялау бағдарламасы бойынша барлық міндеттеме** | **24,201,336** | **5,865,771** |

Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелерді «ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті» РММ, «ҚР Ұлттық экономика министрлігі» ММ, БҰҰДБ-ЖЭҚ жобасын басқару комитеті және муниципалдық органдар орналастырады. Мұндай қаражат бұдан әрі «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» тұрғын үй коммуналдық дамыту мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ЕДБ кәсіпкерлердің сыйақы мөлшерлемесі бөлігінде субсидиялау үшін аударылады..

Әділ құнды бағалау туралы ақпараттар 29 Ескертпеде келтірілген. Шығарылған борыштық құнды қағаздардың пайыздық мөлшерлемелерінің талдауы 27 Ескертпеде келтірілген. Байланысты тараптармен шығарылған борыштық құнды қағаздармен операциялар бойынша ақпарат 31 Ескертпеде ашылған.

## 15 Келешек кезең табыстары мен міндетті несиелік сипаттағы резерв

| *Мың қазақстандық теңгемен* | Еск. | 31 желтоқсан 2020 ж. | 31 желтоқсан 2020 ж. |
|---|---|---|---|
| Қаржылық кепілдіктер (несиелік сипаттағы міндеттемелер резерв) | 28 | 24,585,176 | 1,246,384 |
| Қаржылық кепілдіктер бойынша келешек кезеңдердің табыстары | | 12,624,528 | 8,590,808 |
| **Барлық келешек кезең табыстары мен міндетті несиелік сипаттағы резерв** | | **37,209,704** | **9,837,192** |

Қаржылық кепілдіктер шағын және орташа бизнес үшін «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын жүзеге асыру аясында Қор шығарған кепілдікті білдіреді. Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес Үкімет тарапынан субсидияланады. Қазіргі таңда бағдарлама «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 тамыздағы №522 Қаулысына сәйкес «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» деп өзгертілген..2019 жылы бағдарлама ұзартылып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 968 қаулысына сәйкес «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына өзгертілді.

2015 жылы Қор алынған қарыздар сомасына «Банк ЦентрКредит» АҚ-мен Еуропа қайта құру және даму банкінде (әрі қарай «ЕҚҚДБ») ашылған несие желілері бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ үшін кепілдіктер шығарды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың ЕҚДБ қарыздары бойынша қалдығы 15,687 миллион теңгені (2019 жыл: 29,407 миллион теңге) құрады. Қор басшылығы шығарылған күні «Банк ЦентрКредит» АҚ-тан алынған есептелген комиссиялық кірістер сомасына негізделген осы кепілдіктердің әділ құнын 26,807 мың теңге сомасында бағалады (2019 жыл: 57,751 мың теңге) (28 Ескертпелер).

2016 жылы Қор ЕҚҚДБ-де «ForteBank» АҚ және «KMF» МҚҰ ашқан несие желісі бойынша ЕҚҚДБ-де «ForteBank» АҚ және «KMF» МҚҰ үшін алынған қарыз сомасына кепілдік шығарды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ForteBank» АҚ ЕҚДБ бойынша қарыздардың қалдығы толық өтелді (2019 жылғы 31 желтоқсан: 19,243 миллион теңге). Қор басшылығы «ForteBank» АҚ-дан алынған есептелген комиссиялық кірістер сомасына негізделген осы кепілдіктердің әділ құнын 0 теңге мөлшерінде бағалады (2019 жылғы 31 желтоқсан: 5,684 мың теңге) (28 Ескертпелер).

## 15 Келешек кезең табыстары мен міндетті несиелік сипаттағы резерв (жалғасы)

2018 жылы Қор алынған қарыз мөлшерінде ЕҚҚДБ банкінде «Банк Kassa Nova» АҚ («ForteBank» АҚ ЕБ) ашқан несие желісі бойынша «Банк Kassa Nova» АҚ («ForteBank» АҚ ЕБ) үшін кепілдіктер шығарды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Банк Kassa Nova» АҚ («ForteBank» АҚ ЕБ) ЕҚДБ бойынша қарыздардың қалдығы толық өтелді (2019 жылғы 31 желтоқсан: 3,742 миллион теңге). Қор басшылығы «Банк Kassa Nova» АҚ-дан («ForteBank» АҚ ЕБ) алынған есептелген комиссиялық кірістер сомасына негізделген осы кепілдіктердің әділ құнын 0 теңге мөлшерінде бағалады (2019 жылғы 31 желтоқсан: 4,899 мың теңге) (28 Ескертпелер).

Бағдарлама аясында Қор бағдарлама мен шағын немесе орташа бизнес координаторы арасындағы қаржы агенттігі болып табылады. Қорға жергілікті деңгейдегі бағдарлама координаторы төлейтін комиссия құны екінші бағыт бойынша қаржылық кепілдік сомасының 20%-ын және бірінші бағыт бойынша қаржылық кепілдік сомасынан 30% құрайды. Алынған комиссия құны шығарылған кепілдіктің қызмет көрсету мерзімінде тура табыстарға қатысты мерзімі ұзартылған табыстарға жатқызылады.

Келешек кезең табыстары мен несиелік сипаттағы міндеттемелер резервінің әділ құны туралы ақпарат 29 Ескертпеде келтірілген. Шығарылған борыштық құнды қағаздардың пайыздық мөлшерлемелерінің талдауы 27 Ескертпеде келтірілген. Байланысты тараптармен операциялар бойынша ақпарат 31 Ескертпеде келтірілген.

## 16 Өзге міндеттемелер

| *Мың қазақстандық теңгемен* | **31 желтоқсан 2020 ж.** | **31 желтоқсан 2020 ж.** |
|---|---|---|
| Кредиторлық берешек | 230,291 | 228,120 |
| Қаржылық жалдау | 178,498 | 307,785 |
| Есептелген міндеттемелер мен басқа кредиторлар | 125,339 | 127,320 |
| **Басқа міндеттемелер құрамындағы барлық қаржылық міндеттемелер** | **534,128** | **663,225** |
| Табыс салығын қоспағанда, төлеуге салынатын салықтар | 136,221 | 229,681 |
| Қызметкерлерге есептелген сыйақы шығындары | 112,888 | 124,507 |
| Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтер | 110,858 | 224,161 |
| Алынған алғытөлемдер | 82,905 | 120,383 |
| Басқа | 970 | 501 |
| **Барлық басқа міндеттемелер** | **977,970** | **1,362,458** |

Барлық жоғарыда көрсетілген міндеттемелер есептілік мерзімі аяқталғанда 12 ай ішінде қайтарылады. Басқа қаржылық міндеттемелердің әділ құны туралы ақпарат 29 Ескертпеде келтірілген. Шығарылған борыштық құнды қағаздардың пайыздық мөлшерлемелерінің талдауы 27 Ескертпеде келтірілген. Байланысты тараптармен операциялар бойынша ақпарат 31-ескертпеде келтірілген.

## 17 Акционерлік капитал

| *Мың қазақстандық теңгемен,акциялар санын қоспағанда* | **Айналымдағы акциялардың саны (мың дана)** | **Қарапайым акциялар** | **Жиыны** |
|---|---|---|---|
| 2019 жылғы 31 желтоқсанда | 27,462 | 72,920,273 | 72,920,273 |
| Шығарылған жаңа акциялар | 300 | 30,000,000 | 30,000,000 |
| **2020 жылғы 31 желтоқсанда** | **27,762** | **102,920,273** | **102,920,273** |

2020 жылғы 10 маусымда және 2020 жылғы 16 шілдеде Қордың Жалғыз акционерінің шешімімен Қордың акционерлік капиталы 20,000,000 мың теңгеге және 10,000,000 мың теңгеге ұлғайтылды. Акционерлік капитал күрделі экономикалық кезеңде қорды қолдау мақсатында және Қордың шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі бағдарламаларын одан әрі дамыту үшін ұлғайтылды.

2020 жылғы 13 мамырда Жалғыз акционердің жиналысында Қор 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға 1,141,243 мың теңге жалпы сомаға дивидендтер жариялады. Дивидендтердің барлық сомасы Жалғыз акционерге 2020 жылдың 28 мамырында төленді

## 18 Пайыздық табыстар мен шығындар

| *Мың қазақстандық теңгемен* | 2020 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|
| **Тиімді пайыздық мөлшерлемелер әдісі бойынша есептелген пайыздық табыстар** | | |
| Қаржы мекемелеріндегі қаражат | 20,642,976 | 20,163,713 |
| Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары | 4,291,500 | 1,607,032 |
| Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздар | 406,094 | 53,350 |
| Клиенттерге берілген несиелер мен алғытөлемдер | 329,800 | (67,468) |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздар | 141,474 | 840,373 |
| **Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық табыстың жиыны** | **25,811,844** | **22,597,000** |
| **Өзге ұқсас табыстар** | | |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар | 171,625 | 130,927 |
| **Өзге де осыған ұқсас барлық табыстар** | **171,625** | **130,927** |
| **Барлық пайыздық табыстар** | **25,983,469** | **22,727,927** |
| **Пайыздық шығындар** | | |
| Қарыз қаражаты | (10,783,400) | (9,574,988) |
| Шығарылған борыштық құнды қағаздар | (9,008) | (638,516) |
| Қаржылық жалдау бойынша пайыздарды төлеуге арналған шығындар | (21,778) | (34,363) |
| **Барлық пайыздық шығындар** | **(10,814,186)** | **(10,247,867)** |
| **Таза пайыздық табыстар** | **15,169,283** | **12,480,060** |

Қаржы мекемелеріндегі қаражаттар, клиенттерге берілетін қарыздар мен алғытөлемдер бойынша пайыздық табысқа нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемелермен берілген қарыздар бойынша дисконтты амортизациялаудан түскен 4,672,890 мың теңге (2019 жыл: 4,954,741 мың теңге) сомасындағы пайыздық табыс кіреді (4 Ескертпе).

Пайыздық шығын нарықтан төмен мөлшерлемеде алынған дисконт амортизациясының 5,298,218 мың теңге сомасындағы пайыздық шығындарды қамтиды (2019 жыл: 4,745,476 мың теңге).

## 19 Таза комиссиялық табыстар

| *Мың қазақстандық теңгемен* | 2020 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|
| Берілген кепілдіктер | 4,877,261 | 2,996,696 |
| Қаржы агентінің қызметтері | 828,605 | 884,083 |
| Кепілдік/қарсы кепілдік берілгені үшін комиссиялық шығындар | 9 | (3,001) |
| Кредитті мерзімінен бұрын өтеу бойынша комиссиялық шығындар | (909) | (65,080) |
| **Жиыны Комиссиялық табыстар** | **5,704,966** | **3,812,698** |

Комиссиялық табыс шығарылған кепілдіктер бойынша (15 Ескертпе), Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі ММ үшін субсидиялау қызметтерінен, «ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі комитеті» РММ (15 Ескертпе) және «Мемлекеттік дамыту мен қолдау» бағдарламасын іске асыру аясында енді бастаған кәсіпкерлерді қолдау жөніндегі қызметтерден түскен табыстан тұрады.

## 20 Қаржылық туынды құралдарымен орындалатын операциялардың шығыстарын есепке алмағандағы табыстар

| *Мың қазақстандық теңгемен* | 2020 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|
| Индекстелген төлемдер бойынша іске асырылған табыстар | - | 12,567,830 |
| Индекстелген төлемдер бойынша іске асырылмаған шығындар | - | 190,554 |
| Своп шарттары бойынша пайыздық шығындар | - | (225,927) |
| Своп операциялары бойынша іске асырылмаған шығындар | - | (12,545,812) |
| **Қаржылық туынды құралдарымен орындалатын операциялардың табыстарын есепке алмағандағы барлық шығындар** | **-** | **(13,355)** |

Индекстелген төлемдер бойынша іске асырылған табыс туынды қаржы құралдары бойынша позицияны жабу салдарынан түзілген. Пайыздық шығындар туынды қаржы құралдары бойынша 3% төлемнің салдарынан түзілген. Операцияның толық сипаттамасы мен қаржылық нәтижелерді бағалау есеп саясатын қолдану бойынша маңызды бағалауда және кәсіби пайымдауда – Туынды қаржы құралдарының және кейбір басқа қаржы құралдарының әділ құнында берілген (4-ші және 11-ші Ескертпелер).

## 21 Амортизацияланған құны бойынша бағаланған қаржы активтерін тануды тоқтатудан болған шығындарды есепке алмағандағы табыстар

2020 жыл ішінде Қор осы банктердің мүлкін, құнды қағаздарын және қарыз портфельдерін балансқа қабылдау арқылы екі банкке берілген қарыздарды тануды тоқтатты. Бұрын Қор осы қарыздарды бастапқы мойындау кезінде осы қарыздардың өмір бойы амортизацияланған залалды таныған болатын. Қордың активтерін беру жолымен мерзімінен бұрын өтеуге байланысты амортизацияланбаған дисконт амортизацияланған құны бойынша бағаланған қаржы активтерін 2,955,450 мың теңге сомасында тануды тоқтатудан түскен кірістер арқылы есептен шығарылды.

## 22 Қаржылық құралдарды нарықтағыдан төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы мойындау кезінде туындайтын таза шығын

| *Мың қазақстандық теңгемен* | 2020 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|
| Қаржы мекемелерінде құралдарды нарықтағыдан төмен мөлшерлемелер бойынша алғашқы мойындау кезінде туындайтын шығындар | (82,300) | (8,420,348) |
| Қарыз құралдарды нарықтағыдан төмен мөлшерлемелер бойынша алғашқы мойындау кезінде туындайтын табыстар | - | 301,811 |
| **Қаржылық құралдарды нарықтағыдан төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы мойындау кезінде туындайтын таза шығын** | **(82,300)** | **(8,118,537)** |

Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасы мен қаржылық нәтижелердің бағалауы Есеп саясатын қолдану бойынша маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар – Қаржы құралдарын нарықтағыдан төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы мойындау құжатында берілген (4 Ескертпе).

## 23 Жалпы және әкімшілік шығындар

| *Мың қазақстандық теңгемен* | 2020 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|
| Қызметкерлерді ұстау шығындары | 3,230,327 | 3,124,210 |
| Негізгі қаражат амортизациясы | 169,098 | 215,714 |
| Пайдалану құқығына арналған активтің амортизациясы | 153,486 | 143,751 |
| Жөндеу және техникалық қызмет көрсету | 110,176 | 283,910 |
| Табыс салығынан өзге салықтар | 96,320 | 58,853 |
| Материалдық емес активтер амортизациясы | 79,594 | 103,729 |
| Байланыс қызметтері | 73,000 | 59,842 |
| Күзет қызметтері | 58,221 | 45,768 |
| Брокер комиссиялары | 41,852 | 28,541 |
| Коммуналдық қызметтер | 34,771 | 33,332 |
| Іссапар шығындары | 33,710 | 88,206 |
| Оқыту | 27,518 | 62,801 |
| Материалдар | 27,012 | 40,318 |
| Заң және кеңес беру қызметтері | 25,726 | 47,701 |
| Көлік шығындары | 22,125 | 26,951 |
| Директорлар кеңесін ұстауға арналған шығыстар | 21,462 | 24,261 |
| Кеңсе керек-жарағы және типографиялық қызметтер | 13,182 | 14,998 |
| Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша шығындар | 11,877 | - |
| Банк комиссиялары | 10,282 | 9,038 |
| Жарнама және маркетинг | 9,550 | 1,431 |
| Сақтандыру шығындары | 2,449 | 51,718 |
| Жалдау | 202 | 18,269 |
| Басқа | 333,860 | 359,000 |
| **Барлық жалпы және әкімшілік шығындар** | **4,585,800** | **4,842,342** |
| Рекрутингке шығындар (аутсорсинг) | 534,029 | 505,289 |
| Жарнама және маркетинг | 67,577 | 156,748 |
| Жөндеу және техникалық қызмет көрсету | 45,104 | 23,945 |
| Кеңсе керек-жарағы және типографиялық қызметтер | 22,722 | 24,465 |
| Заң және кеңес беру қызметтері | 21,801 | 33,534 |
| Байланыс қызметтері | 9,947 | 13,717 |
| Күзет қызметтері | 3,843 | 6,759 |
| Материалдар | 3,254 | 5,935 |
| Жалдау | 2,246 | - |
| Көлік шығындары | - | 564 |
| Сақтандыру шығындары | - | 58 |
| Басқа | 4,437 | 35,562 |
| **Қордың бағдарламаларын іске асыру бойынша шығындар *** | **714,960** | **806,576** |

*Шығындардың бұл тобына - Қордың қызметін насихаттауға және Қордың қаржылық және бейқаржылық бағдарламаларын ілгері жылжытуға арналған жарнамалық-имидждік науқан бойынша, кәсіпкерлерді бейқаржылық қолдау бойынша, Қордың қаржылық және бейқаржылық бағдарламаларын сүйемелдеу жөніндегі кеңесшілерді жалдау бойынша шығыстар енгізілген.

## 24 Пайдаға салынатын салық

### *(а) Пайдаға салынатын салық бойынша шығындар компоненттері*

Жыл бойындағы пайдалар мен шығындар құрамында көрсетілген табыс салығы бойынша шығындар мына компоненттерді қамтиды:

| *Мың қазақстандық теңгемен* | 2020 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|
| Пайдаға салынатын салық бойынша ағымдағы шығындар | 4,203,423 | 4,331,802 |
| Кейінге қалдырылған салық салу | (2,778,222) | (3,954,521) |
| **Бір жылдық пайдаға салынатын салық бойынша шығындар** | **1,425,201** | **377,281** |

## 24 Пайда салығы (жалғасы)

### *(б) Салық шығындары сомасы мен пайдалар немесе шығындар сомасын қолданыстағы салынатын салық мөлшерлемесіне көбейтіп салыстыру*

2020 жылы Қор пайдасының көп бөлігіне қолданылатын ағымдағы салық мөлшерлемесі 20%-ды құрайды (2019 жыл: 20%). Төменде салық салудың нақты шығындарымен теоретикалық салық шығындарын салыстыру берілген:

| *Мың қазақстандық теңгемен* | **2020 ж.** | **2019 ж.** |
|---|---|---|
| Салық салуға дейінгі пайда | 6,188,081 | 4,181,424 |
| Заңнамамен белгіленген мөлшерлеме бойынша теориялық тұрғыдағы салық аударымдары (2020 ж.: 20%; 2019 ж.: 20%) | 1,237,616 | 836,285 |
| Салық мақсаттарында шегеріске жатпайтын табыстардың немесе шығындардың салық салдары: | | |
| - құнды қағаздар бойынша шегерілмейтін кірістер | (143,839) | (204,054) |
| - өзге шегерілмейтін табыстар | - | (279,389) |
| - өзге шегерілмейтін шығындар | 272,781 | - |
| - салықтық шығыстар бойынша өткен жылдың бағасын түзету | 58,643 | 24,439 |
| **Пайдаға салынатын салық бойынша шығындар за год** | **1,425,201** | **377,281** |

### *(в) Уақытша айырмалардың түрлері бойынша кейінге қалдырылған салықты талдау*

ХҚЕС және Қазақстан Республикасы салық заңы арасындағы айырмашылық қаржы есептілігін жасау және пайдаға салынатын салықты есептеу мақсатында активтердің теңгерімдік құны мен міндеттемелері арасындағы уақыт айырмашылығының туындауына әкеледі. Төменде осы уақыт айырмашылықтары қозғалысының салық салдары толық берілген. 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған мерзім ішіндегі уақыт айырмашылығы көлемінің өзгертілуі келесі түрде берілген:

| *Мың қазақстандық теңгемен* | **1 қаңтар 2020 ж.** | **Пайда мен шығын есебінен қалпына келтірілді/ (жатқызылды)** | **31 желтоқсан 2020 ж.** |
|---|---|---|---|
| **Салық салынатын базаны азайтатын/(ұлғайтатын) уақыт айырмаларының және салық шығынын келешек кезеңдерге ауыстырудың салықтық әсері** | | | |
| Клиенттерге берілген несиелер мен алғытөлемдер | 602 | 10,496 | 11,098 |
| Қаржы мекемелеріндегі қаражат: | 2,361,944 | 50,726 | 2,412,670 |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер | (144,926) | (27,897) | (172,823) |
| Дисконт: қарыз қаражаты және қаржы мекемелеріндегі қаражат | (2,064,587) | (356,531) | (2,421,118) |
| Несиелік сипаттағы міндеттемелер резерв | 6,768 | 1,785,352 | 1,792,120 |
| Исламдық қаржыландыру | - | 1,339,856 | 1,339,856 |
| Өзге міндеттемелер | 40,164 | (23,780) | 16,384 |
| **Таза кейінге қалдырылған салық активі** | **199,965** | **2,778,222** | **2,978,187** |
| Танылған кейінге қалдырылған салық активі | 2,409,478 | 3,162,650 | 5,572,128 |
| Танылған кейінге қалдырылған салық міндеттемесі | (2,209,513) | (384,428) | (2,593,941) |
| **Таза кейінге қалдырылған салық активі** | **199,965** | **2,778,222** | **2,978,187** |

## 24 Пайда салығы (жалғасы)

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған мерзім ішіндегі уақыт айырмашылығы көлемінің өзгертілуі келесі түрде берілген:

| *Мың қазақстандық теңгемен* | 1 қаңтар 2019 ж. | Пайда мен шығын есебінен қалпына келтірілді/ (жатқызылды) | Тікелей меншікті капитал құрамында қалпына келтірілді /(жатқызылды) | 31 желтоқсан 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| **Салық салынатын базаны азайтатын/ (ұлғайтатын) уақыт айырмаларының және салық шығынын келешек кезеңдерге ауыстырудың салықтық әсері** | | | | |
| Клиенттерге берілген несиелер мен алғытөлемдер | 8,102 | (7,500) | - | 602 |
| Қаржы мекемелеріндегі қаражат: | 2,466,970 | (105,026) | - | 2,361,944 |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер | (135,406) | (9,520) | - | (144,926) |
| Туынды қаржы құралдары | (2,507,089) | 2,507,089 | - | - |
| Дисконт: алынған қарыздар және қаржы мекемелеріндегі қаражат | (1,197,621) | 1,608,308 | (2,475,274) | (2,064,587) |
| Өзге міндеттемелер | 85,763 | (38,831) | - | 46,932 |
| **Таза кейінге қалдырылған салық активі/(таза кейінге қалдырылған салық міндеттемесі)** | **(1,279,281)** | **3,954,520** | **(2,475,274)** | **199,965** |
| Танылған кейінге қалдырылған салық активі | 2,560,835 | (160,877) | - | 2,409,478 |
| Танылған кейінге қалдырылған салық міндеттемесі | (3,840,116) | 4,115,397 | (2,475,274) | (2,209,513) |
| **Таза кейінге қалдырылған салық активі/(таза кейінге қалдырылған салық міндеттемесі)** | **(1,279,281)** | **3,954,520** | **(2,475,274)** | **199,965** |

## 25 Қаржы қызметінің нәтижесінде туындайтын міндеттемелерді салыстырып тексеру

Төмендегі кестеде әрбір ұсынылған кезең үшін, қаржы қызметінің нәтижесінде туындайтын Қор міндеттемелеріндегі өзгерістер ұсынылған. Берешек баптары қаржылық қызмет ретінде ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте көрініс тапқан.

| *Мың қазақстандық теңгемен* | Қаржылық қызмет бойынша міндеттемелер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ | ЖАО, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, МФ РК | Азиялық Даму Банкі | Шығарыл-ған борыштық облига-циялар | Қаржылық жалдау | Жиыны |
| 2019 жылғы 1 қаңтардағы қаржы қызметі бойынша міндеттемелер | 76,392,378 | 69,385,576 | 55,532,019 | 16,057,484 | - | 217,367,457 |
| Ақша қаражаттарының қозғалысы | 16,492,311 | 12,062,852 | 8,087,475 | (16,696,000) | (165,297) | 19,781,341 |
| Бағамдық айырмалар бойынша түзетулер | - | (3,431) | 117,323 | - | - | 113,892 |
| Ақша қаражаттарының қозғалысымен байланысы жоқ өзге өзгерістер | (7,424,982) | 1,068,943 | 2,591,735 | 638,516 | 473,082 | (2,652,706) |
| **2019 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы қызметі бойынша міндеттемелер** | **85,459,707** | **82,513,940** | **66,328,552** | **-** | **307,785** | **234,609,984** |
| Ақша қаражаттарының қозғалысы | (916,680) | 1,646,086 | (70,022,593) | 200,131 | (171,448) | (69,264,504) |
| Бағамдық айырмалар бойынша түзетулер | - | 32,494 | - | - | - | 32,494 |
| Ақша қаражаттарының қозғалысымен байланысы жоқ өзге өзгерістер | 6,006,567 | 1,082,791 | 3,694,041 | 9,008 | 42,161 | 10,834,568 |
| **2020 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы қызметі бойынша міндеттемелер** | **90,549,594** | **85,275,311** | **-** | **209,139** | **178,498** | **176,212,542** |

## 26 Сегменттік талдау

Операциялық сегменттер шаруашылық қызметті жүзеге асыратын компоненттер болып табылады, бұл ретте олар түсімді генерациялай алады немесе шығындармен байланысты болуы мүмкін, сегменттердің операциялық нәтижелерін операциялық шешімдерге жауапты басшы үнемі талдайды және операциялық сегменттер үшін жеке қаржылық ақпарат болады. Операциялық шешімдерге жауап беретін басшының міндеттерін Қордың Басқармасы орындайды.

### *(а) Сатудан әрбір есепті сегмент түсім алатын өнімдер мен қызметтердің сипаттамасы*

Қор қызметін екі негізгі операциялық сегмент шеңберінде жүзеге асырады:

- Өзге банктік операциялар – бұл сегмент шартты қарыздар беру үшін пайдаланылатын «ҚР Ұлттық Банкі» РММ-дегі ақшалай қаражатты, қаржы мекемелеріне, шағын және орта бизнеске берілген несиелерді және қаржылық кепілдіктер беруді қамтиды;
- Инвестициялық операциялар – ақша қаражатын және оның баламаларын, құнды қағаздарды және басқа банктердегі қаражатты (депозиттер) білдіреді;

## 26 Сегменттік талдау (жалғасы)

### *(б) Есепті сегменттердің пайдасы немесе шығыны, активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат*

Төмендегі кестеде 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін есептік сегменттер бойынша сегменттік ақпарат келтірілген:

| *Мың қазақстандық теңгемен* | Еск. | Жобалау операциялары | Инвестициялық операциялар | Жиыны |
|---|---|---|---|---|
| Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары | 7 | 37,249,670 | 49,901,596 | 87,151,266 |
| Қаржы мекемелеріндегі қаражат | 8 | 218,850,080 | 10,591,062 | 229,441,142 |
| Клиенттерге берілген несиелер мен алғытөлемдер | | 556,967 | - | 556,967 |
| Субсидиялау бағдарламасы бойынша дебиторлық берешек | | 162,139 | - | 162,139 |
| Борыштық құнды қағаздарға инвестициялар | 9 | - | 21,829,298 | 21,829,298 |
| **Барлық есепті сегменттің активтері** | | **256,818,856** | **82,321,956** | **339,140,812** |
| Қарыз қаражаты | 12 | 175,824,905 | - | 175,824,905 |
| Шығарылған борыштық құнды қағаздар | 13 | - | 209,139 | 209,139 |
| Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер | 14 | 24,201,336 | - | 24,201,336 |
| Келешек кезең табыстары мен міндетті несиелік сипаттағы резерв | 15 | 37,209,704 | - | 37,209,704 |
| **Есепті сегменттер міндеттемелерінің жиынтығы** | | **237,235,945** | **209,139** | **237,445,084** |
| Күрделі шығындар | | | | 202,596 |

Күрделі шығындар негізгі қаражатты сатып алуды білдіреді.

## 26 Сегменттік талдау (жалғасы)

| *Мың қазақстандық теңгемен* | Жобалау операциялары | Инвестициялық операциялар | Жиыны |
|---|---|---|---|
| Қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша пайыздық табыстар | 19,173,918 | 1,469,058 | 20,642,976 |
| Клиенттерге кредиттер және аванстар бойынша пайыздық табыстар | 329,800 | - | 329,800 |
| Борыштық құнды қағаздарға инвестициялар бойынша пайыздық табыстар | - | 719,193 | 719,193 |
| Ақша қаражаты және баламалары бойынша пайыздық табыстар | - | 4,291,500 | 4,291,500 |
| Қарыз қаражаты бойынша пайыздық шығындар | (10,783,400) | - | (10,783,400) |
| Шығарылған борыштық құнды қағаздар бойынша пайыздық шығындар | - | (9,008) | (9,008) |
| **Таза пайыздық табыстар** | **8,720,318** | **6,470,743** | **15,191,061** |
| Құнсыздануға резерв құру | (1,212,400) | 22,136 | (1,190,264) |
| **Құнсыздануға резерв құрғаннан кейінгі таза пайыздық табыстар** | **7,507,918** | **6,492,879** | **14,000,797** |
| Комиссиялық табыстар | 5,704,966 | | 5,704,966 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздардан шығындарды шегергендегі табыстар | - | 149,723 | 149,723 |
| Нарықтық бағадан төмен мөлшерлемелер бойынша активтерді бастапқы мойындау кезінде туындайтын таза шығын | (82,300) | - | (82,300) |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін мойындауды тоқтатудан болған шығындарды шегергендегі табыстар | 2,955,450 | - | 2,955,450 |
| Борыштық құнды қағаздардың құнсыздануы | - | (10,544) | (10,544) |
| Басқа активтердің құнсыздануына резервті қалпына келтіру/резервке аударымдар | (51,557) | 8,764 | (42,793) |
| Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервті қалпына келтіру/ резервке аударымдар | (11,344,898) | - | (11,344,898) |
| Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен табыстарды шегергендегі шығындар | 427,904 | (68,069) | 359,835 |
| Қор бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша шығындар | (714,960) | - | (714,960) |
| Жалпы және әкімшілік шығындар | (2,109,605) | (102,266) | (2,211,871) |
| **Сегмент нәтижелері** | **2,292,918** | **6,470,487** | **8,763,405** |

## 26 Сегменттік талдау (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін есептік сегменттер бойынша сегменттік ақпарат келтірілген:

| *Мың қазақстандық теңгемен* | Еск | Жобалау операциялары | Инвестициялық операциялар | Жиыны |
|---|---|---|---|---|
| Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары | 7 | 10,822,474 | 29,949,316 | 40,771,790 |
| Қаржы мекемелеріндегі қаражат | 8 | 262,780,937 | 11,836,365 | 274,617,302 |
| Клиенттерге берілген несиелер мен алғытөлемдер | | 97,495 | | 97,495 |
| Субсидиялау бағдарламасы бойынша дебиторлық берешек | | 16,779 | - | 16,779 |
| Борыштық құнды қағаздарға инвестициялар | 9 | - | 7,930,294 | 7,930,294 |
| **Барлық есепті сегменттің активтері** | | **273,717,685** | **49,715,975** | **323,433,660** |
| Қарыз қаражаты | 12 | 234,302,199 | - | 234,302,199 |
| Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер | 14 | 5,865,771 | - | 5,865,771 |
| Келешек кезеңдердегі табыс және несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв | 15 | 9,837,192 | - | 9,837,192 |
| **Есепті сегменттер міндеттемелерінің жиынтығы** | | **250,005,162** | **-** | **250,005,162** |
| Күрделі шығындар | | | | 100,047 |

Күрделі шығындар негізгі қаражатты сатып алуды білдіреді.

## 26 Сегменттік талдау (жалғасы)

| *Мың қазақстандық теңгемен* | Жобалау операциялары | Инвестициялық операциялар | Жиыны |
|---|---|---|---|
| Қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша пайыздық табыстар | 18,928,027 | 1,235,686 | 20,163,713 |
| Клиенттерге кредиттер және аванстар бойынша пайыздық табыстар | (67,468) | - | (67,468) |
| Борыштық құнды қағаздарға инвестициялар бойынша пайыздық табыстар | - | 1,024,650 | 1,024,650 |
| Ақша қаражаты және баламалары бойынша пайыздық табыстар | - | 1,607,032 | 1,607,032 |
| Қарыз қаражаты бойынша пайыздық шығындар | (9,574,988) | - | (9,574,988) |
| Шығарылған борыштық құнды қағаздар бойынша пайыздық шығындар | - | (638,516) | (638,516) |
| **Таза пайыздық табыстар** | **9,285,571** | **3,228,852** | **12,514,423** |
| Құнсыздануға резерв құру | 1,155,054 | (19,155) | 1,135,899 |
| **Құнсыздануға резерв құрғаннан кейінгі таза пайыздық табыстар** | **10,440,625** | **3,209,697** | **13,650,322** |
| Комиссиялық табыстар | 3,812,698 | - | 3,812,698 |
| Қаржы туынды құралдарымен операциялардан болған шығындарды есепке алмағандағы табыстар | (13,355) | - | (13,355) |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардан шығындарды шегергендегі табыстар | - | 54,425 | 54,425 |
| Нарықтық бағадан төмен мөлшерлемелер бойынша активтерді бастапқы мойындау кезінде туындайтын таза шығын | (8,118,537) | - | (8,118,537) |
| Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардың құнсыздануы | - | 87,544 | 87,544 |
| Басқа активтердің құнсыздануына резервті қалпына келтіру/резервке аударымдар | (3,829) | (3,383) | (7,212) |
| (Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервті қалпына келтіру/ резервке аударымдар | 607,810 | - | 607,810 |
| Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен табыстарды шегергендегі шығындар | (220,312) | (52,471) | (272,783) |
| Қор бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша шығындар | (806,576) | - | (806,576) |
| Жалпы және әкімшілік шығындар | (2,054,700) | (80,432) | (2,135,132) |
| **Сегмент нәтижелері** | **3,643,824** | **3,215,380** | **6,859,204** |

### *(с) Есепті сегменттердің кірісін, пайдасын немесе залалын, активтері мен міндеттемелерін салыстырып тексеру*

| *Мың қазақстандық теңгемен* | 2020 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|
| Барлық есепті сегменттің активтері | 339,140,812 | 323,433,660 |
| Негізгі құралдар | 2,361,265 | 2,448,957 |
| Материалдық емес активтер | 234,391 | 218,076 |
| Пайдаға салынатын салық бойынша ағымдағы міндеттемелерді алдын ала төлеу | 7,430,331 | 9,231,239 |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер | 250,217 | 330,533 |
| Өзге активтер | 8,678,500 | 1,841,123 |
| **Активтер жиыны** | **358,095,516** | **337,503,588** |

## 26 Сегменттік талдау (жалғасы)

| *Мың қазақстандық теңгемен* | 2020 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|
| Есепті сегменттер міндеттемелерінің жиынтығы | 237,445,084 | 250,005,162 |
| Өзге міндеттемелер | 977,970 | 1,362,458 |
| **Міндеттемелер жиыны** | **238,423,054** | **251,367,620** |

| *Мың қазақстандық теңгемен* | 2020 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|
| Сегмент нәтижелері | 8,763,405 | 6,859,204 |
| Жалпы және әкімшілік шығындар | (2,373,929) | (2,707,210) |
| Таза өзге операциялық шығындар | (201,396) | 29,430 |
| Салық салуға дейінгі пайда | 6,188,080 | 4,181,424 |
| Пайдаға салынатын салық бойынша шығындар | (1,425,201) | (377,281) |
| **Жыл ішіндегі пайда** | **4,762,879** | **3,804,143** |

Қор өзінің барлық табысын Қазақстанда алады. Қордың шет елдерде елеулі сыртқы клиенттері жоқ. Қордың операциялық сегменттері арасында айтарлықтай кірістері мен шығыстары жоқ. Қордың 2020 жылы алынған жалпы кірістің кемінде он пайызын құрайтын клиенттері жоқ.

## 27 Қаржы тәуекелдерін басқару

Тәуекелдерді басқару қор қызметінің негізінде жатыр және Қордың операциялық қызметінің маңызды элементі болып табылады. Қор тәуекелдерді тұрақты түрде оларды анықтау, мониторинг жасау, бағалау және бақылау процесі барысында, сондай-ақ, тәуекел мен басқа да ішкі бақылау жүйелеріне лимиттерді орнату арқылы басқарады. Тәуекелдерді басқару процесі Қордың тұрақты табысын сақтап қалу үшін өте маңызды болып табылады, сондықтан Қордың әрбір қызметкері оның міндеттемелерімен байланысты тәуекелдерді басқаруға жауапты. Баға тәуекелін, сыйақы мөлшерлемесі мен валюталық тәуекел өзгерістері тәуекелін, сондай-ақ, несиелік тәуекел мен өтемпаздық тәуекелін қамтитын нарық тәуекелі өз қызметтерін жүзеге асыру процесі кезінде Қорға кездесетін негізгі тәуекелдер болып табылады.

***Қордың тәуекелдерді басқару бойынша ережелері мен процедуралары***

Қордың тәуекелдерді басқару бойынша саясаты Қор ұшыраған тәуекелдерді анықтауға, талдауға және бақылауға, сәйкес басқару элементтері мен лимиттерді орнатуға, сондай-ақ, тәуекел деңгейлері мен олардың орнатылған лимиттерге сәйкестігін тұрақты бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару саясаты мен процедуралары нарық жағдайларының, ұсынылатын өнімдер мен қызметтердің және ең жақсы тәжірибеде көрсетілетін өзгерістерді көрсету мақсатында жүйелі түрде қайта қаралып тұрады.

Тәуекелдерді басқару стратегиясы Қордың жалғыз акционерінің тәуекелдерін басқару стратегиясына сәйкес жасалған Қор тәуекелдерін басқару саясатында берілген.

***Тәуекелдерді басқару саясатының мақсаттары мыналарды қамтиды:***

- Қорды бақылау элементі ретінде тәуекелдерді басқарудың тиімді кешенді жүйесін және біріктірілген процесін құру және тәуекелдерді басқарудың әдістері мен процедураларына жалғыз стандартталған әдіс негізінде Қор қызметін тұрақты түрде жетілдіріп тұру;
- Қордың өз қызметі ауқымына сәйкес қолайлы тәуекелдерді қабылдауын қамтамасыз ету; ұстау қабілетін анықтау және қабылданған тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету;
- Тәуекелдерді уақытында анықтау; және
- Шығындарды төмендетіп, ықтимал шығындарды жабуға жұмсалатын ағымдағы шығындарды азайту.

## 27 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

***Тәуекелдерді басқару құрылымы:***

Қор тәуекелдерін басқару құрылымы Қордың келесі органдары мен құрылымдық бөлімшелерін қатыстырумен бірнеше деңгейдегі тәуекелдерді басқарумен берілген: Директорлар кеңесі, Басқарма, Тәуекел менеджменті департаменті, Ішкі аудит қызметтері, алқа органдары мен басқа да құрылымдық бірліктер.

***Директорлар кеңесі***

Тәуекелдерді басқарудың алғашқы деңгейі Қордың Директорлар кеңесімен берілген. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару бойынша бақылау жүйесінің сәйкес қызметі, негізгі тәуекелдерді бақылау және тәуекелдерді корпоративтік бақылау жүйесі үшін жауапкершіліктің толық ауқымын көтереді. Директорлар кеңесі Қор қызметінің тапсырмаларын анықтайды және тәуекелдерді басқаруға, ұстау қабілетіне және қолайлы тәуекел параметрлеріне қатысты құжаттарды бекітеді.

***Басқарма***

Тәуекелдерді басқарудың екінші деңгейін Қор Басқармасы береді. Қор Басқармасы корпоративтік саясат талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйелерін және тәуекелдерді басқару құрылымдарын құру үшін жауапты. Басқарма тәуекелдерді басқару және Қор тәуекелдерін басқару философиясын көрсететін «тәуекелдерді түсіну» мәдениетін құру үшін жауапты. Сондай-ақ, Басқарма барлық қызметкерлерде тәуекелдерді басқару үшін анық жауапкершілік болатын және өз міндеттемелерін дұрыс орындауға жауапкершілік артылатын тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ендіруге де жауапты. Басқарма сәйкес комитеттерді құру арқылы тәуекелдерді басқару аясында өз функцияларының бөлігін орындауға уәкілетті.

***Несие комитеті***

Несие комитеті ішкі несиелік саясатты жүзеге асыру үшін жауапты Қордың тұрақты қызмет көрсетуші органы болып табылады. Несие комитетінің уәкілдігі Қор Басқармасы орнататын шектік көлем аясында шектеледі. Несие комитетінің негізгі тапсырмасы несиенің жоғарғы сапалы портфелін пішімдеумен жасалады.

***Активтерді және пассивтерді бақылау комитеті (АПБК)***

АПБК Басқармаға есеп беретін және Басқарма белгілеген уәкілеттік шеңберінде қызмет атқаратын Қордың тұрақты қызмет көрсетуші алқалы органы болып табылады. АПБК келесі негізгі мақсаттарға ие: Қордың активтері мен пассивтерін басқару шеңберінде уақытылы және сәйкес шешімдердің қабылдануын қамтамасыз ету; Қормен ынтымақтастық үшін серіктестерді тарту, жеткілікті қаржылық тұрақтылық деңгейін сақтау; Қордың тиімділігін арттыру және инвестициялық шешімдерді қабылдау барысындағы тәуекелдерді азайту.

***Тәуекел менеджменті департаменті***

Тәуекелдерді басқару процесінің үшінші деңгейін Тәуекел менеджменті департаменті береді. Тәуекел менеджменті департаментінің мақсаттары тәуекелдерді жалпы бақылау мен қолданыстағы заң талаптарына сәйкестікті бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ, жалпы принциптер мен анықтау, бағалау, бақылау және қаржылық және қаржылық емес тәуекелдер бойынша есеп беру әдістерінің жүзеге асырылуын бақылау қызметтерін қамтиды.

***Ішкі аудит қызметі***

Қордың ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару барысында тәуекелдерді басқару процедурасы мен тәуекелдерді бағалау әдістеріне аудиттерді жүргізеді, тәуекелдерді басқару процедурасының тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды өңдейді. Ішкі аудит қызметі Қордың Директорлар кеңесіне тәуекелдерді бақылау жүйесі бойынша есептерді береді және бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес басқа да функцияларды орындайды.

***Құрылымдық бірліктер***

Тәуекелдерді басқару құрылымындағы маңызды элементтердің бірі әрбір қызметкерге берілетін Қордың құрылымдық бірліктері болып табылады. Құрылымдық бірліктер (тәуекелдер иелері) тәуекелдерді басқару барысында маңызды рөл атқарады. Қор қызметкерлері күн сайын тәуекелдермен жұмыс істейді, тәуекелдерді басқарады және өз қызметтерінің сферасына тәуекелдердің ықтимал әсерін бақылайды. Құрылымдық бірліктер тәуекелдерді басқару бойынша жұмыс жоспарын жүзеге асыруға, қызмет көрсету аясындағы ірі тәуекелдерді уақытылы анықтауға және хабарлауға, жұмыс жоспарына қамтылу керек тәуекелдерді басқару бойынша ұсыныстарды дайындауға жауапты.

## 27 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

***Нарық тәуекелі***

Нарық тәуекелі – шетел валютасының айырбастау курсын, сыйақы мөлшерлемелерін, несие айырмасы мен акция бағаларын қамтитын нарықтық бағаның өзгеруі нәтижесінде Қор табысының және оның портфелі құнының өзгеру тәуекелі. Нарық тәуекелі валюталық тәуекелден, сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелінен, сондай-ақ, басқа да баға тәуекелдерінен тұрады. Нарық тәуекелі нарықтағы жалпы және айрықша өзгерістердің әсеріне ұшырайтын пайыздық, валюталық және үлескерлік қаржы құралдарына және нарықтағы бағалардың өзгеру деңгейіне қатысты ашық позицияларда туындайды.

Нарық тәуекелін басқару тапсырмасы қабылданған тәуекел үшін алынатын пайданың оңтайландырылуын қамтамасыз ету арқылы нарық тәуекеліне ұшырағыштықтың қолданыстағы параметрлер шеңберіне шығарылмауын басқару және бақылау болып табылады.

Нарық тәуекелін басқару үшін жалпы жауапкершілік Басқармаға, Басқарма төрайымына жүктеледі. Басқарма тәуекел менеджменті департаментінің ұсыныстарына негізделіп нарық тәуекелдерінің шектеулерін бекітеді.

Қор дербес қаржы құралдары бойынша портфельдің көлеміне қатысты ашық позициялар бойынша шектеулерді, сыйақы мөлшерлемесін өзгерту мерзімдерін, валюталық позицияны, шығындар шектеулерін орнату және нәтижелері Басқармамен қаралатын және бекітілетін, олардың орындалуын жүйелі бақылау арқылы нарық тәуекелін басқарады.

Сондай-ақ, Қор жеке ерекше нарық сценарийлерінің бөлек сауда портфельдері мен Қордың жалпы позициясына ықтимал қаржылық әсерін модельдеу үшін әртүрлі «стресс-тесттерді», «бэк-тестингті» қолданады. Стресс-тесттер төтенше жағдайларда орын алуы мүмкін ықтимал шығындардың мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді. Қор пайдаланатын стресс-тесттер мыналарды қамтиды: аясында тәуекелдің әрбір санаты күйзелістік өзгерістерге ұшырайтын тәуекел факторларының стресс-тесттері, сондай-ақ, ықтимал күйзелістік жағдайлардың бөлек орындарда қолданылуын қамтитын арнайы стресс-тесттер.

***Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі***

Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі – бұл сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруі нәтижесінде Қор табысының немесе қаржы құралдары портфелі құнының өзгеру тәуекелі.

Қор басым болатын нарықтық сыйақы мөлшерлемесінің оның қаржылық қалпы мен ақшалай ағындарына ауытқуларына әсер етуге бейімделген. Мұндай ауытқулар пайыздық маржаның деңгейін арттыра алады, дегенмен, оның төмендетуі немесе сыйақы мөлшерлемесі кездейсоқ өзгертілген жағдайда шығындарға ұшырауына әкелуі мүмкін.

Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі өтеу мерзімі белгілі бар немесе болжам жасалатын активтер өтеу мерзімі ұқсас бар немесе болжам жасалатын міндеттемелер көлемінен артық немесе кем болған жағдайда туындайды.

Пайыздық тәуекелді басқару шығындарды толығымен жабу принциптеріне негізделеді, алынған пайыздық пайда қаражатты қатыстыру және орналастыру шығындарының жабылуын және таза пайда мен бәсекеге жарамдылықтың алынуын қамтамасыз ету керек.

Пайыздық мөлшерлеме бойынша есеп активтердің, теңгерімнен тыс талаптардың міндеттемелерінің және олардың төлем күніне (тиянақталған мөлшерлеме кезінде) немесе келесі қайта бағалауға дейін қалған уақытқа (құбылмалы мөлшерлеме кезінде) байланысты уақыт аралықтары бойынша экономикалық біркелкі және маңызды тармақтарға топталған сыйақының пайыздық мөлшерлемесінің өзгеруіне сезімтал міндеттемелердің үлестірілуін береді. Уақыт аралықтары мен есепке алынатын активтердің, міндеттемелердің, теңгерімнен тыс талаптардың және міндеттемелердің тармақтары Қор Басқармасымен өзгертілуі мүмкін.

## 27 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі көбіне сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруін бақылау арқылы басқарылады. Негізгі қаржы құралдары бойынша сыйақы мөлшерлемесін қайта қарастыру мерзіміне қатысты қысқаша ақпараттың келесі әдіспен берілуі мүмкін:

| *Мың қазақстандық теңгемен* | Талап етілгенге дейін немесе 1 айдан аз | 1 және 3 ай аралығында | 3 және 6 ай аралығында | 6 және 12 ай аралы-ғында | 1 жыл және одан артық | Теңгерімдік құны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2020 ж. 31 желтоқсан** | | | | | | |
| Барлық қаржы активтері | 94,158,205 | 13,282,851 | 8,664,218 | 7,674,929 | 216,053,020 | 339,833,223 |
| Барлық қаржы міндеттемелері | (56,577,773) | (6,151,577) | (546,173) | (352,246) | (174,351,443) | (237,979,212) |
| **2020 жылғы 31 желтоқсандағы пайыздық мөлшерлеме бойынша таза алшақтық** | **37,580,432** | **7,131,274** | **8,118,045** | **7,322,683** | **41,701,577** | **101,854,011** |
| **2019 ж. 31 желтоқсан** | | | | | | |
| Барлық қаржы активтері | 49,423,436 | 7,909,555 | 7,612,552 | 52,444,501 | 207,323,502 | 324,713,546 |
| Барлық қаржы міндеттемелері | (14,282,695) | (2,594,661) | (923,341) | (65,982,765) | (166,884,925) | (250,668,387) |
| **2019 жылғы 31 желтоқсандағы пайыздық мөлшерлеме бойынша таза алшақтық** | **35,140,741** | **5,314,894** | **6,689,211** | **(13,538,264)** | **40,438,577** | **74,045,159** |

### *Орташа сыйақы мөлшерлемелері*

Келесі кесте 2020 және 2019 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесін көрсетеді. Бұл сыйақы мөлшерлемелері сәйкес активтер мен міндеттемелерді өтеуге қатысты шамаланған пайданы көрсетеді.

| *жылына %* | **2020 ж. Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі** | **2019 ж. Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі** |
|---|---|---|
| Пайыздық активтер | | |
| Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары | 4.02% | 4.70% |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық борыштық құнды қағаздар | 6.67% | 6.38% |
| Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестициялық борыштық құнды қағаздар | 7.95% | 15.45% |
| Қаржы мекемелеріне берілген несиелер | 8.40% | 8.41% |
| Исламдық қаржыландыру бағдарламалары шеңберінде берілген несиелер | 9.38% | - |
| Клиенттерге берілген несиелер мен алғытөлемдер | 13.58% | 12.85% |
| Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық борыштық құнды қағаздар | 8.00% | 8.00% |
| Өзге қаржы активтері | - | - |
| Пайыздық міндеттемелер | | |
| Қарыз қаражаты | 0.01-5.5% | 3.9% |
| Шығарылған борыштық құнды қағаздар | 11.75% | - |
| Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер | - | - |
| Келешек кезең табыстары мен міндетті несиелік сипаттағы резерв | - | - |
| Өзге қаржы міндеттемелері | 9% | 9% |

## 27 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

### *Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне қатысты сезімталдықты талдау*

Пайыздық мөлшерлемені қайта қарау мерзімдерін талдауға негізделген пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін басқару қаржы активтері мен міндеттемелерінің сезімталдығын бақылаумен толықтырылады. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әрекет ететін пайыздық активтер мен міндеттемелердің қайта қаралған позициялары мен пайыздық мөлшерлемесінің артуына немесе төмендеуіне қарай 100 базистік пунктте қиғаш пайданы параллель жылжытудың қарапайым етілген сценарийі негізінде жасалған пайданың немесе шығынның және капиталдың (салықтарды есепке алмағанда) пайыздық мөлшерлемесінің өзгеруіне сезімталдығын талдау мына түрде берілуі мүмкін.

| | 2020 жылғы 31 желтоқсанда | | 2019 жылғы 31 желтоқсанда | |
|---|---|---|---|---|
| *Мың қазақстандық теңгемен* | Пайдаға немесе шығынға әсер ету | Капиталға әсер ету | Пайдаға немесе шығынға әсер ету | Капиталға әсер ету |
| 100 базистік пунктке параллель арту (2019 ж.: 100 базистік пункт) | 151,693 | 121,354 | 124,801 | 99,840 |
| 100 базистік пунктке параллель төмендеу (2019 ж.: 100 базистік пункт) | (151,693) | (121,354) | (124,801) | (99,840) |

### *Валюталық тәуекел*

Валюталық тәуекел – валютаны айырбастау курсының өзгеруі нәтижесінде қаржы құралдары бойынша ақшалай қаражаттың әділ құнының немесе келешек ағынының өзгеру тәуекелі.

Валюталық тәуекел валютамен берілген бар немесе болжам жасалатын активтер сол валютада берілген бар немесе болжам жасалатын міндеттемелердің көлемінен артық немесе кем жағдайда орын алады. Қор Басқармасы валюталық тәуекелді бағалауды есепке ала отырып, шетел валютасында берілетін қаржы құралдары қиығындағы Қордың активтері мен пассивтері құрылымы бойынша шешім қабылдайды және ашық валюта позициясы көлеміне қолайлы валюталық тәуекел мен шектеу өлшемін орнатады.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша валюта қиығындағы қаржы активтері мен міндеттерінің құрылымы мына түрде берілуі мүмкін:

| *Мың қазақстандық теңгемен* | Теңге | АҚШ доллары | Басқа | Жиыны |
|---|---|---|---|---|
| **Қаржы активтері** | | | | |
| Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары | 87,150,122 | 652 | 492 | 87,151,266 |
| Борыштық құнды қағаздарға инвестициялар | 21,829,298 | - | - | 21,829,298 |
| Қаржы мекемелеріндегі қаражат | 226,004,505 | 3,436,637 | - | 229,441,142 |
| Субсидиялау бағдарламасы бойынша дебиторлық берешек | 162,139 | - | - | 162,139 |
| Клиенттерге берілген несиелер мен алғытөлемдер | 556,967 | - | - | 556,967 |
| Өзге қаржы активтері | 692,411 | - | - | 692,411 |
| **Барлық қаржы активтері** | **336,395,442** | **3,437,289** | **492** | **339,833,223** |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | |
| Қарыз қаражаты | 175,473,103 | 351,802 | - | 175,824,905 |
| Шығарылған борыштық құнды қағаздар | 209,139 | - | - | 209,139 |
| Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер | 24,201,336 | - | - | 24,201,336 |
| Келешек кезең табыстары мен міндетті несиелік сипаттағы резерв | 37,209,704 | - | - | 37,209,704 |
| Өзге қаржы міндеттемелері | 534,128 | - | - | 534,128 |
| **Барлық қаржы міндеттемелері** | **237,627,410** | **351,802** | **-** | **237,979,212** |
| **2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза позиция** | **98,768,032** | **3,085,487** | **492** | **101,854,011** |

## 27 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша валюта қиығындағы қаржы активтері мен міндеттерінің құрылымы мына түрде берілуі мүмкін:

| *Мың қазақстандық теңгемен* | Теңге | АҚШ доллары | Басқа | Жиыны |
|---|---|---|---|---|
| **Қаржы активтері** | | | | |
| Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары | 40,648,536 | 122,847 | 407 | 40,771,790 |
| Борыштық құнды қағаздарға инвестициялар | 7,930,294 | - | - | 7,930,294 |
| Қаржы мекемелеріндегі қаражат | 270,810,229 | 3,807,073 | - | 274,617,302 |
| Субсидиялау бағдарламасы бойынша дебиторлық берешек | 16,779 | - | - | 16,779 |
| Клиенттерге берілген несиелер мен алғытөлемдер | 97,495 | - | - | 97,495 |
| Өзге қаржы активтері | 1,279,886 | - | - | 1,279,886 |
| **Барлық қаржы активтері** | **320,783,219** | **3,929,920** | **407** | **324,713,546** |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | |
| Қарыз қаражаты | 233,869,248 | 432,951 | - | 234,302,199 |
| Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер | 5,865,771 | - | - | 5,865,771 |
| Келешек кезең табыстары мен міндетті несиелік сипаттағы резерв | 9,837,192 | - | - | 9,837,192 |
| Өзге қаржы міндеттемелері | 663,225 | - | - | 663,225 |
| **Барлық қаржы міндеттемелері** | **250,235,436** | **432,951** | **-** | **250,668,387** |
| **2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза позиция** | **70,547,783** | **3,496,969** | **407** | **74,045,159** |

Жоғарыда берілген туынды қаржы құралдары монетарлық қаржы активтері немесе монетарлық қаржы міндеттемелері болып табылады, бірақ Қордың жалпы тәуекелін беру мақсатында бөлек берілген.

Әрбір бағанда берілген туынды құралдар бойынша Қор позициясы әрбір контрагент бойынша неттинг позициясына (және төлемдерге) дейінгі сатып алу (оң сома) немесе сату (теріс сома) туралы келісімге келген сәйкес валютаның есептілік мерзімінің соңында әділ құнын көрсетеді. 27 Ескертпеде валюталар бойынша айыруда ашық берілген. Таза жалпы сома валюталық туынды қаржы құралдарының әділ құнын береді. Жоғарыда берілген талдау тек монетарлық активтер мен міндеттелерді қамтиды. Қор үлескерлік құралдарға салынатын инвестициялар мен монетарлық емес активтер айтарлықтай валюталық тәуекелдің туындауына әкелмейді деп есептейді.

Төмендегі кестеде барлық басқа ауыспалы сипаттар өзгеріссіз қалады деген есеппен, Қордың қолданыстағы валютасы үшін есептілік мерзімінің соңында қолданылатын айырбастау курстарының ықтимал өзгеруі нәтижесіндегі қаржы нәтижесі мен жеке капиталдың өзгеруі берілген:

| | **2020 жылғы 31 желтоқсанда** | | **2019 жылғы 31 желтоқсанда** | |
|---|---|---|---|---|
| *Мың қазақстандық теңгемен* | **Пайдаға немесе шығынға әсер ету** | **Капиталға әсер ету** | **Пайдаға немесе шығынға әсер ету** | **Капиталға әсер ету** |
| АҚШ долларының 18.47%-ға нығаюы (2019 ж.: 3.72%-ға нығаюы) | 569,889 | 569,889 | 130,087 | 130,087 |
| АҚШ долларының 18.47%-ға әлсіреуі (2019 ж.: 3.72%-ға әлсіреуі) | (569,889) | (569,889) | (130,087) | (130,087) |

## 27 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

### *Несие тәуекелі*

Несие тәуекелі – қарыз алушы немесе Қор контрагенті өз міндеттемелерін орындамау нәтижесінде орын алатын қаржылық шығын тәуекелі. Қор несие тәуекелін басқару саясаты мен процедураларын (теңгерімдік және теңгерімнен тыс позициялар бойынша) дайындады, ірі несиелер бойынша Директорлар кеңесінің және Басқарманың шешімін қабылдау уәкілеттігі анықталды, міндетіне орнатылған шектеулер аясында несиелерді беру туралы шешімді қабылдау, несиелердің құрылымын қайта құру, Қордың несиелік тәуекелін белсенді бақылау функциясы кіретін Несие комитеті құрылды. Қордың несиелік саясатын Қордың Директорлар кеңесі қарап шығып, бекітеді.

Қордың несиелік саясаты несие тәуекелдерін басқару тарапынан несиелік қызметтің негізгі параметрлерін орнатады және Қор кездесетін несие тәуекелдерін анықтауға, талдауға және бақылауға бағытталған.

Несие тәуекелдерін бақылау ережесі келесі сфераларды қамтиды:

- Несиелік өтініштерді қарастыру және мақұлдау процедуралары;
- Қарыз алушылардың (шағын және орташа бизнес кәсіпорындарының) несие төлеу қабілетін бағалау методологиясы;
- Несиелік құжатқа қойылатын талаптар;
- Банк-контрагенттердің, эмитенттердің және сақтандыру компанияларының несие төлеу қабілетін бағалау методологиясы;
- Ұсыныс жасалатын қамсыздандыруды бағалау методологиясы;
- Қор капиталының 25%-нан аспайтын мөлшерде жиынтық несие тәуекелі бойынша шектеулерді орнату;
- Несие тәуекелге ұшырайтын қарыздар мен басқа өнімдерді жүйелі түрде бақылау процедуралары.

Қордың несие тәуекелінің максималды деңгейі әдетте теңгерімдегі қаржы активтерінің теңгерімдік құнында көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу мүмкіндігі ықтимал несие тәуекелін төмендету үшін айтарлықтай мәнге ие емес. Қор басшылығы несиелік қарызды өтеу мерзімі бойынша бағалауды жүргізеді және мерзімі өтіп кеткен қарыздарды бақылап отырады. Басшылық 25-ескертпеде кредиторлық берешекті өтеу мерзімі бойынша талдауды және несие тәуекелі туралы басқа ақпаратты көрсетуді жөн көреді.

Теңгерімнен тыс қаржы құралдарына арналған несие тәуекелі басқа қатысушылардың келісімшарт шарттарын орындамауы нәтижесінде шығындарға ұшырау ықтималдығы ретінде анықталады. Қор шартты міндеттемелерге қатысты келісімдерді бекіту, тәуекелді шектейтін шектеулерді қолдану және мониторинг процедураларына негізделген теңгерімдік қаржы құралдарына қатысты несиелік саясатпен бірдей саясатты қолданады.

### *Несие тәуекелін басқару*

Несие тәуекелі Қор бизнесі үшін жалғыз ғана айтарлықтай елеулі тәуекелі болып табылады. Тиісінше, басшылық несие тәуекелін басқаруға аса көңіл бөледі.

Шектер. Қор бір қарыз алушыға немесе байланысты қарыз алушылар тобына шек орната отырып, несие тәуекелін қадағалайды. Басшылық контрагенттер мен өнімдер бойынша несие тәуекелінің шектерін үнемі бекітіп отырады. Мұндай тәуекелдер мониторингі үнемі жасалады, бұл ретте шектер жылына кемінде бір рет қайта қаралады.

Тәуекелдерді басқару мақсатында несие тәуекелдерін бағалау күрделі процесс болып табылады және модельдерді қолдануды қажет етеді, себебі тәуекел нарықтық жағдайларға, күтілетін ақша ағындарына байланысты және уақыт ағымымен өзгереді. Активтер портфелі бойынша несие тәуекелін бағалау дефолттың болу ықтималдығына, тиісті шығындылық коэффициентіне және контрагенттер арасындағы дефолт корреляциясына қатысты қосымша бағаларды қажет етеді.

## 27 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Контрагенттерге сыртқы рейтингтеді S&P, Moody's және Fitch секілді тәуелсіз халықаралық рейтингтік агенттіктер береді. Бұл рейтингтер ашық. Бұл рейтингтер және дефолттың болуы ықтималдығының тиісті диапазондары мына қаржы құралдарына қолданылады: борыштық құнды қағаздарға инвестициялар (мемлекеттік, корпоративтік және муниципальдық облигациялар, еурооблигациялар және сатып алынған вексельдер) және қаржы мекемелері берген қарыздар.

Төмендегі кестеде көрсетілгендей қаржы мекемелеріне дефолттың келу ықтималдығының диапазоны төменде берілген:

| | Сыртқы халықаралық рейтингтік агенттіктердің (S&P) тиісті рейтингтері | Дефолттың болу ықтималдығының тиісті интервалы |
|---|---|---|
| ***Бірыңғай шкала бойынша несие тәуекелінің деңгейі*** | | |
| Өте жақсы деңгей | AAA – BB+ | 0,00% - 0,65%; |
| Жақсы деңгей | BB+ – B+ | 0,66% - 2,42%; |
| Қанағаттанарлық деңгей | B, B- | 2,43% - 9,24%; |
| Арнайы мониторингті қажет етеді | CCC+ – CCC- | 9,25% - 99,9%; |
| Дефолт | C, D-I, D-II | 100% |

Бірыңғай шкала бойынша несиелік тәуекелдің әр деңгейіне төлеу қабілетінің белгілі бір деңгейі беріледі.

- *Өте жақсы деңгей* – төмен несиелік тәуекелге ие жоғары несиелік сапа.
- *Жақсы деңгей* – орташа несие тәуекелі бар жеткілікті несиелік сапа.
- *Қанағаттанарлық деңгей* – қанағаттанарлық несие тәуекелі бар орташа несиелік сапа.
- *Арнайы мониторингті қажет етеді* – аса мұқият мониторинг пен қалпына келтірушілік басқаруды қажет ететін несиелендіру тетігі.
- *Дефолт* – дефолт орын алған несие беру тетіктері.

***Күтілетін несиелік шығындарды (КНШ) бағалау***

Күтілетін несиелік шығындар дегеніміз – ықтималдықтың ескерілуімен өлшенген, келешектік кем алынған ақша қаражаттарының келтірілген құнын бағалау (яғни таразы ретінде белгілі уақыт кезеңінде дефолттың орын алуының тиісті тәуекелдерін пайдалана отырып, несиелік шығындардың орташа өлшенген шамасы). Күтілетін несиелік шығындардың бағасы объективті болып табылады және болжалды нәтижелер диапазонын есептеп шығару жолымен анықталады. Күтілетін несиелік шығындарды бағалау – Қормен пайдаланылатын төрт компоненттің негізінде орындалады: дефолттың ықтималдығы, дефолт тәуекеліне ұшыраған несиелік талаптың шамасы, дефолт жағдайындағы шығын және дисконттау мөлшерлемесі.

Дефолт сәтіндегі берешек – есепті кезең аяқталғаннан кейін тәуекел сомасында күтілген өзгерістердің ескерілуімен дефолттың келешек күнінде тәуекелдің бағалануы, соның ішінде қарыздың негізгі сомасы мен пайыздардың өтелуін, және несиелік міндеттемелер бойынша қаражаттың күтілген пайдаланылуын қоса алғанда. *Дефолт ықтималдығы (PD)* – белгілі уақыт кезеңі барысында дефолттың орын алу ықтималдығын бағалау. *Дефолт болған жағдайдағы шығын (LGD)* – дефолт кезінде туындайтын шығынның бағалануы. Ол шартта көзделген төлеуге жататын ақша ағындары мен кредитор алуға күтетін ағындардың арасындағы айырмаға негізделеді, соның ішінде қамтамасыз етуді сатудан туындайтындарын қоса алғанда. Әдетте бұл көрсеткіш дефолт сәтіндегі берешектің пайызы түрінде көрініс табады (EAD). Күтілген шығындар есепті кезеңнің соңына қарай келтірілген құнына дейін дисконтталады. Дисконттау мөлшерлемесі қаржы құралы бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені (ТПМ) немесе оның болжалды шамасын білдіреді.

Күтілетін несиелік шығындар құралдың бүкіл қолданылу мерзіміне үлгіленеді. Құралдың бүкіл қолданылу мерзімі – кенеттен мерзімінен бұрын өтеудің ескерілуімен (егер бұл орын алса) борышқорлық құралдарды өтеу мерзіміне дейін шарттың қолданылуының қалған мерзіміне тең. Қарыздар мен қаржы кепілдігі шарттарын ұсыну бойынша міндеттемелер үшін бұл – Қорда шартпен көзделген ағымдағы қарыз беру міндеті бар болатын, шартпен белгіленген кезең.

## 27 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

*«Бүкіл мерзімдегі күтілетін несиелік шығындар»* басқару үлгісінде қаржы құралын қолданудың қалған мерзімі барысында барлық болжалды дефолт уақиғаларының орын алуы нәтижесінде туындайтын *шығындар бағаланады*. «12 айлық күтілетін несиелік шығындар» үлгісі есепті кезеңнің соңынан бастап 12 ай бойы немесе егер бір жылдан кем болса – қаржы құралын қолданудың қалған мерзімі барысында болуы мүмкін, қаржы құралы бойынша дефолт уақиғасы орын алған жағдайда туындайтын, бүкіл мерзімдегі күтілетін несиелік шығындардың бір бөлігін білдіреді.

Қаржы есептілігін дайындау үшін күтілетін несиелік шығындардың басшылықпен бағалануы – әдетте реттеу мақсатында пайдаланылатын бүкіл циклдегі бағалаларға емес, белгілі уақыт сәтіндегі бағалаларға негізделген. Бағалауда *болжамды ақпарат* пайдаланылады. Осылайша, КНШ несие тәуекеліне әсер ететін ықтималдықтың ескерілуімен өлшенген негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгерістерін көрсетеді.

Құрылған немесе сатып алынған құнсызданған қаржы активтері (POCI) үшін КНШ үлгілеу дәл сондай жолмен орындалады, бірақ мыналарды қоспағанда: (а) жалпы теңгерімдік құны мен дисконттау мөлшерлемесі – шартта көзделген ақша ағындары негізінде емес, активті бастапқы мойындау сәтінде алынуы мүмкін болған ақша ағындары негізінде анықталатын болса, және (б) КНШ әрдайым бүкіл мерзімдегі КНШ-ға тегін болса. Құрылған немесе сатып алынған құнсызданған активтер дегеніміз – бұрын бизнесті біріктірудің нәтижесінде сатып алынған құнсызданған қарыздар секілді, бастапқы мойындау сәтінде құнсызданған қаржы активтері.

***Дефолттың ықтималдығын бағалау үшін Қор дефолтты – тәуекелге ұшырағыштығы төменде аталып өткен критерийлердің біріне немесе бірнешесіне сәйкес келетін жағдай ретінде анықтайды:***

- 90 күннен артық уақытқа мерзімін кешіктіру;
- Контрагенттің дефолт жариялауының жоғары ықтималдығы және/немесе контрагенттің банкрот болып танылуы;
- Контрагент берешегінің қайта құрылымдалуы;
- Тиісті қадағалаушы органмен контрагенттің лицензиясының қайтарып алынуы және/немесе тоқтатыла тұруы;
- Аталған берешек бойынша елеулі резервтердің құрылуы немесе берешектің есептен шығарылуы;
- Контрагентпен міндеттемелер бойынша ковенанттардың бұзылуы;
- Бір контрагенттің басқа құралдары бойынша дефолттың мойындалуы;
- Қаржылық қиындықтарға байланысты қаржы активі бойынша белсенді нарықтың жоғалуы;
- Қарыз алушының қаржылық қиындықтарына байланысты концессия туралы келісімнің жасалуы;
- Елеулі дисконтпен қаржы активтерінің құрылуы немесе сатып алынуы, бұл - контрагенттің дефолт болу уақиғасының куәлігі болып табылуы мүмкін;

Құрал бұдан былай дефолттық болып есептелмейді (яғни төлемдердің кешіктірілуі жойылған), егер ол дефолт критерийлерінің ешқайсысына сәйкес келмейтін болса.

Бастапқы мойындау сәтінен бастап несие тәуекелінің едәуір ұлғаюының (SICR) болуын немесе болмауын бағалау – жеке негізде де, қоржындық негізде де орындалады. Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша немесе амортизацияланған құны бойынша ескерілетін борыштық құнды қағаздар, қаржы мекемелеріндегі қаражат үшін кредит тәуекелінің едәуір ұлғаюы төменде көрсетілген критерийлерге мониторинг жасау жолымен жеке негізде бағаланады. Оған қатысты Қордың Тәуекел менеджменті департаменті олардың тиісті сипаты тұрғысынан несие тәуекелінің едәуір ұлғаю дерегін анықтау үшін пайдаланылатын критерийлерді тексеру мен мерзімді мониторинг жасауды жүзеге асырады. Егер қаржы активтері 30 күннен артық уақытқа кешіктірілген болса, бастапқы мойындау сәтінен бастап несие тәуекелінің едәуір ұлғаюы орын алады деген болжам жоққа шығарылмайды.

Қор несие тәуекелінің төмен бағалануымен байланысты өзгешелікті инвестициялық қаржы активтеріне қолдануды шешті. Осылайша, тәпті инвестициялық рейтингі бар активтер несие тәуекелінің едәуір ұлғаюының болуына қатысты бағаланбайды.

Қор келесідей бір немесе бірнеше сандық, сапалық немесе шектеушілік критерийлер орындалатын кезде қаржы құралы бойынша несие тәуекелінің едәуір ұлғаюы орын алады деп есептейді.

## 27 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Несие тәуекелінің едәуір ұлғаюын (SICR) бағалау үшін Қор келесі критерийлерді қолданады:

- Төлемдер бойынша мерзімін кешіктірудің болуы 30 күннен аспайтын мерзімді құрауы;
- Контрагенттің сыртқы несиелік рейтингінің төмендеуі;
- Қарыз алушының жағдайының нашарлауы туралы немесе қарыз алушы жұмыс істейтін индустриядағы мәселелер туралы қолжетімді көздерден алынған ақпарат;
- Қарыз алушының немесе эмитенттің басқа қаржы құралдары туралы ақпарат;

Осы қаржы есептілігінде мойындалатын, күтілетін несиелік шығындардың деңгейі бастапқы мойындау сәтінен бастап қарыз алушының несиелік тәуекелінің едәуір ұлғаюының болуына байланысты. Бұл тәсілдеме Күтілетін несиелік шығындарды бағалаудың үш кезеңдік үлгісіне негізделген. 1-кезең – бастапқы мойындау сәтінде құнсызданған болып табылмаған және осы сәттен бастап ол бойынша несие тәуекелінің едәуір ұлғаюы болмаған қаржы құралы үшін, несиелік шығындар бойынша бағалау резерві 12 айлық күтілетін несиелік шығындар негізінде құрылады. 2-кезең – егер бастапқы мойындау сәтінен бастап несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюы анықталған болса, қаржы құралы 2-кезеңге ауыстырылады, алайда әлі де құнсызданған болып есептелмейді, бірақ несиелік шығындар бойынша бағалау резерві бүкіл мерзімдегі күтілетін несиелік шығындар негізінде құрылады. 3-кезең – егер қаржы құралы құнсызданған болып табылса, ол 3-кезеңге ауыстырылады және шығындар бойынша бағалау резерві бүкіл мерзімдегі күтілетін несиелік шығындар негізінде құрылады. Активті 3-кезеңге ауыстырудың нәтижесінде ұйым жиынтық теңгерімдік құны негізінде пайыздық табысты мойындауды доғарады және пайыздық табысты есептеу кезінде теңгерімдік құнына – күтілетін несиелік шығындардың шегерілуімен, активтің тиімді пайыздық мөлшерлемесін қолданады.

Несие тәуекелінің едәуір ұлғаю критерийлерінің енді орындалмай жатқандығының айғағы бар болса, құрал 1-кезеңге кері ауыстырылады. Егер тәуекел сапа белгісі негізінде 2-кезеңге ауыстырылған болса, Қор оның сақталатынына немесе өзгеретініне көз жеткізу үшін осы белгіге мониторинг жасауды жүзеге асырады.

Сатып алынған немесе құрылған құнсызданған қаржы активтері бойынша Күтілетін несиелік шығындар әрдайым бүкіл мерзім үшін бағаланады. Осылайша, Қор бүкіл кезең үшін күтілетін несиелік шығындардағы жиынтық өзгерістерді ғана мойындайды.

Күтілетін несиелік шығындарды бағалау үшін Қор үш тәсілдемені қолданады: (i) жеке негізде бағалау; (ii) портфельдік негізде бағалау: несиелік портфельдің біртекті сегменттері үшін күтілетін несиелік шығындарды есептеу барысында несие тәуекелінің бірдей параметрлері қолданылады (мысалы, дефолт ықтималдығы, дефолт болған жағдайдағы шығын); (iii) сыртқы рейтингтер негізіндегі бағалау. Қор қаржы құралдарының келесі түрлері үшін қоржындық негізде бағалау жүргізеді: ШОБ-қа берілген қарыздар мен алғытөлемдер және қаржылық кепілдіктер. Бұл тәсілдеме қарыз алушылар туралы нақты ақпарат негізінде біртекті сегменттердегі қоржынды агрегаттауды қамтиды, мысалы, берешекті мерзімінде өтемеу.

Қор қаржы мекемелері, борыштық құнды қағаздар үшін, және ірі корпоративтік клиенттердің жанында сыртқы рейтингтер негізінде бағалауды орындайды.

Күтілетін несиелік шығындарды жеке негізде бағалау – әрбір нәтиженің ықтималдығына қатысты әртүрлі болжалды нәтижелердің үшін несиелік шығындарды өлшеу жолымен жүргізіледі. Қор бағалау периметріне енгізілген әрбір қаржы активі үшін кемінде екі болжалды нәтижені анықтайды, олардың бірі – осындай сценарийдің ықтималдығы төмен болуына қарамастан, несиелік шығынға алып келеді. Жеке бағалау, негізінен, тәжірибелі қызметкерлердің сарапшылық пайымдауларына негізделеді. Сарапшылық пайымдаулар – бағалаулар мен іс жүзіндегі шығындардың арасындағы айырманы азайту мақсатында сыналады.

Бағалау қоржындық негізде орындалатын болса, Қор тәуекелдерге ұшырағыштық кезеңдерін анықтайды және ұжымдық негізде шығындар бойынша бағалау резервтерін есептеп шығарады. Қор өзінің несие қоржынын – топ аясындағы несие қоржындары біртекті және ұқсас тәуекелдерді иемденетіндей жолмен несие тәуекелінің жалпы сипаттамалары негізінде анықталған сегменттер бойынша талдайды. Қаржы активтерінің негізгі жалпы сипаттамалары мыналарды қамтиды: клиенттің типі, бастапқы мойындау күні, өтеуге дейінгі мерзім, қамтамасыз ету сапасы және қаржы активінің сомасы мен қамтамасыз ету құнының арақатынасы (LTV). Әртүрлі сегменттер де несие тәуекелінің параметрлеріндегі өзгешеліктерді көрсетеді, мысалы, дефолт болу ықтималдығы және дефолт болған кездегі шығындар секілді. Тәуекелдерді басқару бөлімі тұрақты негізде топтарға бөлінудің тиісті сипатын тексеру мен мониторинг жасауды жүзеге асырады.

## 27 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Жалпы алғанда, күтілетін несиелік шығындар құралдың тиімді пайыздық мөлшерлемесінің пайдаланылуымен келтірілген құнына дейін дисконтталған несие тәуекелінің жоғарыда анықталған дефолт сәтіндегі берешек, дефолт ықтималдығы және дефолт болған кездегі шығындар секілді параметрлерінің туындысына тең. Күтілетін несиелік шығындар әрбір жекелеген қаржы активінің немесе жалпы сегменттің қолданылу мерзімі ішінде әрбір келешек ай / жыл үшін несие тәуекелін болжау жолымен анықталады (дефолт сәтіндегі берешек, дефолт ықтималдығы және дефолт болған кездегі шығындар). Осы үш компонент «аман қалу» ықтималдығының ескерілуімен алмасып тұрады және түзетіледі (яғни алдыңғы ай барысында қаржы активі өтелді ма, жоқ әлде дефолт орын алды ма). Бұл – әрбір келешек кезең үшін күтілетін несиелік шығындардың есептелуін іс жүзінде қамтамасыз етеді, ол кейіннен есепті кезеңге қайта дисконтталады және қосылады. Күтілетін несиелік шығындарды есептеу үшін пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесі бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның болжалды шамасын білдіреді.

Қазақстан Республикасы президентінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы тапсырмасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (әрі қарай – «ҚРҰБ») екінші деңгейлі банктердің активтерінің сапасын бағалауды (әрі қарай – «АСБ») жүргізеді. Тексеру периметріне 14 банк кірді: «Қазақстан халық банкі» АҚ, «Сбербанк России» АҚ Еншілес банкі, «Kaspi Bank» АҚ, «Fortebank» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «АТФБанк» АҚ, «Еуразиялық банк» АҚ, «First Heartland Jýsan Bank» АҚ, «Банк «Bank RBK» АҚ, «Альфа-Банк» Еншілес банкі АҚ, «Altyn Bank» АҚ, «Нұрбанк» АҚ, «Хоум Несие энд Финанс Банк» АҚ Еншілес банкі және «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ Еншілес ұйымы. Тексерудің негізді мақсаттары мыналар болып табылады:

- Банк жүйесінің жағдайы туралы толық және объективті суретті қалыптастыру;
- Қаржы секторының жоғары деңгейдегі орнықтылығы мен айқындығын қамтамасыз ету;
- Инвесторлар мен салымшылардың сенімін нығайту;
- Бухгалтерлік есеп пен пруденциялық реттеудің озық тәжірибесіне сәйкес банктердегі үдерістердің сапасын арттыру.

2020 жылғы ақпанда ҚРҰБ екінші деңгейлі банктердің сапасын бағалау бойынша алдын ала нәтижені шығарды. Осы талдауға сәйкес, 2019 жылғы 1 сәуірге жағдай бойынша, шоғырландырылған деңгейде (барлық қатысушы-банктердің нәтижелерінің агрегациясы) капитал тапшылығы байқалмайды. Бұған қоса, ҚРҰБ ОКА нәтижелерінің капиталға әсер етуге міндетті түрде әкелмейтінін немесе банктердің қаржылық есептіліктерінде міндетті түрде көрсетілмейтінін атап өтті. Қор басшылығы есептіліктің шығарылған күнінде мәлім болған бүкіл ақпараттың негізінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін резервтердің адекватты деңгейі құрылды деп есептейді. Қор барлық банктерді, лизингтік компанияларды және шағын-қаржы компанияларын егжей-тегжейлі талдауды жүргізеді және ОКА нәтижелері күтілетін несие шығындарын бағалау шеңберінде талданды.

### *Несие тәуекелінің параметрлерін есептеп шығарудың негізгі қағидаттары*

Дефолт сәтіндегі берешек өнімнің типіне қарай өзгеретін күтілген төлем графигі негізінде анықталады. Бір уақытта өтелуімен амортизацияланатын өнімдер мен қарыздар үшін дефолт сәтіндегі берешек 12-жылдық кезең үшін немесе бүкіл мерзім үшін шарт бойынша қарыз алушымен өтелуі тиіс сомалар негізінде анықталады. Бұл сондай-ақ қарыз алушы тарапынан күтілетін артық төлемнің ескерілуімен түзетіледі. Есепке сондай-ақ мерзімінен бұрын төлеу немесе қайта қаржыландыру туралы жорамалдар енгізіледі. Жаңғыртылмалы өнімдер үшін дефолт сәтіндегі берешек – қалған лимитті дефолт сәтіне, пайдаланылған қаражаттардың ағымдағы қалдығына күтілген пайдалануды ескеретін «несиелік конверсия коэффициентін» қосу жолымен болжанады. Бұл болжамдар өнімнің типіне, лимиттің ағымдағы пайдаланылуына және нақты контрагенттің басқа да жосықтық сипаттамаларына қарай өзгереді.

Күтілетін несиелік шығындарды есептеп шығару үшін дефолт ықтималдығының екі түрі пайдаланылады: 12 ай барысында дефолта ықтималдығы және бүкіл мерзімдегі дефолт ықтималдығы. Дефолттың 12-айлық ықтималдығын бағалау – өткен кезеңдердегі дефолт туралы қолда бар соңғы деректерге негізделеді және қажет болған жағдайда болжамдық ақпараттың ескерілуімен түзетіледі. Бүкіл мерзімдегі дефолт ықтималдығы қаржы құралын қолданудың қалған мерзімі барысында дефолттың орын алу ықтималдығының бағалауын ұсынады және құралдардың бүкіл қолданылу мерзімінде дефолттың 12-айлық ықтималдықтарының сомасы болып табылады. Бүкіл кезеңдегі дефолттың ықтималдығын есептеп шығару үшін Қор қаржы құралының типі мен сегментіне қарай әртүрлі статистикалық әдістерді пайдаланады, мысалы: миграция қалыптамасы негізінде дефолттың 12-айлық ықтималдығының экстраполяциясы, өткен кезеңдердегі дефолттар туралы деректердің негізінде бүкіл мерзімдегі дефолттың қисық ықтималдығын жасау, тәуекелдердің қарқындылығы әдісі немесе басқалар.

## 27 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Дефолт болған кездегі шығын дефолттық несие бойынша шығын мөлшеріне қатысты Қордың болжамын білдіреді. Дефолт болған кездегі шығын контрагенттің типіне, талаптың типі мен басымдылығына және кепілзаттың немесе өзге несиелік қамтамасыз етудің болуына байланысты. 12 ай үшін және бүкіл мерзім үшін дефолт болған кездегі шығындар дефолттың орын алуынан кейін күтілетін өтемге әсер ететін фаторлар негізінде анықталады. Дефолт болған кездегі шығынды бағалауға қатысты тәсілдеме үш болжалды әдіске бөлінуі мүмкін:

- қамтамасыз етудің нақты сипаттамалары негізінде дефолт болған кездегі шығынды бағалау;
- аталған халықаралық агенттіктерге дефолт болған жағдайда шығынды есептеп шығару;
- әртүрлі факторлар мен сценарийлерге қарай, дефолт болған жағдайда шығынды жеке анықтау.

Қор дефолт болған кездегі шығынды – қамтамасыз етудің болжамдық құны, өткен кезеңдердегі сату бағасына арналған жеңілдіктер және жылжымайтын мүлік нысандарымен және өтімді құнды қағаздармен қамтамасыз етілген қарыздарға қатысты өзге факторлар секілді, қамтамасыз етудің нақты сипаттамалары негізінде есептеп шығарады. Дефолт болған кездегі шығын ұжымдық негізде, қамтамасыз етумен және қамтамасыз етусіз корпоративтік несиелер қоржынының қалдығына қатысты несиелерді өндіріп алу туралы соңғы қолжетімді статистикалық деректердің пайдаланылуымен және халықаралық агенттіктердің деректері негізінде есептеп шығарылады.

***Қарыз ұсыну жөніндегі міндеттемелер мен қаржылық кепілдіктерге қатысты күтілетін несиелік шығындарды бағалау***

Осы құралдар бойынша күтілетін несиелік шығындарды бағалау – жоғарыда теңгерімдік тәуекелдер үшін сипатталған кезеңдерді қарастырады және дефолт сәтіндегі берешекті есептеп шығару бөлігінде өзгешеленеді. Дефолт сәтіндегі берешек несиелік конверсия коэффициенті (CCF) мен келешек операциялар бойынша шарттық міндеттемелер сомасының туындысы болып табылады ($ExOff$). Қаржылық кепілдіктер үшін несиелік конверсия коэффициенті дефолт сәтіндегі берешекті статистикалық талдау негізінде анықталады.

***Сыртқы рейтингтер негізінде бағалау қағидаттары***

Белгілі құралдарда несие тәуекелдерінің сыртқы рейтингтері бар, олар тиісті рейтинг агенттіктерімен жарияланған қаражаттарды өндіріп алу мен дефолттардың статистикасы негізінде «дефолт ықтималдығы» және «дефолт болған кездегі шығын» несиелік тәуекелінің параметрлерін бағалау үшін пайдаланылады. Бұл тәсілдеме қаржы институттарына берілген қарыздарға, қаржы институттарының пайдасына берілген кепілдіктер мен құнды қағаздарға қолданылады.

***Күтілетін несиелік шығындардың үлгісіне енгізілген болжамдық ақпарат***

Несие тәуекелінің едәуір артуын бағалау және Күтілетін несиелік шығындарды есептеп шығару – расталатын болжамдық ақпараттың енгізілуін тұспалдайды. Қор қаржы активтері бойынша іс жүзіндегі шығындар мен бағалаулардың арасындағы алшақтықтарды азайту үшін өз әдістемелері мен жорамалдарын үнемі тексеріп отырады.

Теңгерімнен тыс қаржы құралдарына арналған несие тәуекелі басқа қатысушылардың келісімшарт шарттарын орындамауы нәтижесінде шығындарға ұшырау ықтималдығы ретінде анықталады. Қор шартты міндеттемелерге қатысты келісімдерді бекіту, тәуекелді шектейтін шектеулерді қолдану және мониторинг процедураларына негізделген теңгерімдік қаржы құралдарына қатысты несиелік саясатпен бірдей саясатты қолданады.

***Өтімділік тәуекелі***

Өтімділік тәуекелі – Қор өз міндеттемелерін орындау мақсатында қаржы құралдарын қатыстыру қиындықтарымен қақтығысуы мүмкін тәуекел. Өтімділік тәуекелі өзінің теңгерімдік және теңгерімнен тыс міндеттемелеріне уақытылы жауап беру үшін, Қордың жеткілікті өтімділік құралдарының қолайлы бағамен қамтамасыз етілуіне әсер ететін активтерді және міндеттемелерді өтеу мерзіміне сәйкес келмеген жағдайда туындайды. Активтер мен міндеттемелер бойынша өтеу мерзімі мен пайыздық мөлшерлемесінің сәйкес келуі және/немесе бақыланатын сәйкес келмеуі Қорды қоса, қаржы институттарын бақылау кезіндегі негізін қалаушы мезет болып табылады. Орындалатын операциялардың және олармен байланысты анық еместік нәтижесінде активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімі бойынша толық сәйкестік қаржы институттары үшін операциялардың кірісін арттыруға мүмкіндік беретін қалыпты тәжірибе болып табылмайды, дегенмен, шығындардың орын алу тәуекелін арттырады.

## 27 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Қор өтеу мерзімі келген кезде барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақшалай қаражаттың әрдайым қолда болуын қамтамасыз ету мақсатында өтімділікті бақылауды жүзеге асырады. Өтімділікті бақылау саясатын Директорлар кеңесі бекітеді.

Қор Директорлар кеңесі бекіткен Қордың өтімділік шығыны тәуекелін бақылау ережесі аясында өтімділік тәуекелін басқарады. Ережелер өтімділікті жоғалту тәуекелін басқарудың негізгі процестері мен тәртіптерін анықтайды, сондай-ақ, өтімділікті жоғалту тәуекелін тиімді басқару және Қорда барлық міндеттемелерді жабу үшін жеткілікті қаражаттың болуын қамтамасыз ету мақсатында Қордың осы процеске қатыстырылған құрылымдық бөлімшелерінің функциялары мен уәкілдіктерін орнатады. Ережелерді барлық қызметкерлер, құрылымдық бөлімшелер және Қордың алқалы органдары орындауға міндетті.

Осы Ережелер аясында өтімділікті жоғалту тәуекелі келесі құралдардың/талдаушылық есептердің көмегімен өлшенеді және бақыланады: өтімділіктің реттеушілік және шарттық нормативтері; өтімді құралдардың ағымдағы қалдықтарын, өтімді құралдардың жоспарланатын ағындарын/ағып кетулерін талдау; өтімділіктің ішкі коэффициенттері; өтімділіктің алшақтықтары (гэп-талдау). Өтімді қаражаттың артықтығының немесе жетіспеушілігінің алдын алу үшін, Қордың активтерді және пассивтерді бақылау комитеті өтімді қаражаттарды қатыстыру және қолдану қызметін бақылайды. Қордың ағымдағы және қысқа мерзімді өтімділігін бақылау өтімді қаражаттың ағымдағы қалдықтарын және өтімді қаражаттың жоспарланатын кірістерін/шығыстарын талдау негізінде тәуекелдерді басқару үшін жауапты құрылымдық бөлімшесімен жүзеге асырылады. Орындалатын талдау негізінде көрсетілген бөлімше шоғырландырылған негізде «Активтер мен міндеттердің уақытша құрылымы» есебін жасайды және оны Қор Басқармасына береді.

Активтерді және пассивтерді басқару комитеті Қордың өтімділігін жоғалту тәуекелін азайту бойынша шараларды қабылдау үшін өтімділік тәуекелі деңгейін талдау арқылы өтімділік тәуекелін бақылайды. Ағымдағы өтімділікті ағымдағы өтімділікке қолдау көрсету және ақша ағындарын оңтайландыру үшін қаржы нарықтарында операцияларды жүзеге асыратын Қазынашылық басқарады.

Өтімділікті басқару бойынша Қор саясаты мыналардан тұрады:

- өтімді активтердің қажетті деңгейіндегі осы ақша ағындарымен байланысты негізгі валюта мен есептесу қимасындағы ақша ағындарын болжау;
- қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған құрылымдарына қолдау көрсету;
- қарыз қаражаттың концентрациясын және құрылымын басқару
- қарызды қаржыландыру бойынша жоспарларды дайындау;
- кассалық өтімділік үзілген жағдайда қорғаныс шарасы ретінде еркін қолдануға болатын жоғары өтімділік активтері потфеліне қызмет көрсету;
- өтімділікке және қаржыландырудың берілген деңгейіне қолдау көрсету бойынша резервтік жоспарларды дайындау;
- Қордағы теңгерімдік өтімділік көрсеткіштерінің заңмен орнатылған нормативтерге сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру.

Қазынашылық күн сайын қаржы нарықтарындағы өтімділік позициясына мониторинг жүргізеді. Қалыпты нарық жағдайларында Қордың өтімділік жағдайы туралы есептер жүйелі негізде жоғары басшылыққа беріліп отырады. Қордың өтімділігін басқару саясатына қатысты шешімді Басқарма және Қордың активтері мен пассивтерін бақылау жөніндегі комитет қабылдайды.

## 27 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Төмендегі кестеде өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың қаржылық міндеттемелері ұсынылған:

| *Мың қазақстандық теңгемен* | Талап етілгенге дейін немесе 1 айдан аз | 1 және 3 ай аралығында | 3 және 6 ай аралығында | 6 және 12 ай аралы-ғында | 1 жыл және одан артық | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2020 ж. 31 желтоқсан** | | | | | | |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | | | |
| Қарыз қаражаты | 722,583 | 142,697 | 893,055 | 961,032 | 306,277,816 | 308,997,183 |
| Шығарылған борыштық құнды қағаздар | - | - | - | - | 209,139 | 209,139 |
| Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер | 18,528,165 | 5,673,171 | - | - | - | 24,201,336 |
| Келешек кезең табыстары мен міндетті несиелік сипаттағы резерв | 61,398 | 700,439 | 2,227,283 | 31,651,234 | 160,056,039 | 194,696,393 |
| Өзге қаржы міндеттемелері | 380,888 | 26,933 | 41,162 | 85,145 | - | 534,128 |
| **Қаржы міндеттемелері бойынша барлық ықтимал келешек төлемдер** | **19,693,034** | **6,543,240** | **3,161,500** | **32,697,411** | **466,542,994** | **528,638,179** |

Төмендегі кестеде өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлігінде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың қаржылық міндеттемелері ұсынылған:

| *Мың қазақстандық теңгемен* | Талап етілгенге дейін немесе | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 6 айға дейін | 6 айдан 12 айға дейін | 1 жылдан астам | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2019 ж. 31 желтоқсан** | | | | | | |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | | | |
| Қарыз қаражаты | 1,374,720 | 1,192,048 | 1,846,266 | 69,439,684 | 305,985,236 | 379,837,954 |
| Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер | 2,664,104 | 2,555,940 | 600,000 | 45,727 | - | 5,865,771 |
| Келешек кезең табыстары мен міндетті несиелік сипаттағы резерв | 3,930,111 | 19,612,881 | 1,498,858 | 7,399,858 | 97,614,354 | 130,056,062 |
| Өзге қаржы міндеттемелері | 365,184 | 23,719 | 36,250 | 74,985 | 163,087 | 663,225 |
| **Қаржы міндеттемелері бойынша барлық ықтимал келешек төлемдер** | **8,334,119** | **23,384,588** | **3,981,374** | **76,960,254** | **403,762,677** | **516,423,012** |

## 27 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

